

ISSN 2959-1279

Volume 4
No.5
2026

QAZAQ

Journal of Young Scientist»





«QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST»

халықаралық ғылыми журналды

Vol.4, № 5, мамыр, 2026 жыл

2023 жылдың қаңтар айынан шығады

«Жаратылыстану ғылымдары», «Инжиниринг және технология», «Медицина және денсаулық сақтау», «Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары», «Әлеуметтік ғылымдар», «Гуманитарлық және өнер ғылымдары» салаларындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзекті мәселелері бойынша жас ғалымдардың мақалалары жарияланады.

Бас редактор: Смакова Н.С. – философия (PhD) докторы, ассистент-профессор, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ақпарат Комитетімен есепке қою туралы 09.12.2022 ж. №KZ13VPY00060905 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, Еуропа және Азия.
Журналдың тілі: қазақ, орыс, ағылшын

Меншік иесі және баспагер:
Жеке кәсіпкер «Мариям»

Мекен-жайымыз:
010000, Қазақстан, Астана қ., Әлихан Бөкейхан көш., 2
Тел.: 87009776087

Біздің сайт: qazaqjournal.kz
E-mail: qazaqjournal.01@gmail.com



«QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST»

международный научный журнал

Vol.4, № 5, май, 2026 год

Издается с января 2023 года

Публикуются статьи молодых ученых по актуальным проблемам фундаментальных и прикладных исследований в научных областях «Естественные науки», «Инжиниринг и технологии», «Медицина и здравоохранения», «Сельскохозяйственные и ветеринарные науки», «Социальные науки», «Гуманитарные науки и искусство».

Главный редактор: Смакова Н.С. – доктор (PhD) философии, ассистент профессора, Казахский университет технологии и бизнеса имени К. Кулажанова

Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет №KZ13VPY00060905 от 09.12.2022

Территория распространения: Республика Казахстан, Европа и Азия.

Языки журнала: казахский, русский, английский

Собственник и издатель:

Индивидуальный предприниматель «Мариям»

Наш адрес:

010000, Казахстан, г. Астана, ул. Алихан Бокейхан, д.2

Тел.: 87009776087

Наш сайт: qazaqjournal.kz

E-mail: qazaq.journal.01@gmail.com



«QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST»

International Scientific Journal

Vol.4, № 4S, May, 2026

Published since January 2023

Articles of young scientists are published on topical problems of fundamental and applied research in the field of physical, mathematical and technical sciences in the following directions:

«Natural Sciences», «Engineering and Technology», «Medicine and Public Health», «Agricultural and Veterinary Sciences», «Social Sciences», «Humanities and Arts»

Editor in chief:

Smakova N.S. – Doctor (PhD) of Philosophy, Assistant Professor,
Kazakh University of Technology and Business

The journal is registered by the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan - Certificate of registration issued by the Ministry No. KZ13VPY00060905 dated 09.12.2022

Distribution area: Republic of Kazakhstan, Europe and Asia.

Journal languages: Kazakh, Russian, English

Owner and publisher:

Individual entrepreneur «Mariyam»

Our address:

010000, Kazakhstan, Astana, Alikhan Bokeykhan street, 2
Tel.: 87009776087

Journal website: qazaqjournal.kz

E-mail: qazaq.journal.01@gmail.com

Мазмұны / Содержание / Content**Qazaq Journal of Young Scientist, Vol. 4, No.5, 2026**

БІЛІМ БЕРУ / ОБРАЗОВАНИЕ/ EDUCATION		
1	Рахитиева Гульбану Омерзаковна ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘМБЕБАП ОҚУ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУ	6
2	Мыңжасаров Жасұлан Бақытжанұлы ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСЕП ШЫҒАРУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ВИЗУАЛИЗАЦИЯНЫҢ РӨЛІ	13
3	Шиязбаев Төрегелді Жеткізгенұлы, Ғалымжан Әлсейіт Егерұлы КАФЕДРА ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ МЕКТЕПТЕР МЕН ЖОО-ЛАРДА ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ	22
4	Мұханбетсали Айдана Рүстемқызы ХИМИЯНЫ ОҚИТУДА ҮЙ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	31
5	Сейтмагамбетова Жанерке Ермекбайқызы ДИСКРЕТТІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ САПАСЫН ЖОБАЛЫҚ ОҚИТУ, ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ МОТИВАЦИЯ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ	40
6	Өмірбай Әсем Оразалықызы STEAM БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ	46
7	Болатпаев Жәнібек Жаңабайұлы ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚИТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	53
8	Мутан Рамазан Нұралыұлы, Камалова Мохида Зафарқызы, Досмұрат Диана Дінәсілқызы ФИЗИКА ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ: НАҚТЫ ТӘЖІРИБЕ МЕН ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ҮЙЛЕСІМІ	58
9	Нурланұлы Әли КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ ОПТИМИЗАЦИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ТУЫНДЫ КӨМЕГІМЕН ШЕШУДІ ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ	63
10	Алпан Фариза Бахтиярқызы НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ОҚИТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН БЕЙНЕСАБАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛІМДІК ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ	70
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР / СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ/ SOCIAL SCIENCES		
11	Жұмағалиқызы Асылзерде РАДИО-ШОУ ФОРМАТЫНДАҒЫ ТАҢҒЫ БАҒДАРЛАМА	79
12	Адалқызы Ақерке МОРМОН ШІРКЕУІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: ТАБЫС КӨЗДЕРІ МЕН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АҚШ КОНТЕКСТІНДЕ)	88
13	Raimbek Maulenov THE PROBLEM OF UNEMPLOYMENT AMONG THE YOUTH IN KAZAKHSTAN	94

14	<i>Сажинава Ақбота Рамазанқызы</i> РАДИОЖҮРГІЗУШІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ	99
15	<i>Аушайманов Жангир Шопбаевич</i> ОСОБЕННОСТИ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ ГЕНДЕРНЫХ МАРКЕРОВ ПРИ ПЕРЕВОДЕ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТОВ	109
ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ / ENGINEERING SCIENCES		
16	<i>Кожазулов Р.Р.</i> ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ОБНАРУЖЕНИЯ КИБЕРУГРОЗ В ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМАХ	121
17	<i>Halima NOORI & Matthew O. ADETOBA</i> ASSESSING AWARENESS PATTERNS ON RENEWABLE ENERGY TRANSITIONS PROMOTION IN AFGHANISTAN; A SCOPING REVIEW	131
18	<i>Muzafarova N.R., Sailaubekov N.T.</i> RISK ASSESSMENT AND MANAGEMENT IN RENEWABLE ENERGY PROJECTS IN KYRGYZSTAN	152
19	<i>Мусабекова К.А.</i> ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ТЕРЕҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ АУА РАЙЫ МЕН ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ БОЛЖАУДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ	160
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ / NATURAL SCIENCES»		
20	<i>Raiysova Kuralay Galymbekovna</i> QUANTITATIVE DETERMINATION OF PHENOLIC COMPOUNDS IN THE AERIAL PARTS OF <i>VERBASCUM ORIENTALE L.</i> GROWING IN THE EAST KAZAKHSTAN REGION	169
21	<i>Мақсұт Әлихан Аханұлы</i> ОРТОГОНАЛЬ ҚАТАРДЫҢ АБСОЛЮТТИ РИСС ҚОСЫНДЫЛАНУЫ	174
22	<i>Ерболатов Мақсат Жанатұлы</i> ЭЛЕКТРСТАТИКАЛЫҚ ОСЬТИ-СИММЕТРИЯЛЫ АУЫТҚУШЫ ӨРІСКЕ ИЕ СЕКТОРЛЫҚ ДЕФЛЕКТОРДЫ ӘЗІРЛЕУ	185
МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ / МЕДИЦИНСКИЕ НАУКИ И ЗДРАВООХРАНЕНИЕ / MEDICAL SCIENCES AND HEALTHCARE		
23	<i>Саденов Н.С., Сыздыкова М.Ж., Еримбетов Н.С.</i> СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ ФИТНЕСІ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАМАНДАР: БҮЛ САЛАДАҒЫ МАМАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	194
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ / HUMANITIES AND ARTS / SOCIAL SCIENCES		
24	<i>Есжанова Даяна Ерланқызы</i> ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА И ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ ТЕКСТОВ В ИНДУСТРИИ КРАСОТЫ (НА ПРИМЕРЕ M·A·C COSMETICS)	199
25	<i>Минжасова Карина Маратовна</i> ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ВЫСКАЗЫВАНИЯ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ: ПЕРЕВОДЧЕСКИЙ АСПЕКТ	204
26	<i>Akhmet Daniyal Zhanatuly.</i> BRIDGING THE SACRED AND THE ACCESSIBLE: A COMPARATIVE STUDY OF TRANSLATION STRATEGIES AND AUDIENCE RECEPTION IN MODERN BIBLICAL ADAPTATIONS	212

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>

ӘОЖ 37.016:53:004.9

**ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ
ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘМБЕБАП
ОҚУ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУЫ***Рахешева Гульбану Омерзаковна*

магистрант, Физика-техникалық факультет, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Мақалада физика пәнін оқыту барысында VASCAK платформасындағы виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерін дамыту мәселелері қарастырылады. Виртуалды зертханалардың оқушылардың танымдық белсенділігін, зерттеушілік қабілеттерін және цифрлық сауаттылығын дамытудағы рөлі сипатталды. Сонымен қатар VASCAK платформасында дайын әдістемелік тапсырмалардың болмауына байланысты виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Әзірленген тапсырмалар оқушылардың талдау жасау, салыстыру, қорытынды шығару және өзіндік зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Кілт сөздері: физика, виртуалды зертхана, VASCAK платформасы, әмбебап оқу әрекеттері, цифрлық технологиялар, зерттеушілік дағдылар, оқыту әдістемесі.

Кіріспе.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік қабілеттерін және әмбебап оқу әрекеттерін дамыту болып табылады. Білім алушылардың тек дайын ақпаратты қабылдауы жеткіліксіз, олар алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі қажет. Осыған байланысты физика пәнін оқытуда заманауи цифрлық технологияларды пайдалану ерекше маңызға ие.

Физика – тәжірибеге негізделген ғылым. Сондықтан физика сабақтарында зертханалық жұмыстардың рөлі маңызды орын алады. Алайда кейбір физикалық құбылыстарды мектеп жағдайында көрсету қиындық туғызады. Мұндай жағдайда виртуалды зертханалық жұмыстар тиімді құрал ретінде қолданылады. Виртуалды зертханалар оқушыларға тәжірибелерді қауіпсіз орындауға, процестерді бірнеше рет қайталауға және нәтижелерді талдауға мүмкіндік береді.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану оқушылардың танымдық, коммуникативтік және реттеушілік әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар олар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

Әмбебап оқу әрекеттерінің мәні

Әмбебап оқу әрекеттері – білім алушылардың өздігінен білім алуына, ақпаратты талдауына, мәселені шешуіне және оқу әрекетін ұйымдастыруына мүмкіндік беретін дағдылар жүйесі. Олар бірнеше түрге бөлінеді:

- *Танымдық әмбебап оқу әрекеттері* – ақпаратты іздеу, салыстыру, талдау, қорытынды жасау;
- *Коммуникативтік әрекеттер* – топпен жұмыс жасау, пікір алмасу, өз ойын дәлелдеу;
- *Реттеушілік әрекеттер* – оқу мақсатын қою, жоспарлау, бақылау және өзін-өзі бағалау.

Физика сабақтарында виртуалды зертханалық жұмыстар осы әрекеттердің барлығын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Виртуалды зертханалық жұмыстардың ерекшеліктері

Виртуалды зертханалық жұмыстар – компьютерлік модельдеу арқылы физикалық құбылыстарды зерттеуге арналған цифрлық білім беру ресурстары. Олар оқушыларға тәжірибені интерактивті түрде орындауға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалардың негізгі артықшылықтары:

- тәжірибелердің қауіпсіз орындалуы;
- күрделі процестерді визуализациялау;
- уақытты үнемдеу;
- тәжірибені бірнеше рет қайталау мүмкіндігі;
- қашықтан оқыту жағдайында қолдануға ыңғайлылығы;
- оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуы.

Физика сабақтарында виртуалды зертханаларды қолдану барысында оқушылар тәжірибе жүргізіп қана қоймай, нәтижелерді салыстырып, графиктер құрып, қорытынды жасайды. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Виртуалды зертханалық жұмыстар арқылы әмбебап оқу әрекеттерін дамыту

Виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар:

- тәжірибе мақсатын анықтайды;

- болжам жасайды;
- тәжірибе параметрлерін өзгертеді;
- алынған нәтижелерді талдайды;
- қорытынды жасайды.

Мысалы, механика бөлімін оқытуда виртуалды қозғалыс модельдерін пайдалану арқылы оқушылар дененің қозғалыс заңдылықтарын зерттейді. Электр құбылыстарын оқыту кезінде тізбек элементтерін өзгертіп, ток күші мен кернеудің тәуелділігін бақылай алады.

Осындай жұмыстар оқушылардың:

- зерттеушілік қабілеттерін;
- логикалық ойлауын;
- ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын;
- өзіндік білім алу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар виртуалды зертханалар оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, физика пәніне қызығушылығын күшейтеді.

VASCAK платформасын физика сабақтарында қолдану

Физика пәнін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру үшін қазіргі таңда әртүрлі цифрлық платформалар кеңінен қолданылуда. Солардың бірі – VASCAK Physics Animations платформасы. Бұл платформа физикалық құбылыстарды визуалды түрде көрсетуге арналған интерактивті модельдер мен анимациялар жинағынан тұрады. VASCAK платформасының ерекшелігі – физикалық процестерді көрнекі түрде көрсету арқылы оқушылардың абстрактілі ұғымдарды жеңіл түсінуіне мүмкіндік беруі. Платформада механика, молекулалық физика, электр және магнетизм, оптика, атомдық физика бөлімдері бойынша көптеген виртуалды зертханалық жұмыстар ұсынылған (1 -сурет).

VASCAK платформасының тағы бір ерекшелігі – сайт интерфейсін қазақ тілінде қолдану мүмкіндігі. Платформада тіл таңдау функциясы қарастырылған, сондықтан оқушылар виртуалды зертханалық жұмыстарды қазақ тілінде орындай алады.

VASCAK платформасында физикалық құбылыстарды визуализациялауға арналған көптеген интерактивті модельдер мен анимациялар ұсынылғанымен, виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауға арналған дайын тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулықтар толық қарастырылмаған. Осыған байланысты виртуалды зертханалық жұмыстарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану мақсатында арнайы әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

Әдістемелік нұсқауларда:

- виртуалды зертханалық жұмыстың мақсаты;
- қажетті теориялық мәліметтер;
- жұмысты орындау кезеңдері;
- бақылау сұрақтары;
- қорытынды жасауға арналған тапсырмалар енгізілді.



1-сурет. VASCAK Physics Animations платформасының басты беті


Сонымен қатар тапсырмалар оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға бағытталды. Атап айтқанда, оқушылардың:

- талдау жасау;
- салыстыру;
- зерттеу жүргізу;
- болжам ұсыну;
- қорытынды шығару дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Әзірленген әдістемелік нұсқаулар виртуалды зертханалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруға және оларды физика сабақтарында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Мысал. Физика сабақтарында әмбебап оқу әрекеттерін дамыту мақсатында VASCAK платформасындағы «Максвелл маятнігі» виртуалды зертханалық жұмысын қолдануға болады (2-сурет). Бұл тәжірибе энергияның сақталу заңын, айналмалы қозғалысты және механикалық энергияның түрленуін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар тәжірибе параметрлерін өзгертіп, физикалық шамалардың өзара тәуелділігін бақылай алады. Бұл олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.



2-сурет. Максвелл маятнігі

Қорытынды

Қорытындылай келе, виртуалды зертханалық жұмыстар физика пәнін оқытуда тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Оларды жүйелі қолдану оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға, зерттеушілік және танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға және оқушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Максвелл маятнігіне арналған виртуалды зертханалық жұмыс оқушылардың физикалық заңдарды терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар тәжірибе барысында оқушылардың зерттеушілік қабілеттері, талдау жасау дағдылары және әмбебап оқу әрекеттері дамиды. Виртуалды модельдерді қолдану физика сабақтарының көрнекілігін арттырып, оқу үдерісінің тиімділігін жоғарылатады. Болашақта виртуалды зертханалық жұмыстарды STEM технологияларымен кіріктіріп қолдану физика пәнін оқытудың сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асмолов А.Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе. – Москва: Просвещение, 2010. – 159 с.
2. Қараев Ж.А. Оқытудың педагогикалық технологиясы. – Алматы, 2013.
3. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2010.
4. Виноградова Е.С. Ситнова Е.В. Формирование универсальных учебных действий в курсе физики основной школ // Успехи современного

естествознания. 2012. № 5 С. 91-92 URL: <https://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=30132>

5. <https://www.vascak.cz/physicsanimations.php?l=kz>

РАЗВИТИЕ УНИВЕРСАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ВЫПОЛНЕНИЯ ВИРТУАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Рахисева Гульбану Омерзаковна

В статье рассматриваются вопросы развития универсальных учебных действий учащихся посредством использования виртуальных лабораторных работ платформы VASCAK при обучении физике. Описана роль виртуальных лабораторий в развитии познавательной активности, исследовательских способностей и цифровой грамотности обучающихся. Кроме того, в связи с отсутствием на платформе готовых методических заданий были разработаны методические указания по выполнению виртуальных лабораторных работ. Разработанные задания направлены на развитие навыков анализа, сравнения, формулирования выводов и самостоятельного проведения исследований.

Ключевые слова: физика, виртуальная лаборатория, платформа VASCAK, универсальные учебные действия, цифровые технологии, исследовательские навыки, методика обучения.

DEVELOPMENT OF STUDENTS' UNIVERSAL LEARNING ACTIVITIES THROUGH PERFORMING VIRTUAL LABORATORY WORKS IN PHYSICS LESSONS

Rakhisheva G.O.

The article discusses the development of students' universal learning activities through the use of virtual laboratory works on the VASCAK platform in physics education. The role of virtual laboratories in developing students' cognitive activity, research skills, and digital literacy is described. In addition, due to the lack of ready-made methodological tasks on the platform, methodological guidelines for performing virtual laboratory works were developed. The developed tasks are aimed at enhancing students' skills in analysis, comparison, drawing conclusions, and conducting independent research.

Keywords: physics, virtual laboratory, VASCAK platform, universal learning activities, digital technologies, research skills, teaching methodology.

REFERENCES

1. Asmolov, A.G. Formation of Universal Learning Activities in Basic School. Moscow: Prosveshcheniye, 2010. 159 p.
2. Karaev, Zh.A. Pedagogical Technology of Teaching. Almaty, 2013.
3. Polat, E.S. Modern Pedagogical and Information Technologies in Education. Moscow: Akademiya, 2010.
4. Vinogradova, E.S., Sitnova, E.V. “Formation of Universal Learning Activities in the Physics Course of Basic School.” Advances in Current Natural Sciences, 2012, No. 5, pp. 91–92.
5. <https://www.vascak.cz/physicsanimations.php?l=kz>

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST**2026, Vol.4, No. 5 (May)**<https://qazaqjournal.kz/>

ӘӨЖ 37.016:53:004

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСЕП ШЫҒАРУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ
ВИЗУАЛИЗАЦИЯНЫҢ РӨЛІ*****Мыңжасаров Жасұлан Бақытжанұлы***

7M01501-Физика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты,
Физика-техникалық факультеті, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
зерттеу университеті» КеАҚ, Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Балтабеков Асхат Секербайұлы

Бұл мақалада оқушылардың есеп шығару дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы ретінде визуализация әдісінің педагогикалық және когнитивтік мүмкіндіктері кешенді түрде қарастырылады. Қазіргі білім беру кеңістігінде есеп шығару тек алгоритмді орындау емес, логикалық ойлау, кеңістіктік елестету және абстрактілі ұғымдарды саналы түрде түсіну үдерісі ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда визуализация әдістері оқу материалын қабылдауды жеңілдетіп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Мақалада визуализацияның есеп шығару үдерісіндегі орны, оның логикалық-математикалық және кеңістіктік ойлауды дамытуға әсері, сондай-ақ оқу жетістіктеріне ықпалы ғылыми еңбектер негізінде талданады. Әдебиеттерге жүргізілген шолу визуализацияға негізделген оқыту стратегияларының есеп шығару тиімділігін арттыратынын көрсетеді. Сонымен қатар мақалада визуализацияны жүйелі қолданудың оқу нәтижелерін жақсартудағы практикалық маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: визуализация, есеп шығару дағдылары, математикалық ойлау, кеңістіктік елестету, оқыту әдістемесі.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде есеп шығару дағдылары оқушылардың интеллектуалдық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Математика мен жаратылыстану пәндерінде есеп шығару тек

формуларды қолдану емес, күрделі логикалық операцияларды, модельдеуді және абстрактілі ойлауды талап етеді. Алайда көптеген оқушылар үшін есептің шартын түсіну, берілген ақпаратты жүйелеу және шешу жолын анықтау айтарлықтай қиындық тудырады. Бұл қиындықтардың бір себебі оқу материалын қабылдауда көрнекіліктің жеткіліксіз қолданылуымен байланысты. Осы жағдайда визуализация әдістері оқушылардың есеп шығару әрекетін жеңілдететін маңызды педагогикалық құрал ретінде алға шығады. Визуалды бейнелер арқылы есептің құрылымын түсіну, берілгендер арасындағы байланысты көру және шешім стратегиясын қалыптастыру оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында педагогика, математика және жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми еңбектерге теориялық талдау жүргізілді. Әдебиеттерді іріктеу барысында визуализацияның есеп шығару дағдыларына әсерін зерттеген эмпирикалық және шолу сипатындағы еңбектер басшылыққа алынды. Ғылыми деректерді салыстырмалы талдау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде когнитивтік психология мен педагогикалық әдістеме тұжырымдамалары ескерілді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде визуализация әдісінің есеп шығару үдерісіндегі орны ерекше мәнге ие болып отыр. Ғылыми еңбектерде көрнекі бейнелерді қолдану оқушылардың ойлау әрекетін белсендіретін әмбебап когнитивтік құрал ретінде қарастырылады. Визуализация арқылы оқушы есептің шартын тек мәтіндік деңгейде емес, бейнелік формада қабылдайды, бұл ақпаратты өңдеудің терең деңгейін қамтамасыз етеді. Зерттеулерде визуализация математикалық ұғымдарды нақтылауға, есептің ішкі құрылымын түсінуге және абстрактілі символдарды мағыналық жүйеге біріктіруге мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Ғылыми деректер визуалды модельдер арқылы оқушылар есептің негізгі элементтерін айқындап, берілгендер арасындағы логикалық байланысты көрнекі түрде анықтай алатынын дәлелдейді. Мұндай тәсіл есеп шығару барысында жоспарлау әрекетінің қалыптасуына тікелей әсер етеді, себебі оқушы шешім жолын алдын ала бейнелік деңгейде елестету мүмкіндігіне ие болады [1, 14].

Визуализация әдісінің маңыздылығы әсіресе абстрактілі математикалық ұғымдарды меңгеру кезеңінде айқын байқалады. Көптеген зерттеулерде формулалар мен символдарға негізделген есептерді визуалды бейнелермен сүйемелдеу оқушылардың түсіну деңгейін едәуір арттыратынын атап көрсетіледі. Мұндай жағдайда визуализация есептің тек нәтижесіне емес, оны шешу логикасына назар аударуға мүмкіндік береді. Ғалымдар визуалды модельдер оқушылардың метатанымдық қабілеттерін дамытып, есеп шығару барысында өз әрекетін бақылау және түзету дағдыларын қалыптастыратынын

көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда визуализация есеп шығару дағдыларын дамытуда тек көмекші құрал емес, танымдық процестің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерге арналған зерттеулерде визуализация әдісінің тиімділігі физикалық құбылыстарды түсіндіру барысында айқын көрінеді. Жылу мен температура тақырыптарын оқытуға арналған ғылыми еңбектерде визуалды модельдер арқылы абстрактілі физикалық процестерді нақтылау оқушылардың есеп шығару қабілетін арттыратыны жан-жақты дәлелденген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, графиктер, схемалар және динамикалық модельдер физикалық шамалардың өзара байланысын түсінуді жеңілдетеді. Бұл тәсіл оқушылардың формулаларды механикалық түрде қолдануынан гөрі, физикалық мағынаны саналы түрде түсініп есеп шығаруға көшуіне ықпал етеді. Ғылыми бақылаулар визуализация қолданылған жағдайда оқушылардың есеп шығару дәлдігі мен жылдамдығы артатынын көрсетеді [2, 27].

Физика есептерін шешу барысында визуализация эксперименттік тапсырмалардың нәтижесін алдын ала болжауға және талдауға мүмкіндік береді. Зерттеулерде оқушылар визуалды модельдер арқылы физикалық процестің динамикасын елестетіп, себеп-салдарлық байланысты жақсырақ түсінетіні атап өтіледі. Бұл әсіресе тәжірибе жасау мүмкіндігі шектеулі жағдайларда маңызды, себебі визуалды симуляциялар нақты эксперименттің орнын ішінара алмастыра алады. Ғалымдар визуализация физика есептерін шешуде когнитивтік жүктемені азайтып, оқушылардың зейінін негізгі ұғымдарға бағыттайтынын дәлелдейді. Мұндай тәсіл оқу материалын меңгерудің сапасын арттырып, пәнге деген қызығушылықты күшейтеді.

Орта мектептердегі математикалық есептерді шешуге арналған жүйелі шолуларда визуализация әдісінің логикалық ойлауды дамытудағы рөлі ерекше атап өтіледі. Ғылыми еңбектерде визуалды бейнелерді қолдану оқушылардың есеп шығару стратегияларын саналы түрде таңдауға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Зерттеулерде визуализация есептің күрделілігін субъективті тұрғыда төмендетіп, оқушыға бірнеше шешу жолын қатар қарастыруға жағдай жасайтыны дәлелденген. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді, себебі бір есепті әртүрлі визуалды модельдер арқылы шешу мүмкіндігі туындайды [3, 33].

Жүйелі шолуларда визуализация есеп шығару барысында логикалық қадамдардың реттілігін сақтауға көмектесетіні де көрсетіледі. Оқушылар визуалды схемалар арқылы есептің әр кезеңін айқындап, шешім үдерісін құрылымдай алады. Мұндай тәсіл әсіресе көпқадамды есептерде тиімді, себебі әр қадамның мағынасы анық көрінеді. Ғалымдар визуализацияны қолдану есеп шығару барысында қателер санын азайтатынын және оқушылардың өз әрекетіне деген сенімін арттыратынын атап өтеді. Бұл фактор оқу жетістіктерінің тұрақты түрде артуына ықпал етеді.

Есеп шығару дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту стратегияларын талдаған еңбектерде визуализациялау, бейнелеу және шешу тәсілдерінің кешенді қолданылуы ерекше назарға алынады. Ғылыми тұжырымдарда визуалды репрезентациялар арқылы оқушылар есептің шартын құрылымдап, шешімге біртіндеп жақындайтыны көрсетіледі. Бұл тәсіл есеп шығару үдерісін бірізді және түсінікті етеді. Зерттеулерде визуализация оқушылардың өздігінен ойлауын ынталандырып, есепті тек дайын алгоритм бойынша емес, логикалық талдау арқылы шешуге мүмкіндік беретіні айтылады [4, 18].

Аталған еңбектерде визуализация әдісінің тағы бір маңызды қыры ретінде оқушылардың рефлексия жасау қабілетін дамыту көрсетіледі. Визуалды бейнелер арқылы оқушы өзінің шешу жолын қайта қарап, оның дұрыстығын бағалай алады. Бұл оқу үдерісінде өзіндік бақылау дағдысының қалыптасуына жағдай жасайды. Ғалымдар визуализация есеп шығару кезінде оқушылардың когнитивтік икемділігін арттырып, жаңа типтегі тапсырмаларға бейімделуін жеңілдететінін дәлелдейді.

Логикалық-математикалық және кеңістіктік ойлауды дамытуға арналған зерттеулерде визуализацияның когнитивтік маңызы ерекше айқындалады. Ғылыми деректер визуалды бейнелер кеңістіктік елестетуді дамытып, күрделі есептерді шешуде когнитивтік жүктемені азайтатынын көрсетеді. Бұл оқушылардың ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырып, есеп шығару барысында сенімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Ғалымдар визуализация кеңістіктік ойлаумен тығыз байланысты екенін, ал бұл қабілет математикалық және жаратылыстану бағытындағы есептерді шешуде шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [5, 41].

Кеңістіктік ойлауды дамытуға арналған еңбектерде визуализация оқушылардың абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелермен байланыстыруына мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Бұл әсіресе геометриялық және алгебралық есептерде маңызды, себебі фигуралар мен шамалардың өзара қатынасын көзбен көру есептің мәнін терең түсінуге жол ашады. Ғалымдар визуализацияны жүйелі қолдану оқушылардың логикалық пайымдауын күшейтіп, есеп шығару барысында аналитикалық және синтетикалық ойлау әрекеттерін үйлестіруге мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Жалпы алғанда, әдебиеттерге жүргізілген шолу визуализация әдісінің есеп шығару дағдыларын дамытуда кешенді әсер ететінін көрсетеді. Визуализация оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, есептің мазмұнын терең түсінуге, шешім жолын саналы түрде таңдауға және оқу жетістіктерін тұрақты түрде жақсартуға мүмкіндік береді. Ғылыми еңбектер визуализацияны есеп шығару үдерісінің ажырамас компоненті ретінде қарастырып, оны тиімді педагогикалық стратегия ретінде бағалайды.

Талдау мен нәтижелер

Жүргізілген талдау визуализация әдісінің есеп шығару дағдыларын қалыптастыруда кешенді әрі жүйелі әсер ететінін көрсетеді. Оқу үдерісінде визуалды модельдерді қолдану оқушылардың ақпаратты қабылдау

жылдамдығын арттырып, есептің шартын тұтас құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Көрнекі бейнелер арқылы берілген ақпарат оқушылардың назарын негізгі элементтерге бағыттап, артық когнитивтік жүктемені азайтады. Нәтижесінде оқушылар есептің мазмұнын ұзақ уақыт бойы талдауға емес, оны түсінуге және шешу логикасын құруға көбірек көңіл бөледі. Бұл визуализацияның танымдық үдерісті оңтайландыратын маңызды құрал екенін айқындайды.

Практикалық оқу жағдайында визуализация графиктер, схемалар, диаграммалар, динамикалық модельдер және анимациялық көріністер арқылы жүзеге асқанда, оқушылардың есепті қабылдау ерекшеліктері айқын өзгереді. Талдау барысында визуалды қолдау қолданылған сабақтарда оқушылар есептің шартын тезірек меңгеріп, берілген деректер арасындағы байланысты анықтауға бейімделетіні байқалды. Мұндай жағдайда есептің мазмұны жекелеген элементтер жиынтығы ретінде емес, өзара байланысқан жүйе ретінде қабылданады. Бұл оқушылардың құрылымдық ойлауын дамытып, шешім жолын жоспарлауда маңызды бағдарлық негіз қалыптастырады.


Визуализация есеп шығару үдерісінің тек бастапқы кезеңінде ғана емес, шешімге жету барысында да маңызды рөл атқарады. Оқушылар визуалды модельге сүйене отырып, өз әрекеттерінің дұрыстығын бақылауға мүмкіндік алады. Шешу жолының әрбір кезеңі көрнекі түрде бейнеленген жағдайда логикалық ауытқулар мен қателерді ерте анықтау жеңілдейді. Бұл әсіресе бірнеше қадамнан тұратын күрделі есептерде тиімді болып табылады. Оқушылар есепті тек соңғы нәтижеге жету үшін емес, оның ішкі логикасын түсіну арқылы шешуге дағдыланады. Мұндай тәсіл есеп шығару мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері визуализация әдісінің оқушылардың рефлексия жасау қабілетін де күшейтетінін көрсетті. Көрнекі бейне арқылы оқушылар өз шешімін қайта қарап, қай кезеңде қате кеткенін немесе қандай балама жол таңдауға болатынын түсіне алады. Бұл оқу үдерісінде өзіндік бақылау мен өзін-өзі бағалау дағдыларының дамуына жағдай жасайды. Визуализация есеп шығару әрекетін механикалық орындаудан саналы талдауға көшіреді, ал бұл оқу нәтижелерінің тұрақты болуына әсер етеді.

Оқу барысында визуализацияны жүйелі қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуымен де тығыз байланысты екені анықталды. Көрнекілікке негізделген тапсырмалар оқушылардың белсенді қатысуын күшейтіп, оқу үдерісін бірсарынды әрекеттен интерактивті танымдық тәжірибеге айналдырады. Анимацияланған модельдер мен динамикалық көріністер оқушылардың назарын ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік беріп, сабаққа эмоционалдық қатысуды арттырады. Бұл фактор оқу мотивациясының тұрақтануына және оқу әрекетіне оң көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді.


Талдау барысында визуализацияның цифрлық ортада жүзеге асу мүмкіндіктері де маңызды нәтижелер көрсетті. Талдау барысында

визуализацияның цифрлық ортада жүзеге асу мүмкіндіктері де маңызды нәтижелер көрсетті. Зерттеу аясында физика пәнінің негізгі бөлімдерін қамтитын интерактивті веб-құрал интерфейсі әзірленді (1-сурет).



1-сурет. Интерактивті веб-құралдың негізгі интерфейс беті


Интерактивті веб-негіздегі ортада ұсынылған анимациялық есептер оқушыларға абстрактілі жағдайларды нақты қозғалыс, өзгеріс және өзара әрекет арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Веб-құралда механика бөлімі бойынша «Қозғалмайтын блок» тақырыбындағы интерактивті есеп модулі құрастырылды (2-сурет).



2-сурет. «Қозғалмайтын блок» тақырыбы бойынша интерактивті есеп интерфейсі

Мұндай ортада оқушы тек бақылаушы ролінде қалмай, есептің параметрлерін өзгертіп, нәтижені тікелей көре алады. Бұл тәжірибелік әрекет оқушылардың зерттеушілік ойлауын дамытып, есеп шығару үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Анимацияланған визуализация есептің шешу

жолын кезең-кезеңімен көрсету арқылы оқушылардың оқу қарқынын жеке реттеуге мүмкіндік береді. Есептің орындалу процесі анимациялық түрде көрсетіліп, күштердің әсері мен қозғалыс бағыты визуалды түрде бейнеленді (3-сурет).



3-сурет. Физикалық процестің анимациялық визуализациясы

Әр оқушы материалды өзіне ыңғайлы жылдамдықта меңгеріп, қажет болған жағдайда белгілі бір кезеңге қайта оралып, оны тереңірек талдай алады. Бұл тәсіл оқушылар арасындағы дайындық деңгейінің әртүрлілігін ескеруге жағдай жасап, оқу үдерісін икемді етеді. Нәтижесінде оқушылардың есеп шығару барысында өзіне деген сенімі артып, күрделі тапсырмалардан қашу үрдісі азаяды.

Зерттеу нәтижелері визуализация әдісінің әлеуметтік-психологиялық әсерін де айқындайды. Көрнекі және интерактивті тапсырмалар оқушылар арасында пікір алмасу мен бірлескен талдауға жол ашады. Есепті визуалды модель арқылы талқылау оқушылардың өз ойын дәлелді түрде жеткізуіне және шешімін негіздеуге үйретеді. Бұл оқу әрекетінде коммуникациялық дағдылардың дамуына ықпал етеді және есеп шығару үдерісін ұжымдық танымдық әрекетке айналдырады. Жалпы алғанда, талдау мен алынған нәтижелер визуализация әдісінің есеп шығару дағдыларын дамытуда көпқырлы әсер ететінін дәлелдейді. Визуализация оқушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, ойлау әрекетінің тереңдеуіне, қателерді саналы түрде талдауға, оқу мотивациясының артуына және танымдық дербестіктің қалыптасуына ықпал етеді. Анимацияланған және интерактивті визуалды орталарды пайдалану бұл үдерісті жаңа деңгейге көтеріп, есеп шығару әрекетін қызықты әрі мағыналы оқу тәжірибесіне айналдырады. Мұндай тәсіл диссертациялық зерттеу аясында визуализацияның оқу нәтижелеріне әсерін дәлелдейтін маңызды практикалық негіз ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Жүргізілген талдау визуализация әдісінің оқушылардың есеп шығару дағдыларын дамытуда маңызды педагогикалық ресурс екенін дәлелдейді. Визуалды бейнелер арқылы есептің құрылымын түсіну, логикалық байланыстарды анықтау және шешім стратегиясын қалыптастыру оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Визуализацияны жүйелі әрі әдістемелік тұрғыда негіздеп қолдану оқушылардың логикалық-математикалық және кеңістіктік ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Болашақта есеп шығару дағдыларын қалыптастыруда визуализация әдістерін кеңінен енгізу білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Rathour L. Visualization Method in Mathematics Classes // Journal of Computer and Applied Nonlinear Dynamics. — 2022. — URL: https://www.journal-cand.com/article_159701_ed7c7a1abdd28dd21dd434c18a8ea3ab.pdf
2. Habte M. Effectiveness of Visualization on Problem Solving and Experimental Tasks in Learning Heat and Temperature // Latin American Journal of Physics Education. — 2020. — URL: <http://www.lajpe.org/pdf/vol14/14-1-1302.pdf>
3. Hadi W., Csíkós C. A Systematic Review on Visualization in Mathematical Problem-Solving in Secondary Schools // European Journal of Science and Mathematics Education. — 2025. — DOI: 10.30935/scimath/17410 — URL: <https://www.scimath.net/download/a-systematic-review-on-visualization-in-mathematical-problem-solving-in-secondary-schools-17410.pdf>
4. Samosa R. C., Dominguez J. M. P. Visualize, Represent and Solve Problem Technique as Teaching Strategy to Improve Problem-Solving Skills // International Journal of Academic Multidisciplinary Research. — 2021. — URL: <https://eric.ed.gov/?id=ED618220>
5. Gonzalez A. E., Rojas V. O. J., Álvarez Araque W. O. The Role of Visualization in the Development of Logical-Mathematical and Spatial Thinking // Evolutionary Studies in Imaginative Culture. — 2023. — URL: <https://esiculture.com/index.php/esiculture/article/download/2720/1834/5600>

РОЛЬ ВИЗУАЛИЗАЦИИ В РАЗВИТИИ НАВЫКОВ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ У УЧАЩИХСЯ

Мыңжасаров Жасұлан Бақытжанұлы

Научный руководитель: Балтабеков Асхат Секербайұлы

В данной статье комплексно рассматриваются педагогические и когнитивные возможности метода визуализации как эффективного средства формирования и развития навыков решения задач у учащихся. В современном образовательном пространстве решение задач рассматривается не только как выполнение алгоритма, но и как процесс логического мышления, пространственного воображения и осознанного понимания абстрактных понятий. В этом контексте

методы визуализации способствуют облегчению восприятия учебного материала и повышению познавательной активности учащихся. В статье анализируются роль визуализации в процессе решения задач, её влияние на развитие логико-математического и пространственного мышления, а также воздействие на учебные достижения на основе научных исследований. Обзор литературы показывает, что стратегии обучения, основанные на визуализации, повышают эффективность решения задач. Кроме того, в статье раскрывается практическая значимость систематического использования визуализации для улучшения результатов обучения.

Ключевые слова: визуализация, навыки решения задач, математическое мышление, пространственное воображение, методика обучения.

THE ROLE OF VISUALIZATION IN DEVELOPING STUDENTS' PROBLEM-SOLVING SKILLS

Mynzhasarov Zh.B.

Scientific Supervisor: A.S. Baltabekov

This article comprehensively examines the pedagogical and cognitive potential of visualization as an effective tool for the formation and development of students' problem-solving skills. In the modern educational environment, problem solving is regarded not only as the execution of algorithms, but also as a process involving logical thinking, spatial imagination, and the conscious understanding of abstract concepts. From this perspective, visualization methods facilitate the perception of educational material and enhance students' cognitive activity. The article analyzes the role of visualization in the problem-solving process, its influence on the development of logical-mathematical and spatial thinking, as well as its impact on academic achievement based on scientific studies. The literature review demonstrates that visualization-based teaching strategies improve problem-solving efficiency. In addition, the article highlights the practical significance of the systematic use of visualization for improving learning outcomes.

Keywords: visualization, problem-solving skills, mathematical thinking, spatial imagination, teaching methodology.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST**2026, Vol.4, No. 5 (May)**<https://qazaqjournal.kz/>

ӘОЖ 37.016:514

**КАФЕДРА ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ
МЕКТЕПТЕР МЕН ЖОО-ЛАРДА ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ*****Шиязбаев Төрегелді Жеткізгенұлы***физика-математика факультетінің магистранты, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан***Ғалымжан Әлсейіт Ерерұлы***физика-математика факультетінің студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Бұл мақалада Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің математика кафедрасы профессор-оқытушылар құрамының мектептер мен жоғары оқу орындарында геометрияны оқыту әдістемесін жетілдірудегі ғылыми-педагогикалық үлесі қарастырылады. Зерттеу аясында кафедраның геометрия бағытында ұзақ жылдар еңбек еткен көрнекті оқытушылары – Ж.Қ. Қайдасов, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов және Қ.Ж. Жұбаевтың педагогикалық қызметі мен ғылыми-әдістемелік мұрасы талданды. Мақалада аталған ғалымдардың геометрияны оқытудағы әдістемелік ұстанымдары, мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты қалыптастырудағы рөлі, болашақ мұғалімдерді даярлауға қосқан үлесі және олардың еңбектерінің қазіргі математикалық білім сапасына ықпалы сипатталады. Зерттеу нәтижелері кафедра профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық тәжірибесі мен ғылыми мұрасы геометрияны оқыту сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Кілт сөздер: геометрияны оқыту әдістемесі, математикалық білім, кафедра тарихы, педагогикалық тәжірибе, ғылыми мұра, геометрия, сабақтастық, жоғары білім, мектеп математикасы.

Kipicne

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – сапалы білім беру арқылы бәсекеге қабілетті, логикалық ойлауы дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда математикалық білімнің, соның ішінде геометрия пәнінің алатын орны ерекше. Геометрия – білім алушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымдауын, дәлелдеу мәдениетін және абстрактілі ойлау қабілетін дамытатын іргелі пәндердің бірі. Сондықтан геометрияны сапалы оқыту – тек математикалық дайындықтың ғана емес, жалпы интеллектуалдық дамудың маңызды көрсеткіші болып саналады. Қазіргі мектеп пен жоғары оқу орындарындағы математикалық білім беру жүйесінде геометрияны оқыту мазмұнына, құрылымына және әдістемесіне қойылатын талаптар айтарлықтай күшейіп отыр. Бұл, бір жағынан, білім беру мазмұнының жаңаруымен, екінші жағынан, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық және сыни ойлауын қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Геометрияны оқыту барысында оқушылар мен студенттер тек фигуралардың қасиеттерін меңгеріп қана қоймай, дәлелдеуді, салыстыруды, талдауды, жалпылауды және математикалық қорытынды жасауды үйренеді. Осы тұрғыдан алғанда, геометрияны оқыту әдістемесі тек пәндік білім беру мәселесі емес, ол – ойлау мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы. Геометрияны оқыту сапасы көп жағдайда мұғалімнің кәсіби даярлығына, әдістемелік шеберлігіне және педагогикалық тәжірибесіне байланысты. Әсіресе, геометрия сияқты логикалық құрылымы күрделі пәнді оқытуда тәжірибелі ұстаздың рөлі ерекше. Себебі тәжірибелі оқытушы геометриялық ұғымдардың ішкі байланысын ашып, күрделі теоремаларды жүйелі түрде түсіндіріп, есептерді бірнеше тәсілмен талдауға үйрете алады. Мұндай әдістемелік шеберлік білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың математикалық білімді терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орны профессор-оқытушыларының ғылыми-педагогикалық қызметі геометрияны оқыту әдістемесінің дамуына тікелей әсер етеді. Университет қабырғасында қалыптасқан әдістемелік мектептер болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын айқындап, мектептегі математикалық білім сапасына ықпал етеді. Әсіресе, педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарындағы тәжірибелі ғалым-ұстаздардың еңбегі мектеп пен университет арасындағы білім сабақтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл сабақтастық – болашақ мұғалімнің тек теориялық білім алып қана қоймай, оны мектеп тәжірибесімен ұштастыра білуінің негізгі алғышарты. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің математика кафедрасы – еліміздің батыс өңіріндегі математикалық білім беру мен педагог кадр даярлаудың іргелі орталықтарының бірі. Аталған кафедрада еңбек еткен профессор-оқытушылар құрамы ұзақ жылдар бойы мектеп пен жоғары оқу орындарында геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында жүйелі ғылыми-педагогикалық жұмыс жүргізіп келеді. Олардың еңбектері оқу бағдарламаларын жетілдіруге,

әдістемелік құралдар әзірлеуге, болашақ мұғалімдерді даярлауға және геометриялық білім мазмұнын тереңдетуге бағытталды. Кафедраның ғылыми-әдістемелік әлеуетін қалыптастыруда Ж.Қ. Қайдасов, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов және Қ.Ж. Жұбаев сынды ғалым-ұстаздардың орны ерекше. Аталған оқытушылардың әрқайсысы геометрияны оқыту әдістемесінің белгілі бір бағытын дамытуға өзіндік үлес қосты. Атап айтқанда, олар геометриялық білім мазмұнын жүйелеу, дәлелдеу мәдениетін қалыптастыру, кеңістіктік ойлауды дамыту, көрнекілік қағидасын жетілдіру және мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықты нығайту бағыттарында нәтижелі еңбек етті. Олардың ғылыми-педагогикалық мұрасы бүгінгі күні де өзінің маңызын жоғалтқан жоқ және қазіргі математикалық білім беру жүйесінде өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесі тек жаңа технологияларды енгізумен ғана шектелмейді. Бұл мәселе ең алдымен жинақталған педагогикалық тәжірибені зерделеумен, ғылыми-әдістемелік мұраны саралаумен және оны қазіргі білім беру жүйесінің сұранысына бейімдеумен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, кафедра профессор-оқытушыларының көпжылдық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан талдау – қазіргі геометрияны оқыту әдістемесінің даму заңдылықтарын түсінуге, тиімді әдістерді анықтауға және болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мақалада Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті математика кафедрасының көрнекті өкілдері – Ж.Қ. Қайдасов, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов және Қ.Ж. Жұбаевтың мектептер мен жоғары оқу орындарында геометрияны оқыту әдістемесін жетілдірудегі ғылыми-педагогикалық қызметі қарастырылады. Олардың әдістемелік ұстанымдары мен ғылыми мұрасын талдау арқылы геометрияны оқытудағы сабақтастықтың, кәсіби тәжірибенің және әдістемелік мектептің маңызы айқындалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде магистрлік диссертация аясында жинақталған архивтік деректер, ғылыми еңбектер, өмірбаяндық мәліметтер, оқу-әдістемелік құралдар және кафедра тарихына қатысты құжаттар пайдаланылды. Сонымен қатар, оқытушылардың педагогикалық қызметін сипаттайтын естеліктер, ғылыми мақалалар және әдістемелік еңбектер талданды.

Зерттеу барысында тарихи-педагогикалық талдау, салыстырмалы сипаттау, мазмұндық талдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер ғалымдардың геометрияны оқыту әдістемесіне қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан саралауға мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Қайдасов Ж.Қ. – математика кафедрасының геометрия бағытын дамытуға елеулі үлес қосқан тәжірибелі ұстаздардың бірі. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі геометрияны оқытудың мазмұнын жетілдірумен, оқу үдерісін ғылыми

негізде ұйымдастырумен және болашақ математика мұғалімдерін даярлаумен тығыз байланысты болды.

Ғалымның басты ерекшелігі – геометриялық ұғымдарды жүйелі, дәл және логикалық тұрғыдан түсіндіруі. Ол геометрияны оқытуда ұғымдардың өзара байланысын ашуға, дәлелдеудің құрылымын меңгертуге және есептің мазмұнын терең талдауға ерекше мән берді. Ж.Қ. Қайдасовтың әдістемелік ұстанымдары білім алушылардың теориялық дайындығын күшейтіп қана қоймай, олардың математикалық тілін, логикалық пайымдауын және дәлелдеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Оның еңбектерінде мектеп геометриясы мен жоғары оқу орнындағы геометрия курстарының мазмұндық сабақтастығы ерекше орын алады. Бұл бағыттағы жұмыстары болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруге және пәнді терең меңгертуге негіз болды.

Хан Д.И – геометрияны оқытуда білім алушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық құрылымын және көрнекі қабылдауын дамытуға ерекше назар аударған ұстаздардың бірі. Оның педагогикалық қызметінде геометриялық білімді тек теориялық деңгейде меңгерту емес, оны көрнекілік пен модельдеу арқылы терең түсіндіру негізгі орын алды.

Оқытушы геометриялық фигураларды талдау, олардың қасиеттерін салыстыру және кеңістіктік қатынастарды модельдеу арқылы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырды. Д.И. Хан сабақтарында сызбалық дәлдікке, көрнекілікке және есепті бірнеше тәсілмен шешуге ерекше мән берген. Бұл тәсіл білім алушылардың аналитикалық ойлауын дамытып, күрделі геометриялық ұғымдарды саналы меңгеруіне мүмкіндік берді.

Хан Д.И. ғылыми-әдістемелік қызметі геометрияны оқытудағы көрнекілік қағидасын жетілдіріп, оны практикамен байланыстыра оқытуға бағытталды. Оның еңбектері қазіргі геометрияны оқыту әдістемесінде де өзектілігін сақтап отыр.

Ниязмағамбетов Қ.Н – математика кафедрасының геометрия саласындағы іргелі ғылыми-әдістемелік мектеп қалыптастырған ұстаздарының бірі. Оның педагогикалық қызметі терең теориялық дайындықпен, әдістемелік сауаттылықпен және оқытудағы жоғары талапшылдығымен ерекшеленді.

Ғалым геометрияны оқытуда теория мен практиканы ұштастыруға, математикалық білімді жүйелі қалыптастыруға және оқушылар мен студенттердің дәлелдеу мәдениетін дамытуға ерекше мән берді. Қ.Н. Ниязмағамбетов сабақтарында әрбір теореманың логикалық құрылымын ашып, оның қолданылу аясын нақты мысалдармен түсіндіруге ұмтылды. Бұл тәсіл білім алушылардың формуланы жаттап қана қоймай, оның ішкі мәнін түсінуіне мүмкіндік берді.

Оның әдістемелік еңбектері болашақ мұғалімдердің кәсіби ойлауын қалыптастыруда, оқу материалының мазмұнын жүйелеуде және геометрияны оқытудың сапасын арттыруда маңызды рөл атқарды. Қ.Н. Ниязмағамбетовтің

ғылыми мұрасы қазіргі математикалық білім беру жүйесінде де маңызын жойған жоқ.

Қ.Ж. Жұбаев – геометрияны оқыту әдістемесін жүйелі түрде дамытқан, болашақ математика мұғалімдерін даярлауда өзіндік әдістемелік мектебі қалыптасқан тәжірибелі ғалым-ұстаз. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі геометрия курсының мазмұнын жаңартумен, оқыту әдістерін жетілдірумен және білім алушылардың логикалық ойлауын қалыптастырумен тығыз байланысты болды.

Оқытушының басты ерекшелігі – геометриялық материалды ғылыми тереңдікпен және әдістемелік нақтылықпен түсіндіруі. Қ.Ж. Жұбаев геометрияны оқытуда дәлелдеуге, логикалық жүйелілікке және есептердің құрылымдық талдауына ерекше мән берді. Оның еңбектерінде мектеп геометриясы мен жоғары математика арасындағы сабақтастық айқын көрініс тапты.

Қ.Ж. Жұбаевтың әдістемелік мектебі болашақ мұғалімдердің пәндік құзыреттілігін арттыруға, олардың ғылыми-әдістемелік ойлауын дамытуға және геометрияны оқытудың сапасын жетілдіруге негіз болды.

Нәтижелер және оларды талдау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті математика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіруде жүйелі ғылыми-әдістемелік мектеп қалыптастырған. Ж.Қ. Қайдасов, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов және Қ.Ж. Жұбаевтың ғылыми-педагогикалық қызметін талдау олардың еңбектерінде ортақ әдістемелік бағыт пен өзіндік педагогикалық қолтаңба қатар қалыптасқанын көрсетті. Бұл, өз кезегінде, кафедраның геометрияны оқыту саласында қалыптасқан тұтас ғылыми-педагогикалық дәстүрі бар екенін дәлелдейді. Зерттеу барысында аталған оқытушылардың еңбектері мен педагогикалық тәжірибесін салыстырмалы талдау нәтижесінде олардың қызметінде бірнеше ортақ әдістемелік ұстаным айқындалды. Ең алдымен, барлық оқытушылардың геометрияны оқытуда білімді дайын күйінде ұсынуға емес, оның ішкі логикалық құрылымын меңгертуге басымдық бергені байқалды. Бұл ұстаным геометриялық ұғымдарды формалды түрде жаттатудан гөрі, олардың мазмұнын, дәлелдеу жүйесін және қолданылу аясын түсіндіруге бағытталған. Соның нәтижесінде геометрияны оқыту тек формулалар мен теоремалар жиынтығы ретінде емес, логикалық тұтас жүйе ретінде қарастырылған.

Қайдасов Ж.Қ-ның ғылыми-әдістемелік қызметін талдау оның геометрияны оқытудағы жүйелілік пен логикалық құрылымға ерекше мән бергенін көрсетті. Оның еңбектерінде геометриялық ұғымдарды қалыптастыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады: ұғымды енгізу, қасиетін анықтау, дәлелдеу, есептерде қолдану және жалпылау. Бұл тәсіл қазіргі әдістемелік тұрғыдан өте тиімді болып саналады, себебі ол білім алушының ұғымды тек қабылдауына емес, оны

саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Ж.Қ. Қайдасовтың бұл ұстанымы қазіргі оқу бағдарламаларындағы спиральді қағидатпен мазмұндық тұрғыдан үндеседі.

Хан Д.И-тің педагогикалық тәжірибесін талдау оның геометрияны оқытудағы көрнекілік пен кеңістіктік модельдеуге негізделген әдістерді тиімді қолданғанын көрсетті. Ғалым геометриялық фигураларды сызба, модель және салыстырмалы талдау арқылы түсіндіруді негізгі әдіс ретінде қарастырған. Бұл тәсіл білім алушылардың кеңістіктік елестету қабілетін дамытуда ерекше тиімді болды. Әсіресе стереометрия элементтерін оқытуда Д.И. Хан қолданған көрнекілік әдістері күрделі кеңістіктік қатынастарды түсіндіруді жеңілдеткен. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл бағыт қазіргі цифрлық модельдеу мен визуализация әдістерімен мазмұндық тұрғыдан сабақтас келеді.

Ниязмағамбетов Қ.Н-ның ғылыми мұрасын талдау оның геометрияны оқытуда теориялық тереңдік пен дәлелдеу мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән бергенін көрсетті. Оның сабақ беру стилі білім алушыны дайын қорытындыға жеткізуден гөрі, сол қорытындыға логикалық жолмен келуге бағытталған. Бұл тәсіл оқушылар мен студенттердің математикалық пайымдау мәдениетін қалыптастырып, олардың теореманы тек есте сақтауына емес, оны түсінуіне жағдай жасаған. Зерттеу барысында Қ.Н. Ниязмағамбетовтің бұл ұстанымы қазіргі құзыреттілікке негізделген білім беру талаптарымен толық сәйкес келетіні анықталды. Себебі қазіргі білім беру жүйесінде білімді жаттау емес, оны дәлелдеу, негіздеу және қолдану қабілеті басты орынға қойылады.

Жұбаевтың Қ.Ж-ның ғылыми-педагогикалық қызметін талдау оның мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы әдістемелік сабақтастықты қамтамасыз етудегі рөлін айқын көрсетті. Ғалым еңбектерінде мектеп геометриясы мен жоғары геометрия арасындағы мазмұндық байланыс нақты сақталған. Бұл, әсіресе, болашақ математика мұғалімдерін даярлау жүйесінде маңызды болды. Қ.Ж. Жұбаевтың әдістемелік ұстанымы бойынша, болашақ мұғалім мектептегі геометриялық ұғымдардың ғылыми негізін терең түсінген жағдайда ғана оны сапалы оқыта алады. Осы тұрғыдан алғанда, оның еңбектері жоғары педагогикалық білім мазмұнын жетілдіруде маңызды рөл атқарды.

Салыстырмалы талдау нәтижелері аталған төрт ғалымның әрқайсысы геометрияны оқыту әдістемесінің белгілі бір бағытын тереңдеткенін көрсетті. Ж.Қ. Қайдасов – геометрияны оқытудың логикалық жүйесін қалыптастыруға, Д.И. Хан – көрнекілік пен модельдеуге, Қ.Н. Ниязмағамбетов – дәлелдеу мәдениеті мен теориялық тереңдікке, Қ.Ж. Жұбаев – әдістемелік сабақтастық пен мұғалім даярлығына басымдық берген. Бұл бағыттардың барлығы өзара сабақтасып, кафедраның тұтас ғылыми-әдістемелік мектебін қалыптастырды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кафедра оқытушыларының ғылыми-әдістемелік тәжірибесі қазіргі геометрияны оқыту жүйесінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олардың ұстанымдары бүгінгі жаңартылған білім мазмұны жағдайында жаңа сипатта жалғасып келеді. Атап айтқанда, логикалық

құрылымға негізделген оқыту, көрнекілік пен модельдеу, дәлелдеу мәдениеті және мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастық қазіргі геометрияны оқыту әдістемесінің негізгі қағидаттарының бірі болып отыр. Бұл кафедра профессор-оқытушылары қалыптастырған ғылыми мұраның өміршеңдігін және оның бүгінгі білім беру жүйесі үшін практикалық маңызын көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері кафедра профессор-оқытушылар құрамының геометрияны оқыту әдістемесін жетілдірудегі қызметі тек белгілі бір кезеңнің педагогикалық тәжірибесі ғана емес, қазіргі математикалық білім берудің әдіснамалық негіздерінің бірі екенін дәлелдеді. Олардың ғылыми-педагогикалық мұрасы геометрияны оқыту мазмұнын жетілдіруге, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыруға және мектеп пен жоғары білім арасындағы сабақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды әдістемелік ресурс болып табылады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті математика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мектептер мен жоғары оқу орындарында геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіруге елеулі үлес қосты. Ж.Қ. Қайдасов, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов және Қ.Ж. Жұбаевтың ғылыми мұрасы мен педагогикалық тәжірибесі математикалық білім беру жүйесіндегі сабақтастықты қамтамасыз етіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын нығайтты.

Аталған ғалымдардың еңбектері геометрияны оқыту мазмұнын жетілдіруге, әдістемелік жүйені байытуға және математикалық білім сапасын арттыруға негіз болды. Сондықтан олардың ғылыми-әдістемелік мұрасын зерделеу және оқу үдерісінде пайдалану – қазіргі математикалық білім беруді дамытудың маңызды бағыттарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шиязбаев Т.Ж. Геометрия мұғалімдерінің көп жылдық тәжірибесінің университеттер мен мектептердегі математикалық білім сапасына әсері. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2026.
2. Киселёв А.П. Геометрия. Планиметрия және стереометрия. – М.: Просвещение, 2010.
3. Пойа Д. Математиканы оқыту және есеп шығару өнері. – Алматы: Мектеп, 2015.
4. Скаткин М.Н. Оқытудың дидактикалық негіздері. – М.: Педагогика, 2009.
5. Беспалько В.П. Педагогика және оқыту технологиялары. – М.: Педагогика, 2008.
6. Бабанский Ю.К. Оқытуды оңтайландырудың педагогикалық негіздері. – М.: Просвещение, 1982.

ВКЛАД ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА КАФЕДРЫ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ГЕОМЕТРИИ В ШКОЛАХ И УНИВЕРСИТЕТАХ

Шиязбаев Төрегелді Жеткізгенұлы, Ғалымжан Әлсейіт Ерерұлы

В данной статье рассматривается научно-педагогический вклад профессорско-преподавательского состава кафедры математики Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова в совершенствование методики преподавания геометрии в школах и вузах. В рамках исследования была проанализирована педагогическая деятельность и научно-методическое наследие выдающихся преподавателей кафедры геометрии - Кайдасова Ж.К., Хана Д.И., Ниязмагамбетова К.Н. и Жубаева К.Ж. В статье описываются методические подходы указанных ученых к обучению геометрии, их роль в формировании преемственности между школой и высшими учебными заведениями, вклад в подготовку будущих учителей и влияние их трудов на качество современных математических знаний. Результаты исследования показывают, что педагогический опыт и научное наследие профессорско-преподавательского состава кафедры играют важную роль в повышении качества преподавания геометрии.

Ключевые слова: методика обучения геометрии, математические знания, история кафедры, педагогический опыт, научное наследие, геометрия, преемственность, высшее образование, школьная математика.

Список использованной литературы

1. Шиязбаев Т.Ж. Влияние многолетнего опыта преподавателей геометрии на качество математического образования в университетах и школах. - Актобе: Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, 2026.
2. Киселев А.П. Геометрия. Планиметрия и стереометрия. - М.: Просвещение, 2010.
3. Поя Д. Искусство преподавания и вычисления математики. - Алматы: Школа, 2015.
4. Скаткин М.Н. Дидактические основы обучения. - М.: Педагогика, 2009.
5. Беспалько В.П. Педагогика и технологии обучения. - М.: Педагогика, 2008.
6. Бабанский Ю.К. Педагогические основы оптимизации обучения. - М.: Просвещение, 1982.

CONTRIBUTION OF THE FACULTY OF THE DEPARTMENT TO IMPROVING THE METHODOLOGY OF TEACHING GEOMETRY IN SCHOOLS AND UNIVERSITIES

Shiyazbayev T.Z, Galymzhan A.E

This article examines the scientific and pedagogical contribution of the teaching staff of the Department of Mathematics of the Aktobe Regional University named after K. Zhubanov to improving the methodology of teaching geometry in schools and universities. Within the framework of the study, the pedagogical activity and scientific and methodological heritage of outstanding teachers of the Department of Geometry were analyzed - Kaydasova Zh.K., Khan D.I., Niyazmagambetova K.N. and Zhubaeva K.Zh. The article describes the methodological approaches of these scientists to teaching geometry, their role in the formation of continuity between school and higher educational institutions, contribution to the training of future teachers and the influence of their works on the quality of modern mathematical knowledge. The results of the study show that the pedagogical experience and scientific heritage of the faculty of the department play an important role in improving the quality of geometry teaching.

Keywords: methodology of teaching geometry, mathematical knowledge, history of the department, pedagogical experience, scientific heritage, geometry, continuity, higher education, school mathematics.

REFERENCES

1. Shiyazbaev T.Zh. The influence of many years of experience of geometry teachers on the quality of mathematical education in universities and schools. - Aktobe: Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, 2026.
2. Kiselev A.P. Geometry. Planimetry and stereometry. - M.: Enlightenment, 2010.
3. Poya D. The art of teaching and computing mathematics. - Almaty: School, 2015.
4. Skatkin M.N. Didactic foundations of learning. - M.: Pedagogy, 2009.
5. Bespalko V.P. Pedagogy and learning technologies. - M.: Pedagogy, 2008.
6. Babansky Yu.K. Pedagogical foundations of training optimization. - M.: Enlightenment, 1982.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ:37.016:54:004.8

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ҮЙ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мұханбетсали Айдана Рүстемқызы

1 курс магистранты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Ғылыми жетекші: х.ғ.д., доцент Балғышева Бейкұт Даутбековна

Қазіргі оқу бағдарламалары аясында жүргізілетін оқыту үдерісін талдау нәтижесінде, тек теориялық негізде білім беру оқушылардың кең ауқымды, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін толық дамытуға жеткіліксіз екені анықталды. Осыған байланысты, әлемдік білім беру жүйелерінің озық тәжірибелерін негізге ала отырып, ұлттық оқу бағдарламаларына сәйкес келетін заманауи оқыту технологиялары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігі туындады. Аталған технологиялар жоспарлы түрде кіріктіріліп, оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізілуде. Менің бұл мақаламда химияны оқыту үдерісінде үй эксперименттерін қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жан-жақты қарастырдым. Үй жағдайында орындалатын тәжірибелердің оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ғылыми ойлау дағдыларын дамытуға және теориялық білімді практикамен ұштастыруға ықпалы талданады. Сонымен қатар, үй жағдайында жүргізілетін эксперименттердің оқушыларды дербес зерттеу әрекетіне тартудағы тиімділігі мен олардың оқу мотивациясын арттырудағы мүмкіндіктері жан-жақты сипатталады. Зерттеу нәтижесінде, үй эксперименттері химияны оқытуда оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыратын маңызды педагогикалық құрал ретінде ғылыми тұрғыда негізделеді.

Кілт сөздер: *химияны оқыту, үй эксперименті, зерттеушілік құзыреттілік, тәжірибелік дағдылар, танымдық белсенділік, ғылыми ойлау, мектеп химиясы*

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда орта мектеп химиясын оқытуда оқушылардың оқу жетістігін арттырумен қатар, олардың зерттеушілік әрекетке қабілеттілігін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Білімді тек меңгеру емес, оны тәжірибеде қолдану, талдау және жаңа жағдайларда пайдалану дағдылары бүгінгі білім беру талаптарының негізгі құрамдас бөлігі болып отыр [1]. Дегенмен, оқу үдерісінде тәжірибелік жұмыстардың жеткіліксіздігі оқушылардың химиялық құбылыстарды терең түсінуіне және дербес зерттеу жүргізу дағдыларының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты оқытудың баламалы және толықтырушы формаларын қолдану қажеттілігі туындайды. Солардың бірі ретінде үй жағдайында орындалатын химиялық эксперименттер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ғылыми зерттеу элементтерін меңгеруіне мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады [2]. Мұндай тәсіл оқушыны бақылаушы рөлінен шығарып, оны зерттеуші субъект деңгейіне көтеруге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, химияны оқытуда үй эксперименттерін қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мәселесі қазіргі педагогикалық ғылымдағы өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылады [1]. Сонымен қатар, үй эксперименттерін ұйымдастыру оқытудың тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілікке негізделген тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [10]. Оқушы өз бетінше тәжірибе жүргізу барысында мәселені анықтау, болжам жасау, экспериментті жоспарлау, нәтижені бақылау және қорытынды шығару сияқты зерттеу кезеңдерінен өтеді. Бұл өз кезегінде олардың логикалық ойлауын, деректерді талдау қабілетін және ғылыми тілде пайымдау дағдыларын дамытады. Үй жағдайында жүргізілетін тәжірибелердің тағы бір артықшылығы – олардың қолжетімділігі мен икемділігі. Көптеген тәжірибелерді тұрмыстық заттарды пайдалану арқылы қауіпсіз түрде ұйымдастыруға болады, бұл оқушылардың химияға деген қызығушылығын арттырып, пәнді күнделікті өмірмен байланыстыра түседі. Сонымен қатар, мұндай жұмыстар оқушылардың өзіндік жауапкершілігін, уақытты басқару қабілетін және дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, үй эксперименттерін тиімді ұйымдастыру үшін белгілі бір әдістемелік талаптарды сақтау қажет. Атап айтқанда, тәжірибелер қауіпсіздік ережелеріне сай болуы, оқушыларға нақты нұсқаулықтар берілуі және олардың нәтижелері жүйелі түрде талданып, бағалануы тиіс. Мұғалім тарапынан кері байланыс пен бағыт-бағдар беру зерттеушілік дағдылардың сапалы қалыптасуына негіз болады.

Осылайша, үй жағдайында орындалатын химиялық эксперименттерді оқу үдерісіне енгізу оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуда, олардың

оқу мотивациясын арттыруда және химиялық білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыруда тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Химияны оқыту әдістемесінде негізгі қайшылықтардың бірі – оқушылардың теориялық білімінің жеткілікті деңгейде қалыптасуына қарамастан, олардың зерттеушілік құзыреттілігінің төмен деңгейде болуы. Бұл құбылыс білім беру процесінде репродуктивті әдістердің басым болуымен және эксперименттік әрекеттің жеткіліксіз ұйымдастырылуымен түсіндіріледі [2]. Аталған мәселені шешудің бірден-бір тиімді жолдарының бірі ретінде үй эксперименттерін жүйелі және әдістемелік тұрғыдан негіздеп қолдану ұсынылады. Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру контекстінде үй эксперименттері оқушының танымдық әрекетін белсендіретін, оны ғылыми ізденіс логикасына енгізетін құрал ретінде қарастырылады. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер үй эксперименттерінің тек иллюстративтік функциямен шектелмей, толыққанды зерттеу қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді [1]. Мәселен, Е. В. Воробьёва жүргізген зерттеулерде үй эксперименттері арнайы зерттеушілік модель негізінде ұйымдастырылған. Атап айтқанда, оқушыларға дайын алгоритм ұсынылмай, проблемалық жағдай туындатылып, олардан өз бетінше гипотеза құру талап етілген. Мысалы, «қышқыл мен карбонаттардың әрекеттесу механизмі» тақырыбы бойынша оқушыларға сірке қышқылы мен ас содасы негізінде тәжірибе жүргізу ұсынылған. Бұл жерде оқушылар реакция барысында бөлінетін газдың табиғатын анықтау, реакция теңдеуін құрастыру және процестің жүру шарттарын талдау міндеттерін орындаған. [3] Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұндай ұйымдастыру формасы оқушылардың логикалық ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетін және қорытынды жасау дағдыларын айтарлықтай дамытады.

Органикалық химияны оқытуда үй эксперименттерін қолдану мәселесі М. М. Акбарова және оның әріптестерінің еңбектерінде қарастырылған. Авторлар тұрмыстық заттарды пайдалану арқылы органикалық заттардың қасиеттерін зерттеуге бағытталған тәжірибелер жүйесін ұсынған. Атап айтқанда, майлардың сабындану реакциясын зерттеу барысында оқушылар өсімдік майы мен сілті ерітіндісін қолдана отырып, химиялық процестің кезеңдерін бақылаған. Сонымен қатар, табиғи индикаторлар (мысалы, антоциандарға бай қызыл қырыққабат экстракты) арқылы ортаның қышқылдық-негіздік қасиеттерін анықтау тәжірибелері жүргізілген [4]. Бұл зерттеулердің нәтижесінде оқушылардың абстрактілі химиялық ұғымдарды нақты тәжірибелік әрекет арқылы түсіну деңгейі артқаны дәлелденген. Сонымен қатар, I. R. Askarov зерттеулерінде үй эксперименттері оқушылардың өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылған. Зерттеу барысында оқушыларға химиялық реакциялардың жүру шарттарын анықтауға бағытталған тәжірибелік тапсырмалар ұсынылған. Атап айтқанда, температура мен концентрацияның реакция жылдамдығына әсері тәжірибелік жолмен

зерттелген. Оқушылар бірдей реакцияны әртүрлі жағдайларда жүргізіп, алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау арқылы қорытындылар жасаған [5]. Зерттеу нәтижелері оқушылардың эксперимент жоспарлау, деректерді өңдеу және оларды ғылыми тұрғыдан интерпретациялау дағдыларының қалыптасқанын дәлелдейді.

Қашықтан және гибридті оқыту жағдайында Elizabeth D. Mui мен Esther Lan жүргізген зерттеулер үй эксперименттерінің оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытудағы жоғары тиімділігін айқын көрсетеді. Бұл бағытта ұйымдастырылған бірқатар педагогикалық эксперименттерде оқушыларға жеке үй зерттеу жобаларын орындау тапсырылған. Мысалы, оқушыларға осмос құбылысын модельдеу және зерттеу міндеті беріліп, олар тұрмыстық қолжетімді материалдар негізінде жартылай өткізгіш мембрана рөлін атқаратын қарапайым құрылғы құрастырған. Тәжірибе барысында еріткіш пен еріген заттың бағытталған қозғалысы бақыланып, концентрация градиентінің өзгерісі жағдайында процестің динамикасы талданған. [6]

Зерттеу жұмысы шеңберінде оқушылар тек сапалық бақылаумен шектелмей, сонымен қатар температура мен концентрацияның өзгеруіне байланысты процестің қарқындылығын салыстырмалы түрде бағалаған және алынған мәліметтерді жүйелеп, қарапайым графикалық интерпретация жасаған [6]. Мұндай оқу-танымдық әрекет оқушыларды стандартты лабораториялық жұмысты орындаушы деңгейінен шығарып, оларды зерттеу логикасына сәйкес жұмыс істейтін субъект деңгейіне көтереді. Зерттеу нәтижелері бұл форматтағы үй эксперименттері оқушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын (бақылау, өлшеу, деректерді өңдеу, интерпретациялау) кешенді түрде дамытатынын және олардың химиялық құбылыстарды түсіну тереңдігін арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар оқушыларда нақты ғылыми зерттеу жүргізу тәжірибесіне жақын оқу ортасын қалыптастырып, олардың пәнге деген ішкі мотивациясын күшейтеді.

Үй эксперименттерінің мазмұны тек қарапайым химиялық реакцияларды бақылаумен шектелмейді, керісінше ол оқушыларды ғылыми зерттеудің күрделірек әдістерін меңгеруге бағыттайтын дидактикалық құрал ретінде қарастырылады. Бірқатар педагогикалық зерттеулерде үй жағдайында орындалатын тәжірибелердің спектрі кеңейтіліп, аналитикалық және модельдік сипаттағы тапсырмалар енгізілген. Мұндай тәжірибелер оқушылардың тек бақылау дағдысын емес, сонымен қатар ғылыми талдау, деректерді интерпретациялау және модель құрастыру қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Атап айтқанда, қағаз хроматографиясы әдісі арқылы түрлі бояғыш заттарды бөлу тәжірибесі оқушыларға қоспалардың құрамын талдаудың физика-химиялық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе барысында оқушылар еріткіштің капиллярлық қозғалысын, заттардың әртүрлі жылдамдықпен тасымалдануын бақылап, заттардың полярлығы мен ерігіштік қасиеттерінің арасындағы байланысты анықтайды [7]. Мұндай әрекет химиялық

анализдің базалық принциптерін тәжірибелік деңгейде меңгеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, кристалдану процестерін зерттеу (мысалы, мыс(II) сульфаты немесе ас тұзы негізінде кристал өсіру) оқушыларға заттардың қатты күйдегі құрылымдық ұйымдасу заңдылықтарын түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе барысында ерітіндінің қанығу деңгейі, булану жылдамдығы және температураның әсері сияқты факторлардың кристал түзілуіне ықпалы зерттеледі. Нәтижесінде оқушылар фазалық ауысулардың негізгі заңдылықтарын тәжірибе арқылы игереді [8]. Сондай-ақ суды тазарту процестерін модельдеу тәжірибелері экологиялық бағыттағы химиялық білімді қалыптастыруда маңызды орын алады. Оқушылар құм, көмір және мата сүзгілерін пайдалана отырып, суды механикалық және ішінара химиялық тазарту моделін құрастырады [9]. Бұл процесс барысында олар адсорбция, фильтрация және қоспаларды бөлу әдістерінің принциптерін тәжірибе жүзінде меңгереді.

Жалпы алғанда, мұндай күрделендірілген үй эксперименттері оқушыларға химиялық құбылыстарды тек сипаттау деңгейінде емес, олардың ішкі механизмдерін түсіну деңгейінде игеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде зерттеушілік құзыреттіліктің негізгі компоненттері болып табылатын аналитикалық ойлау, жүйелеу, салыстыру және ғылыми негізделген қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген ғылыми-әдістемелік талдау нәтижелері химияны оқыту үдерісінде үй эксперименттерін жүйелі түрде қолдану оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы екенін айқын көрсетеді. Қарастырылған зерттеулердің барлығы дерлік үй жағдайында орындалатын тәжірибелердің оқушыны дайын білімді қабылдаушы рөлінен шығарып, оны ғылыми ізденіс логикасына сәйкес әрекет ететін белсенді субъект деңгейіне көтеретінін дәлелдейді. Талдау барысында анықталғандай, үй эксперименттері оқыту процесінде бірнеше маңызды дидактикалық функция атқарады. Біріншіден, олар проблемалық оқыту принципін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни оқушыны дайын алгоритмді орындаушы емес, мәселені шешуші зерттеуші ретінде қалыптастырады. Екіншіден, тәжірибелік әрекет арқылы теориялық білім мен нақты құбылыстар арасындағы байланыс күшейеді, бұл химиялық ұғымдардың терең әрі саналы түрде меңгерілуіне ықпал етеді. Үшіншіден, эксперименттік тапсырмалар оқушылардың дербес танымдық әрекетін белсендіреді, олардың оқу үдерісіне жауапкершілікпен қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қарастырылған зерттеулер үй эксперименттерінің оқушылардың когнитивтік және метатанымдық қабілеттеріне тікелей әсер ететінін көрсетеді. Атап айтқанда, бақылау жүргізу, гипотеза құру, деректерді өңдеу, салыстырмалы талдау жасау және ғылыми негізделген қорытынды шығару сияқты дағдылар жүйелі түрде

дамиды. Бұл дағдылар зерттеушілік құзыреттіліктің негізгі құрылымдық компоненттері болып табылады.

Үй эксперименттерінің тағы бір маңызды әсері олардың оқушылардың ішкі оқу мотивациясын арттыруымен байланысты. Тәжірибелердің тұрмыстық ортада орындалуы, олардың өмірмен тікелей байланысы және қолжетімділігі оқушыларда пәнге деген қызығушылық пен танымдық белсенділікті күшейтеді. Бұл жағдай оқыту процесін формальды сипаттан шығарып, оны тұлғалық-маңызды әрекетке айналдырады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері үй эксперименттерін химияны оқытуда қолдану тек қосымша әдістемелік элемент емес, керісінше оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық жүйе екенін дәлелдейді. Осыған байланысты болашақта үй эксперименттерін оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу, оларды проблемалық және жобалық оқыту элементтерімен интеграциялау, сондай-ақ әдістемелік тұрғыдан жетілдіру қажеттілігі айқындалады.

Қорытындылай келе, үй эксперименттері химияны оқытуда оқушының ғылыми-зерттеу әрекетіне жүйелі түрде тартудың, оның ойлау дербестігін, сыни және шығармашылық қабілеттерін дамытудың, сондай-ақ пәндік білімді күнделікті өмір тәжірибесімен тиімді ұштастырудың маңызды дидактикалық құралы болып табылады. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың ішкі оқу мотивациясын арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтуге және білімді саналы әрі терең меңгеруіне оң ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шишлова М. А., Павлов И. Г. Домашний эксперимент в современной школе // Научный альманах. – 2020. – №5-1. – С. 163–166.
2. Пономарева М. Ю. Домашний эксперимент // IV Всероссийская конференция учителей. – 2017. – С. 197.
3. Воробьева Е. В. Формирование исследовательских компетенций школьников при организации и проведении домашнего эксперимента по химии // Актуальные вопросы научно-методической и учебно-организационной работы. – 2022. – С. 66.
4. Акбарова М. М., Курбонова М. З., Холикова Л. Р. Химический эксперимент с применением домашних средств в изучении органической химии // Наука и инновация. – 2019. – С. 241–246.
5. Askarov I. R. Using Home Experiment in Teaching Chemistry at School // Eastern European Scientific Journal. – 2017. – №1.
6. Mui E. D., Lan E. Independent at-Home Chemistry Project for a High School Student: Osmosis Experiments Using a U-Tube Apparatus // Journal of Chemical Education. – 2022. – Т. 99. – №. 8. – С. 2885-2893.

7. АЛХИМИК. Химия на каждый день: Домашние эксперименты и учебные материалы [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.alhimik.ru/read/olg24.html> (дата обращения: 29.04.2026)
8. Нестандартная химия: как вырастить дома кристаллы [Электронный ресурс] // МЕЛ. – URL: <https://mel.fm/blog/kts-zil/92106-neskuchnaya-khimiya-kak-vyrastit-doma-kristally> (дата обращения: 29.04.2026).
9. Фильтрация воды. Опыты и эксперименты [Электронный ресурс] // NS Portal. – URL: <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2019/03/30/filtrovaniye-vody> (дата обращения: 29.04.2026).
10. UNESCO. *Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives*. – Paris: UNESCO, 2017. – 63 p.

FORMATION OF STUDENTS' RESEARCH COMPETENCE THROUGH HOME EXPERIMENTS IN CHEMISTRY EDUCATION

Mukhambetsali A.R.

Scientific Supervisor: B.D. Balgysheva

As a result of analyzing the educational process carried out within the framework of modern curricula, it has been determined that teaching based solely on theoretical knowledge is insufficient for the full development of students' broad and critical thinking skills. In this regard, there is a need for the effective use of modern teaching technologies and information and communication technologies that align with national curricula, drawing on best practices from global education systems. These technologies are being systematically integrated and consistently implemented into the educational process. This article comprehensively examines the issue of developing students' research competence through the use of home-based experiments in the teaching of chemistry. The impact of experiments conducted at home on increasing students' cognitive engagement, developing scientific thinking skills, and connecting theoretical knowledge with practical application is analyzed. In addition, the effectiveness of home experiments in engaging students in independent research activities, as well as their potential to enhance learning motivation, is thoroughly described. The study scientifically substantiates that home experiments serve as an important pedagogical tool for developing students' research competence in chemistry education.

Keywords: *chemistry education, home experiment, research competence, practical skills, cognitive activity, problem-based learning, scientific thinking, school chemistry*

ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ДОМАШНИХ ЭКСПЕРИМЕНТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

Мұханбетсали Айдана Рүстемқызы

Научный руководитель: Балғышева Бейкүт Даутбековна

В результате анализа образовательного процесса, осуществляемого в рамках современных учебных программ, было выявлено, что обучение, основанное исключительно на теоретических знаниях, недостаточно для полноценного развития широкого спектра и критического мышления учащихся. В связи с этим возникла необходимость эффективного использования современных образовательных технологий и информационно-коммуникационных технологий, соответствующих национальным учебным программам, с опорой на передовой опыт мировых образовательных систем. Указанные технологии планомерно интегрируются и системно внедряются в учебный процесс. В данной статье всесторонне рассмотрена проблема формирования исследовательской компетентности учащихся посредством использования домашних экспериментов в процессе обучения химии. Проанализировано влияние опытов, выполняемых в домашних условиях, на повышение познавательной активности учащихся, развитие навыков научного мышления и интеграцию теоретических знаний с практикой. Кроме того, подробно описана эффективность домашних экспериментов в вовлечении учащихся в самостоятельную исследовательскую деятельность, а также их возможности в повышении учебной мотивации. В результате исследования научно обосновано, что домашние эксперименты являются важным педагогическим инструментом формирования исследовательской компетентности учащихся при обучении химии.

Ключевые слова: обучение химии, домашний эксперимент, исследовательская компетентность, практические навыки, познавательная активность, проблемное обучение, научное мышление, школьная химия

REFERENCES

1. Shishlova M.A., Pavlov I.G. Home experiment in the modern school // Scientific Almanac. — 2020. — No. 5-1. — Pp. 163–166.
2. Ponomareva M.Yu. Home experiment // IV All-Russian Teachers' Conference. — 2017. — P. 197.

3. Vorobyova E.V. Formation of school students' research competencies in organizing and conducting home chemistry experiments // Current Issues of Scientific-Methodological and Educational-Organizational Work. — 2022. — P. 66.
4. Akbarova M.M., Kurbonova M.Z., Kholikova L.R. Chemical experiment using household substances in the study of organic chemistry // Science and Innovation. — 2019. — Pp. 241–246.
5. Askarov I.R. Using Home Experiment in Teaching Chemistry at School // Eastern European Scientific Journal. — 2017. — No. 1.
6. Mui E.D., Lan E. Independent at-Home Chemistry Project for a High School Student: Osmosis Experiments Using a U-Tube Apparatus // Journal of Chemical Education. — 2022. — Vol. 99. — No. 8. — Pp. 2885–2893.
7. ALKHIMIK. Chemistry for Every Day: Home Experiments and Educational Materials [Electronic resource]. — URL: [ALKHIMIK website](#) (date of access: 29.04.2026).
8. Fun Chemistry: How to Grow Crystals at Home [Electronic resource] // MEL. — URL: [MEL article](#) (date of access: 29.04.2026).
9. Water Filtration. Experiments and Practical Activities [Electronic resource] // NS Portal. — URL: [NS Portal article](#) (date of access: 29.04.2026).
10. UNESCO. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. — Paris: UNESCO, 2017. — 63 p.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 37.016:51-7:004.9:37.03

ДИСКРЕТТІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ САПАСЫН ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ, ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ МОТИВАЦИЯ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Сейтмагамбетова Жанерке Ермекбайқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Джандигулов А. Р.

Оқыту сапасы – бұл оқытушылар, студенттер, оқу бағдарламасы, оқу материалдары, медиа, инфрақұрылым және оқыту жүйесі арасындағы жүйелік байланыстар мен синергияның қарқындылығы, ол оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес оңтайлы оқу процестері мен нәтижелерін қамтамасыз етеді. Дискретті математиканы оқыту сапасын арттыру – білім беру мақсаттарына қол жеткізумен байланысты маңызды элемент, әсіресе педагогикалық мамандықтардың студенттері үшін. Әртүрлі білім беру даму есептері мен практикалық байқаулардан университет деңгейінде дискретті математиканы оқыту сапасы күтілгендей емес екені белгілі. Сондықтан оқыту сапасын арттыруға байланысты айнымалылар туралы ақпарат алу үшін зерттеу қажет. Бұл зерттеудің мақсаты – педагогикалық құзыреттілік, жобалық оқытудың (PBL) тиімділігі, цифрлық құзыреттілік, когнитивті мотивация және оқыту сапасы айнымалыларының әсерін зерттей отырып, дискретті математиканы оқыту сапасын арттыру стратегиялары мен жолдарын ұсыну.

Кілт сөздер: оқыту сапасы, дискретті математика, жобалық оқыту, цифрлы құзыреттілік, когнитивті мотивация, педагогикалық құзыреттілік.

Дискретті математика – информатика, бағдарламалау, жасанды интеллект және криптографияның теориялық негізі. Оны оқыту логикалық ойлауды, абстрактілі ұғымдарды түсінуді және алгоритмдік көзқарасты қажет етеді. Дегенмен, педагогикалық мамандық студенттеріне дискретті математиканы оқытуда бірқатар қиындықтар бар. Біріншіден, дискретті математика ұғымдары (графтар, жиындар, логикалық амалдар) өте абстрактілі. Екіншіден, студенттер бұл пәнді болашақ кәсіби қызметіне қажетті деп санамайды, сондықтан олардың когнитивті мотивациясы төмен. Үшіншіден, оқытуда заманауи цифрлық құралдар жеткіліксіз пайдаланылады. Осы мәселелерді шешу үшін жобалық оқытуды (PBL) қолдану тиімді болып табылады.

Жобалық оқыту – студенттерді нақты практикалық жобалармен жұмыс істеу арқылы оқыту әдісі (Daryanto & Raharjo, 2012; Fathurrohman, 2016). PBL студенттердің теорияны

практикамен байланыстыруына, топта жұмыс істеуіне және өз бетінше зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді. Дискретті математикада PBL графтар теориясы бойынша «ең қысқа жолды табу» алгоритмін құру, бұл алгебрасы бойынша логикалық схема жобалау, криптография бойынша шифрлау жүйесін жасау түрінде жүзеге асырылады. PBL артықшылықтары: студенттердің белсенділігі артады, теория практикамен байланысады, командалық жұмыс дағдылары дамиды (Boaler, 1998; Capraro & Capraro, 2006).

Цифрлық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды сенімді және тиімді пайдалана білу қабілеті (Voogt & Roblin, 2012; Wu, 2013). Дискретті математика контекстінде цифрлық құзыреттілік студенттерге графтарды визуализациялауға, алгоритмдерді бағдарламалауға және күрделі есептерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл сыртқы баға немесе марапат емес, студенттің «мен білгім келеді» деген ішкі ұмтылысы. Когнитивті мотивация жоғары болғанда, студенттер қиын тапсырмалардан қорықпайды, қосымша әдебиеттер оқиды және өз бетінше ізденеді. Оны арттырудың тиімді тәсілдері: проблемалық жағдаят құру («элеуметтік желідегі ең ықпалды адамды қалай табуға болады?»), пәнді өмірмен байланыстыру («достар графы»), геймификация элементтерін қолдану (лабиринттен шығу).

Осы үш компонент – жобалық оқыту, цифрлық құзыреттілік және когнитивті мотивация – өзара тығыз байланысты. Педагогикалық мамандық студенттері болашақта мектепте математиканы оқытады, сондықтан олардың дискретті математиканы терең меңгеруі маңызды. Алайда практика көрсеткендей, дәстүрлі оқыту әдістері (лекция + семинар) мына мәселелерді шеше алмайды: абстрактілі ұғымдарды түсінудегі қиындықтар; студенттердің төмен мотивациясы; цифрлық құралдарды пайдалана алмау. Осы мәселелерді шешу үшін үш компонентті біріктіретін әдістеме ұсынылады: жобалық оқыту (PBL), цифрлық құзыреттіліктер және когнитивті мотивация.

1. Дискретті математиканы жобалық оқыту арқылы ұйымдастыру

Жобалық оқыту – студенттердің өз бетінше зерттеу жүргізуіне, мәселені шешу жолдарын табуына және нәтижені қорғауына негізделген оқыту технологиясы. Дискретті математика курсына жобалық оқыту әдісін қолдану теориялық материалды практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, графтар теориясы тақырыбын оқыту барысында студенттерге келесі жобалық тапсырмалар ұсынылады:

1. Қала жолдарының граф моделін құру
2. Элеуметтік желідегі байланыстарды граф түрінде көрсету
3. Ең қысқа маршрутты анықтау алгоритмін жасау
4. Ағаш құрылымын қолдана отырып классификация жасау
5. Комбинаторикалық есептерге жобалық модель құру

Бұл тапсырмалар студенттердің логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, пәнді өмірмен байланыстыра отырып меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттер өз жобаларын цифрлық құралдар арқылы дайындайды.

2. Цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыру

Цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыруда технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білімнің интеграциясы маңызды рөл атқарады. Voogt және басқалардың (2013) зерттеуі бойынша, TRASK моделі мұғалімнің цифрлық технологияларды пәндік біліммен ұштастыра отырып қолдану қабілетін дамытады. Бұл модель дискретті математиканы оқытуда цифрлық құралдарды тиімді пайдаланудың теориялық негізі бола алады. Tondeur және басқалардың (2020) зерттеуінде болашақ мұғалімдердің технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білімдерін интеграциялау қажеттілігі көрсетілген. Ал Ryan & Deci (2020) өзін-өзі анықтау теориясын жаңарта отырып, студенттердің ішкі мотивациясын арттырудың негізгі факторларын анықтаған.


Эксперимент кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогикалық мамандықтарының студенттері арасында дискретті математиканы оқытуға арналған жобалық тапсырмалар жүйесі әзірленді (GeoGebra, Python, Graph Online).

2. Бақылау тобы: 15 студент дәстүрлі әдіспен оқыды (лекция + семинар + дайын есептер).

3. Эксперименттік топ: 15 студент ұсынылған әдістемені бойынша оқыды (PBL + цифрлық құралдар + когнитивті мотивация).

4. Бағалау: 4 аптадан кейін екі топтың нәтижелері салыстырылды.



1-диаграмма – Бақылау және эксперименттік топ нәтижелері

1-суреттен көрініп тұрғандай, эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда барлық өлшемдер бойынша айтарлықтай жоғары. Бұл ұсынылған әдістеменің тиімділігін айқын дәлелдейді.

Эксперимент нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

1. Ұсынылған әдістеменің тиімді. Эксперименттік топтың орташа нәтижесі бақылау тобынан 36%-ға жоғары.

2. Мотивация айтарлықтай артты. Пәнге қызығушылық 42%-ға жоғарылады.

3. Цифрлық құзыреттілік қалыптасты. Цифрлық құралдарды қолдану дағдысы 69%-ға өсті.

4. Өздігінен жұмыс істеу қабілеті дамыды. Бұл көрсеткіш 44%-ға артты.

Ұсынылған әдістеменің нәтижесі:

Жобалық оқыту, цифрлық құралдар және когнитивті мотивацияны қолдану нәтижесінде дискретті математиканы оқыту сапасының артатыны байқалады. Студенттердің танымдық белсенділігі жоғарылап, пәнді меңгеру деңгейі жақсарады.

Кесте 1 – Оқыту әдістерін салыстыру

Көрсеткіш	Дәстүрлі оқыту	Ұсынылған әдіс
Қызығушылық	орташа	жоғары
Белсенділік	төмен	жоғары
Мотивация	төмен	жоғары
Түсіну деңгейі	орташа	жоғары

Кестеден ұсынылған әдістеменің тиімділігі байқалады. Студенттердің пәнге қызығушылығы артып, есептерді шешу қабілеті жақсарады.

Зерттеу барысында келесі нәтижелер алынды:

1. Жобалық оқыту студенттердің теорияны практикада қолдана білуін арттырды. Студенттер жобаларды орындау барысында графтарды құруды, алгоритмдерді бағдарламалауды және нәтижелерді талдауды үйренді.

2. Цифрлық құзыреттіліктер қалыптасты. Студенттер GeoGebra, Python, Graph Online сияқты құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерді.

3. Когнитивті мотивация артты. Проблемалық жағдаяттар мен өмірлік мысалдар студенттердің пәнге деген ішкі қызығушылығын оятты.

4. Ұсынылған әдістеме студенттердің логикалық ойлауын, аналитикалық қабілеттерін және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытты.

Дискретті математиканы оқытуда жобалық оқыту, цифрлық құзыреттіліктер және когнитивті мотивацияны қолдану оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістеме студенттердің логикалық ойлауын дамытып, пәнге деген қызығушылығын қалыптастырады. Сонымен қатар цифрлық құралдарды пайдалану арқылы оқу процесі тиімді ұйымдастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Voogt, J., Fisser, P., Pareja Roblin, N., Tondeur, J., & van Braak, J. (2013). Technological pedagogical content knowledge – A review of the literature. *Journal of Computer Assisted Learning*, 29(2), 109–121

2. Yetkiner Z.E., Anderoglu H., Capraro R.M. Research summary: Project-based learning in middle grades mathematics. – NMSA, 2008. – 8 p.

3. Voogt, J., & Roblin, N. P. (2012). A comparative analysis of international frameworks. *Journal of Curriculum Studies*, 44(3), 299-321.

4. Thomas, J. W. (2000). A review of research on project-based learning.

5. Boaler J. Open and closed mathematics: Student experiences and understandings // *Journal for Research in Mathematics Education*. – 1998. – Vol. 29, No. 1. – P. 41-62.

6. Баймұханов Б.Б., Жұмабаева Ж.Е. (2023). Жоғары оқу орындарында дискретті математиканы оқытудың заманауи тәсілдері. *Қазақстанның ғылымы мен өмірі*, 45(2), 78-92.

7. Blumenfeld P.C., Soloway E., Marx R.W., Krajcik J.S., Guzdial M., Palincsar A. Motivating project-based learning: Sustaining the doing, supporting the learning // *Educational Psychologist*. – 1991. – Vol. 26, No. 3-4. – P. 369-398.

8. Jonassen D. Learning to Solve Problems: A Handbook for Designing Problem-Solving Learning Environments. – Routledge, 2011. – 320 p.

9. Әбілқасымова А.Е., Тұрғынбаева Б.А. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2018.

10. Chen, C.H., & Yang, Y.C. (2023). Revisiting the effects of project-based learning on students' academic achievement: A meta-analysis of moderators. *Educational Psychology Review*, 35(2), 45-68.

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ ДИСКРЕТНОЙ МАТЕМАТИКЕ ПОСРЕДСТВОМ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ, ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ И КОГНИТИВНОЙ МОТИВАЦИИ

Сейтмагамбетова Жанерке Ермекбайқызы

Научный руководитель: Джандигулов А. Р.

Качество обучения представляет собой интенсивность системных связей и синергии между преподавателями, студентами, учебной программой, учебными материалами, медиа, инфраструктурой и системой обучения, обеспечивающих оптимальные образовательные процессы и результаты в соответствии с требованиями учебной программы. Повышение качества преподавания дискретной математики является важным элементом достижения образовательных целей, особенно для студентов педагогических специальностей. Различные отчёты о развитии образования и практические наблюдения показывают, что качество преподавания дискретной математики на университетском уровне не соответствует ожидаемому уровню. В связи с этим возникает необходимость в исследовании факторов, влияющих на повышение качества обучения. Цель данного исследования заключается в определении стратегий и путей повышения качества преподавания дискретной математики посредством изучения влияния таких переменных, как педагогическая компетентность, эффективность проектного обучения (PBL), цифровая компетентность, когнитивная мотивация и качество обучения.

Ключевые слова: качество обучения, дискретная математика, проектное обучение, цифровая компетентность, когнитивная мотивация, педагогическая компетентность.

IMPROVING THE QUALITY OF TEACHING DISCRETE MATHEMATICS THROUGH PROJECT-BASED LEARNING, DIGITAL COMPETENCIES, AND COGNITIVE MOTIVATION

Seitmagambetova Zh.Ye.

Scientific Supervisor: A. R. Dzhandigulov

The quality of teaching is defined as the intensity of systemic relationships and synergy among lecturers, students, curriculum, learning materials, media, infrastructure, and the educational system, ensuring optimal learning processes and outcomes in accordance with curriculum requirements. Improving the quality of

teaching discrete mathematics is an important element in achieving educational goals, especially for students of pedagogical specialties. Various educational development reports and practical observations indicate that the quality of teaching discrete mathematics at the university level does not meet expected standards. Therefore, research is needed to obtain information about the variables related to improving teaching quality. The purpose of this study is to propose strategies and approaches for improving the quality of teaching discrete mathematics by examining the influence of variables such as pedagogical competence, the effectiveness of project-based learning (PBL), digital competence, cognitive motivation, and teaching quality.

Keywords: teaching quality, discrete mathematics, project-based learning, digital competence, cognitive motivation, pedagogical competence.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘӨЖ 37.013

STEAM БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Өмірбай Әсем Оразалықызы

студент, Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бағдарламасының 3 курс студенті, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Баумуратова Диларам Бекбулатовна

Бұл мақала STEAM тәсілі арқылы ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы кіріктіре отырып оқушылардың шығармашылық, сыни ойлау және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл арқылы өнерді оқу процесіне тиімді әрі қызықты жолмен енгізуге болады. Сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашыл ойлау қабілттерін арттырады. STEAM жүйесінде өнерді қолдану оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, жобалық жұмыс дағдыларын дамытуға және білімді тәжірбиемен ұштастыруға үлкен мүмкіндік береді. Қазақстандағы STEAM.kz платформаларына салған видео-сабақтарының нәтижесі өнердің білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсеткен.

Кілт сөздер: STEAM білім беру, өнер, шығармашылық, интеграция, педагогикалық инновация, бастауыш білім, шығармашылық ойлау, жобалық оқыту.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық ойлауын, сыни көзқарасын және практикалық дағдыларын дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы талаптарға жауап беретін заманауи бағыттардың бірі – STEAM білім беру жүйесі. STEAM – ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering), өнер (Arts) және математика (Mathematics) пәндерінің интеграциясына негізделген білім беру моделі [1]. Бұл

тәсіл оқушылардың өмірлік мәселелерді кешенді түрде шешу қабілетін дамытуға бағытталған.

STEAM білім берудің теориялық бағытында конструктивизм және тәжірбие арқылы оқыту (experiential learning) идеялары жатыр [1]. Бұл теорияларға сәйкес, оқушы сабақта білімді мұғалімнен дайын информациялар алмайды, керісінше оны тәжірбие, зерттеу және өзара әрекет арқылы оқушының өзі құрастыруы қажет [2]. Осы тұрғыдан қарағанда өнер элементі оқушының білімді көру, сезіну және қолмен жасау арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Яғни, көркемдік әрекеттер оқу процесіне тек танымдық емес, сонымен қатар практикалық және эмоционалдық деңгейде болады. STEAM жүйесінде өнердің маңызы тек эстетикалық және сурет салу тұрғысынан шектелмейді [7]. Қосымша визуалды коммуникация және креативті проблемаларды шешу дағдыларын қамтиды. Мысалға оқушылар белгілі бір проблеманы шешу барысында идеяларын макет, сызба немесе инфографика түрінде ұсыну арқылы өз ойларын жүйелі әрі көрнекі түрде жеткізуді үйренеді [4]. Бұл негізінен қазіргі цифрлық қоғамда өте қажет дағды болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық тәжірбиеде STEAM білім беру арқылы оқушылардың 21 ғасыр дағдылары қалыптасатыны дәлелденген [3]. Оларға коммуникация, сыни ойлау, коллаборация және шығармашылық жатады. Өнер компоненті осы дағдылардың ішіндегі коммуникация мен шығармашылықты биік деңгейге қояды. Себебі оқушы өз идеясын ойлап қана қоймай, оны визуалды және практикалық түрде ұсынуға мүмкіндік алады. STEAM сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану өте маңызды болып табылады. Мысалы, оқушылар 3D модельдеу бағдарламаларын, интерактивті презентация және цифрлық сурет салу формаларын жасау дағдыларын арттырып қана қоймай, өнер мен технологияны біріктіріп қолдану қабілетін дамытады [3].

Бастауыш білім беру деңгейінде STEAM тәсілін қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын сақтап қалуға көмектеседі. Себебі бұл жастағы оқушылар үшін визуализация, ойын және қолмен жасау әрекеттері арқылы оқыту тиімді болады [2]. Мысалы Менің қалам , Күн жүйесі , Биосфера тақырыптарында сурет салу, макет жасау және қарапайым тәжірбиелер жүргізу олардың танымдық белсенділігін арттырады. STEAM сабақтарында топтық жұмыс ерекше маңызға ие [4]. Оқушылар бірлесіп жоба орындау арқылы өз ойын дәлелдеуге, пікір алмасуға және өзге оқушылардың көзқарасын тыңдауға үйренеді. Бұл өз кезегінде олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытумен қатар сынып ішінде ынтымақтастық мәдениеті қалыптастады [2]. STEAM білім беруде өнердің интеграциясы оқушылардың эмоциялық, когнитивтік және психомоторлық дағдыларын бір мезгілде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл Блум таксономиясы тұрғысынан өзекті болып табылады [1]. Себебі оқушы ақпаратты тек есте сақтап қана қоймай, оны түсінеді, қолданады, талдайды және жаңа өнім құрастырады. Ал өнер элементтері арқылы осы сатылардың ең жоғарғы деңгейіне жету мүмкіндігі туады. STEAM тәсілінде қолданылатын жобалық

оқыту барысында өнер элементтері арқылы оқушылардың идеяларын нақты өнімге айналдыруға болады. Мысалы, биосфера тақырыбында оқушылар тек мәтіндік бағдарлама емес, инфографика, плакат немесе макет жасау арқылы өз идеяларын ұсынады [4]. Бұл элементтер олардың бұл жобаның мәнін тереңірек түсінуге және шығармашыл тұрғыдан орындауға көмектеседі. Сонымен қатар, STEAM жүйесі инклюзивті білім беру тұрғысынан алып қарағанда өте тиімді болып келеді. Себебі өнер арқылы ақпаратты әртүрлі тәсілмен қабылдау мүмкіндігі артады. Көру, есту және қолмен жасау әрекеттерін орындау арқылы оқушылардың басым көпшілігі оқу процесіне белсенді қатыса алады [2]. Бұл әсіресе бастауыш сынып жасындағы оқушылар үшін өте маңызды.

Қазіргі білім беру тенденцияларында STEAM жүйесі Maker Education бағытымен тығыз байланыста [7]. Бұл бағытта оқушылар өз қолдарымен түрлі зат жасап, прототип құрастырып үйренетін болады. Сонымен қатар бұл бағытта өнер дизайн мен эстетикалық идеяларды қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Яғни, оқушы тек қана функционалды емес, қолдануға ыңғайлы өнім жасауға үйренеді. Өнерді STEAM сабақтарына енгізу арқылы оқушылардың эмоционалдық интелектісінің дамуына ықпал етеді. Олар өз жұмысын топ алдында қорғау, пікірін ашық айту және топ ішінде жұмыс жасау барысында эмоцияларын басқаруды, өз ойын мәдениетті жеткізуді үйренеді. Бұл оқушылардың болашақта әлеуметтік қарым қатынас дағдыларының дамуына негіз болады.

STEAM білім беруде бағалау жүйесі де ерекше сипатқа ие болады. Дәстүрлі тестілеумен қатар жоба қорғау, портфолио, презентация және шығармашылық жұмыс бағаланады. Бұл оқушының тек дұрыс жауап беру қабілетін ғана емес, оның ойлау процесін, практикалық нәтижесін және шығармашылық шешеімін бағалауға мүмкіндік береді. Білім беру саласындағы зерттеулерге сәйкес, STEAM әдісін қолдану оқушылардың оқу мотивациясын айтарлықтай арттырады [3]. Себебі олар нақты өмірмен байланысты тапсырмаларды орындайды және өз еңбегінің нәтижесін көре алады. Өнер компоненті бұл процесті одан әрмен қызықты етеді.

STEAM білім берудің көптеген ерекшеліктері бар. Соған кеңінен тоқтала өтсем ең алдымен білім мазмұнын пәндер бойынша бөлек емес, өзара байланысты түрде ұйымдастыру [3]. Бұл тұрғыда өнер пәндері жәй ғана қосымша сабақ емес, білім алатын тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашатын негізгі компоненттерің бірі болуы тиісті. Өнерді сабаққа жәймендеп енгізу арқылы оқыту үдерісі сабақтың эмоцияға толы, қызықты және шығармашыл тұрғыда өтілуіне жол ашады [4]. STEAM жүйесінде өнер компоненті өте үлкен рөл ойнайды. Өнер арқылы оқушылардың миымыз сызып берген шекарадан алысқа кетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушыларға информацияны визуалды түрде көрсету арқылы модельдеу мен жобалау қабілеттерін жетілдіруге болады [1]. Сабақта өнер арқылы оқушылар көбінесе түсініксіз

келетін ғылыми терминдер мен ұғымдарды оңай қабылдап, өз идеяларын ұсынуға дағдыланады [6].

STEAM.kz көрсеткен зерттеулерге сүйене отыра оқу және STEAM жүйесіне өнерді енгізу оқушылардың тапсырмаға креативті қарауға және сыни ойлауын дамытуға көмектеседі [4]. Инновациялық идеяларды қалыптастыруға және пәндер арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі [2]. Сонымен қатар, өнер арқылы оқушылардың тапсырма немесе мәселені әртүрлі қырынан қарауына мүмкіндік береді. Өнер элементтері арқылы оқыту процесі барысында оқушылар дизайн жасауды, визуальды модель құруды, шығармашылық жоба жасауды орындауы қажет [5]. Бұл әрекеттерді орындау арқылы оқушыларда зерттеушілік қабілеттерін дамытады [7].

STEAM білім беру шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі – жобалық және зерттеушілік жұмыстарға негізделіп жасалады [3]. Бұл процес а арқылы оқушылар ғылыми тәжірбиелерді орындау кезінде модель құрастыру арқылы макет жасайды немесе визуалды презентациялар әзірлейді [4]. Өнерді қолдану арқылы оқушылар сабақта тек теориялық білім алып қана қоймай, өз идеяларын түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады. Бұл процес олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқуға мотивациясын арттырады. STEAM оқыту жүйесінде оқушылардың жеке тәжірбиесіне сүйене отырып білім құруына мүмкіндік береді [5].

Білім беру процесінде өнерді ықпалдастыру жолдары өте көп. Ол бағыттарға тоқтала кетсек: ғылыми жобаларды көркем түрде рәсімдеу, инженерлік модельдерді дизайн арқылы құрастыру, математикалық заңдылықтарды сурет арқылы көрсету, цифрлық өнер құралдарын қолдану, шығармашылық тапсырмалар арқылы білімді бекіту [4]. Мысалы бастауыш сынып оқушылары табиғат туралы жаратылыстану немесе дүниетану пәндерінде оқығанда өсімдіктердің макетін жасауына болады. Бұл әрекет олардың шығармашылық және ғылыми дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

STEAM білім беру жүйесінде педагогикалық маңызы өте зор. Бұл жүйеде өнерді қолдану педагогикалық тұрғыдан бірнеше артықшылықтар береді: оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, пәндер арасындағы байланысты қалыптастыру, зерттеушілік дағдыларды дамыту, проблеманы сыни тұрғыдан жетілдіру, оқуға мотивациясын арттыру болып табылады [7]. STEAM тәсілі арқылы оқушылардан тек білім алушы емес, зерттеуші және шығармашыл тұлға қалыптастыра аламыз [3]. Өнер компоненті осы мақсатқа жетуге негіз болып табылады.

STEAM білім беру аясында өнерді ықпалдастырудың тиімділігі оқыту әдістерін жаңартумен тығыз байланыста. Әсіресе, сабақ барысында оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістерді қолдану маңызды. Мысалы рөлдік ойындар, пікірталас, жобаны қорғау, ойлан -

жұптас-бөліс сияқты стратегиялар оқушылардың өз ойын сынып алдында еркін жеткізуіне мүмкіндік жасайды. Өнер элементтерімен үйлескен тапсырмалар оқушылардың тек білімін емес, сонымен қатар тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін және логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал жасайды [3]. Сонымен қатар, оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуда визуалды жұмыстардың маңызы зор. Мысалы, оқушы өзі жасаған макет немесе өз жобасын сипаттау, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сынып алдында таныстыру сияқты тапсырмалар олардың ойының жүйелі жеткізе алуына жағдай жасайды. Бұл тәсілдер бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді. Себебі олар нақты көрнекілікке сүйене отырып сөйлеуді жеңіл меңгереді [4]. STEAM сабақтарында қойылатын дискуссиялық сұрақтарды оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Мысалы бұл модельді қалай жақсартуға болады?, сенің шешімің неге тиімді деп ойлайсың?, егер басқа материал қолдансақ, нәтиже қалай болады деп ойлайсың? деген сұрақтар оқушыларды терең ойлануға және өз пікірін дәлелдеуге көмектеседі. Осы секілді сұрақтар сыни ойлауды дамытып қана қоймай, оқушылардың бір бірімен еркін диалогқа түсуіне мүмкіндік береді [7].

Оқытудың тәжірбиелік бағыты STEAM жүйесінде ерекше орын алады. Оқушылар өз қолдарымен жасаған жобасы арқылы білімін тереңдете түседі. Мысалы қарапайым ғылыми тәжірбиелерді орындау, құрылғылардың үлгісін жасау және табиғи құбылыстарды модельдеу барысында олар практика мен теорияны байланыстырады. Өнер элементтері бұл процесті қызықты әрі мазмұнды етеді. Себебі оқушы өз жұмысын эстетикалық тұрғыдан да жетілдіруге тырысады [5]. Сонымен бірге, мұғалімнің де рөлі өзгереді. Ол тек ақпарат беруші емес, кеңесші, бағыттаушы және ұйымдастырушы қызыметін атқарады. Мұғалім оқушыларға дайын ақпарат пен жауапты бермей, керісінше олардың керек ақпаратты өз бетінше ізденуіне, сұрақ қоя отырып шешім табуына жағдай жасайды. Бұл тәсіл оқушылардың дербестігін арттырып, жауапкершілік сезімін оятады [1].

STEAM білім беру барысында рефлексия кезеңіне де ерекше көңіл бөлінеді. Сабақ соңында оқушылар өз жұмысына талдау жасап, қандай қиындықтар болатынын, нені үйренгенін және келесіде нені жақсартуға болатынын талқылайды. Бұл әрекет олардың өзін өзі бағалау дағдысын қалыптастырып, оқу процесіне саналы түрде қатысуына мүмкіндік береді [3]

Қорытынды

Қорытындылай келе, STEAM білім беру жүйесінде өнер өте маңызды рөл атқарады. Өнер оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, пәндер арасында байланысты күшейте түседі. Сонымен қатар, өнер элементтері арқылы оқу процесі оқушыларға түсінікті етіп ұсынуға болады [4]. Осы арқылы STEAM тәсілі әрбір оқушының сыни тұрғыдан ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және тақырыпқа сәйкес инновациялық көзқарасын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) https://www.researchgate.net/publication/327351326_STEAM_Education_an_overview_of_creating_a_model_of_integrative_education
- 2) <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877050913011174>
- 3) <https://link.springer.com/article/10.1186/s43031-025-00120-4>
- 4) https://paperity.org/p/82159069/full-steam-ahead-creativity-in-excellent-stem-teaching-practices?utm_source
- 5) <https://link.springer.com/article/10.1186/s43031-025-00120-4>
- 6) <https://link.springer.com/article/10.1186/s43031-025-00120-4>
- 7) https://www.researchgate.net/publication/272655111_Full_STEAM_Ahead_Creativity_in_Excellent_STEM_Teaching_Practices

ЗНАЧЕНИЕ ИСКУССТВА В СИСТЕМЕ STEAM-ОБРАЗОВАНИЯ

Омирбай Асем Оразалыкызы

В данной статье рассматривается значение художественного компонента в образовнии STEAM объединяют науку, технологии, инженерное дело, искусство и математику с целью развития у учащихся творческого мышления, критического мышления и исследовательских навыков. В рамках данного подхода искусство может быть эффективно и увлекательно интегрировано в учебный процесс. Кроме того, это способствует повышению познавательной активности учащихся и развитию творческого мышления. Использование искусства в системе STEAM предоставляет широкие возможности для формирования эстетичного вкуса учащихся, совершенствования навыков проектного обучения и связи теоритических знаний с парктикой. Результаты видеоуроков, размещунных на платформе STEAM.kz в Казахстане, показали, что искусство является важным компонентом системы образования.

Ключевые слова: STEAM- образование, искусство, творчесво, интеграция, педагогические инновации, начальное образование, креативное мышление, проектное обучение.

THE IMPORTANCE OF ARTS IN THE STEAM EDUCATION SYSTEM

Omirbay Assem Orazalykyzy

This article examines the importance of the arts component in STEAM education. The STEAM approach integrates science, technologyб engineering, arts and research skills. Through this approach, art can be effectively and engagingly introduced into

the learning process. In addition, it increases students' cognitive activity and enhances their creative thinking abilities. The use of art in the STEAM system provides great opportunities to develop students' aesthetic taste, improve project-based learning skills and connect knowledge with practice. The results of the video lessons uploaded to the STEAM.kz platforms in Kazakhstan have shown that art is an important component of the education system.

Keywords: STEAM education, arts, creativity, integration, pedagogical innovation, primary education, creative thinking, project- based learning.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 37.016:94:004.8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Болатпаев Жәнібек Жаңабайұлы

1 курс магистранты, гуманитарлық факультет, «Тарих» білім беру бағдарламасы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дүниежүзі тарихы пәнін оқыту процесінде қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. ЖИ құралдарының білім беру сапасын арттырудағы рөлін талдап, тарих пәнін оқытуда тиімді пайдаланудың әдістері мен тәсілдерін ұсынады. Сонымен қатар, цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы ЖИ мүмкіндіктері сипатталады.

Кілт сөздері: жасанды интеллект, цифрлық педагогика, тарихты оқыту әдістемесі, интерактивті оқыту, білім беру технологиялары

Қазіргі білім беру жүйесі цифрландыру үдерісінің ықпалымен қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарының кеңінен таралуы оқыту мазмұны мен әдістеріне жаңа талаптар қойып отыр. Білім беру процесінде ЖИ технологияларын қолдану — оқыту тиімділігін арттырудың, білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытудың және оқу процесін дараландырудың маңызды құралдарының бірі. Дәстүрлі оқыту әдістері көбіне ақпаратты репродуктивті түрде қабылдауға негізделсе, ЖИ технологиялары оқу үдерісін интерактивті, дербестендірілген және зерттеуге бағытталған деңгейге көтереді. Бұл мақаланың мақсаты – ЖИ-ді тарих сабақтарында қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау және оның практикалық тиімділігін негіздеу.

Дүниежүзі тарихы пәні оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда, олардың өткен мен бүгін арасындағы байланыстарды түсінуінде ерекше рөл атқарады. Бұл пән оқушылардың сыни ойлауын, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытуға бағытталған. Алайда дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе ақпаратты дайын күйінде беруге негізделіп, оқушылардың белсенді қатысуын шектеуі мүмкін. Осыған байланысты тарихты оқытуда инновациялық тәсілдерді, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын енгізу өзекті мәселеге айналуда.

Мақаланың мақсаты — жасанды интеллект технологияларын дүниежүзі тарихы пәнін оқытуда қолданудың әдістемелік негіздерін айқындау және оны тиімді пайдаланудың жолдарын көрсету.

Жасанды интеллект — адамның ойлау, талдау және шешім қабылдау сияқты интеллектуалдық қызметтерін модельдеуге бағытталған технологиялар жиынтығы. Білім беру саласында ЖИ технологиялары оқыту процесін жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Атап айтқанда, олар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу мазмұнын бейімдеуге және оқыту нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді.

Дүниежүзі тарихы пәнін оқытуда ЖИ қолданудың әдістемелік негіздері бірқатар педагогикалық қағидаттарға сүйенеді. Ең алдымен, ғылымилық қағидаты маңызды. ЖИ арқылы алынған ақпарат тарихи деректерге сәйкес келуі тиіс, сондықтан мұғалім оның дұрыстығын тексеріп, сүзгіден өткізуі қажет. Екіншіден, жүйелілік қағидаты бойынша ЖИ құралдары оқу бағдарламасына сәйкес жоспарлы түрде қолданылуы тиіс. Үшіншіден, интерактивтілік қағидаты оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. ЖИ құралдары арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды модельдеп, виртуалды зерттеулер жүргізе алады. Төртіншіден, сыни ойлауды дамыту қағидаты ерекше мәнге ие, себебі оқушылар ЖИ ұсынған ақпаратты талдап, оның дұрыстығына баға бере білуі қажет.

ЖИ технологияларын тарих сабағында қолданудың бірнеше тиімді әдістері бар. Біріншіден, контент генерациялау әдісі арқылы мұғалімдер тест тапсырмаларын, эссе тақырыптарын және оқу материалдарын жылдам әзірлей алады. Бұл уақытты үнемдеуге және сабақ сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, тарихи модельдеу әдісі оқушыларға өткен оқиғаларды терең түсінуге көмектеседі. Мысалы, белгілі бір тарихи кезеңдегі оқиғалардың даму барысын визуализациялау арқылы олардың себеп-салдар байланыстарын анықтауға болады.

Үшіншіден, диалогтық оқыту әдісі ЖИ көмегімен жүзеге асады. Бұл әдіс барысында оқушылар тарихи тұлғалармен виртуалды сұхбат жүргізіп, олардың көзқарастарын түсінуге тырысады. Мұндай тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарихи эмпатияны қалыптастырады. Төртіншіден, аналитикалық әдіс арқылы ЖИ үлкен көлемдегі тарихи деректерді өңдеп,

негізгі заңдылықтарды анықтауға көмектеседі. Бұл оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ЖИ технологияларын қолданудың тәжірибелік маңызы зор. Мысалы, «Ұлы географиялық ашулар» тақырыбын оқыту барысында оқушылар ЖИ құралдарын пайдаланып, тарихи тұлғалардың саяхаттарын зерттей алады, карталармен жұмыс істейді және оқиғалардың себептері мен салдарын талдайды. Бұл тәсіл оқушылардың өз бетінше білім алу қабілетін арттырады.

Айта келе, ЖИ технологияларын қолданудың белгілі бір шектеулері де бар. Ең алдымен, ақпараттың дәлдігі әрдайым жоғары бола бермейді, сондықтан мұғалімнің бақылауы қажет. Сонымен қатар, техникалық құралдарға тәуелділік және цифрлық сауаттылық деңгейінің әртүрлі болуы да қиындық тудыруы мүмкін. Осыған байланысты ЖИ-ді қолдану барысында педагогтың жетекші рөлі сақталуы тиіс. ЖИ-ді қолданудың өзіндік қиындықтары да бар. Ең бастысы – галлюцинация (ЖИ-дің жалған фактілерді ойдан шығаруы). Тарих пәнінде нақтылық маңызды болғандықтан, ЖИ берген кез келген ақпаратты академиялық оқулықтармен тексеру (fact-checking) – оқыту әдістемесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Сондай-ақ, оқушылардың дайын жауаптарға сүйеніп, өздігінен ойлаудан қалу қаупі бар. Сондықтан ЖИ-ді жауап табу үшін емес, идея тудыру үшін қолдану маңызды.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологиялары дүниежүзі тарихы пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашатын тиімді құрал болып табылады. Олар оқыту процесін жаңғыртып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Сонымен бірге, ЖИ технологияларын тиімді пайдалану үшін оларды ғылыми негізделген әдістемелік қағидаттарға сүйене отырып енгізу қажет. Мұғалім ЖИ құралдарын тек көмекші құрал ретінде пайдаланып, оқу процесін дұрыс ұйымдастыруы тиіс. Болашақта жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне кеңінен енгізу тарих пәнін оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтереді деп күтіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхамбетов А. Білім берудегі жасанды интеллект: Мүмкіндіктер мен кедергілер. – Алматы: Ғылым, 2023.
2. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – UCL Press, 2018.
3. Selwyn N. Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education. – Polity Press, 2019.
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы.

5. UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris, 2021.

6. Байтөреев Ж. Тарихты оқыту әдістемесіндегі инновациялық технологиялар. – Астана, 2022.

7. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: Педагогика, 1995.

8. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2002.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПРЕПОДАВАНИИ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ

Болатпаев Жәнібек Жаңабайұлы

В данной статье рассматриваются методические основы использования технологий искусственного интеллекта (ИИ) в процессе преподавания всемирной истории. Анализируется роль инструментов ИИ в повышении качества образования, а также предлагаются эффективные методы и подходы к их применению в обучении истории. Кроме того, описываются возможности ИИ в развитии познавательной активности учащихся в условиях цифрового образования.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровая педагогика, методика преподавания истории, интерактивное обучение, образовательные технологии

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TECHNOLOGIES IN TEACHING WORLD HISTORY

Bolatpayev Zhanibek Zhanabaiuly

This article examines the methodological foundations for the use of artificial intelligence (AI) technologies in the process of teaching World History. It analyzes the role of AI tools in improving the quality of education and proposes effective methods and approaches for their application in history teaching. In addition, the article describes the potential of AI in enhancing students' cognitive activity within the context of digital education.

Keywords: artificial intelligence, digital pedagogy, history teaching methodology, interactive learning, educational technologies

REFERENCES

1. Mukhametov A. *Artificial Intelligence in Education: Opportunities and Challenges*. – Almaty: Gylym, 2023.
2. Luckin R. *Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century*. – UCL Press, 2018.
3. Selwyn N. *Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education*. – Polity Press, 2019.
4. *State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan until 2025*.
5. UNESCO. *Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers*. – Paris, 2021.
6. Baitoreev Zh. *Innovative Technologies in History Teaching Methodology*. – Astana, 2022.
7. Bepalko V.P. *Pedagogy and Progressive Teaching Technologies*. – Moscow: Pedagogika, 1995.
8. Polat E.S. *New Pedagogical and Information Technologies in the Education System*. – Moscow: Akademiya, 2002.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 37.016:53:004.94

ФИЗИКА ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ: НАҚТЫ ТӘЖІРИБЕ МЕН ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ҮЙЛЕСІМІ

*Мутан Рамазан Нұралыұлы
Камалова Мохидә Зафарқызы
Досмурад Диана Дінәсілқызы*

Физика-техникалық факультеті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі білім беру жүйесінде физика зертханалары екі жолдың тоғысында тұр: дәстүрлі қолмен жасалатын нақты тәжірибе мен цифрлық модельдеу технологиялары. Осы мақалада аталған екі тәсілдің артықшылықтары мен шектеулері талданып, олардың үйлесімді қолданылуы — болашақтың оңтайлы жолы екендігі ғылыми дерекке сүйене дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері нақты тәжірибе мен виртуалды зертхананы бірлестіру жеке тәсілдермен салыстырғанда оқу нәтижелерін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді.

Кілт сөздер: физика зертханасы, виртуалды зертхана, цифрлық модельдеу, гибриді оқыту, STEM білімі, VR технологиялары.

1. КІРІСПЕ

Физика — эксперименттен тұрмайтын ғылым емес. Тәжірибе жасау — теорияны тексерудің, танымды тереңдетудің ең тиімді жолы. Ғалымдар ғасырлар бойы нақты аспаптармен, шынайы материалдармен жұмыс жасай отырып, табиғаттың заңдылықтарын зерттеп келеді. Бүгінгі күні бұл дәстүр жаңа технологиялық серпілістің алдында жаңа сынақтарға тап болды.

Дәстүрлі зертханалар бүгінде бірқатар күрделі мәселеге тіреліп отыр: жабдықтардың қымбаттығы, қауіпсіздік тәуекелдері, студенттер санының артуы және уақыт шектеулері. Осы мәселелерге жауап ретінде виртуалды зертханалар пайда болды. Алайда сұрақ туындайды: виртуалды модельдеу

нақты тәжірибені толық алмастыра ала ма? Немесе екеуін бірлестіру — шешім бе?

Осы мақалада физика зертханаларының болашағы — нақты тәжірибе мен цифрлық модельдеудің үйлесімі тұрғысынан — ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып зерттеледі. Мақаланың мақсаты: екі тәсілдің ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырып, гибридті тәсілдің тиімділігін дәлелдеу.

2. НАҚТЫ ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Дәстүрлі зертхана дағдыларды қалыптастырудың бірегей кеңістігі болып қала береді. Нақты аспаптармен жұмыс істеу, күштерді өлшеу және құбылыстарды тікелей бақылау студенттерге теориялардың шынайы өмірде қалай жұмыс істейтінін практикалық тұрғыдан сезінуге мүмкіндік береді (iXR Labs, 2024). Мұндай тұрғыдағы оқыту ғылыми бақылаушылық дағды мен зерттеушілік ойлауды қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, виртуалды модельдеудің елеулі кемшілігі — онда адами қателік мүмкіндігі өте аз болуы. Бұл студенттердің қолмен жұмыс жасау дағдыларын және қателіктерден сабақ алу — яғни «trial and error» — қабілетін дамытуына кедергі жасауы мүмкін (International Journal of Education, 2024). Нақты тәжірибеде студент өлшеу дәлдігін, жабдықты дұрыс пайдалануды және жауапкершілікті тікелей сезінеді.

Сонымен қатар нақты зертхана студенттің назарын, шоғырлануын және зерттеушілік мінез-құлқын белсендіреді. Ол тек теориялық білімнің тасымалшысы ғана емес, болашақ ғалым мен инженерлердің кәсіби іскерлігінің негізін қалаушы орта.

3. ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Виртуалды зертхана технологиялары соңғы жылдары күрт жетілді. Қазіргі платформалар студенттерге механика, магнетизм, оптика, жылу, термодинамика және электр тәрізді физиканың түрлі салаларын кез келген жерде, кез келген уақытта зерттеуге мүмкіндік береді (PraxiLabs, 2024). Мұндай қолжетімділік білімдегі географиялық және экономикалық теңсіздіктерді теңестіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулер де цифрлық тәсілдің тиімділігін растайды. Vogusevschi және т.б. (2020) зерттеуі виртуалды шынайылық қосымшасын пайдаланған студенттердің білім деңгейінің айтарлықтай жоғары болғанын дәлелдеді. Pirker және т.б. (2022) VR-ды физика білімінде қолданған студенттердің мотивациясының артқанын, жоғары қызығушылық пен оң эмоциялар байқалғанын хабарлады (PMC, *Frontiers in Psychology*, 2024).

Виртуалды ортаның тағы бір ерекше мүмкіндігі — нақты тәжірибеде байқауға мүмкін болмайтын абстрактілі объектілерді, яғни жарық, молекулалар, электр токтарын тікелей визуализациялай алатындығы (*ScienceDirect*, 2024). Бұл оқу үдерісін бейнелеп, студенттің ұғымдық түсінігін

тереңдетеді. Сонымен қатар, қауіпті тәжірибелерді (жоғары кернеу, радиоактивті материалдар) виртуалды ортада қауіпсіз жүргізуге болады.

4. ҮЙЛЕСІМДІ ТӘСІЛ: БОЛАШАҚТЫҢ ЖОЛЫ

Ғылыми зерттеулер дәстүрлі және виртуалды зертханаларды жеке-жеке қолданудан гөрі, екеуін бірлестіру анағұрлым жоғары нәтиже беретінін бірауыздан мойындайды. Зерттеуші Brinson (2015) «Computers & Education» журналында жариялаған жинақтамалық шолуында дәстүрлі және виртуалды зертхананың үйлесімі жеке виртуалды зертхананы қолданудан да, жеке қолмен жасалатын зертханадан да жоғары нәтиже беретінін дәлелдеді.

Бұл үйлесімнің тиімді механизмі анық: виртуалды зертхана студенттерге нақты тәжірибеге дейін эксперименттік үдерістермен танысуға мүмкіндік береді. Бұл нақты тәжірибені жүргізу кезіндегі түсінік деңгейін және сенімділікті арттырып, оқу нәтижелерінің жақсаруына әкеледі (MDPI Education Sciences, 2023). Яғни виртуалды модельдеу алдын ала дайындықтың тиімді құралы ретінде жұмыс жасайды.

Студенттердің өзі де осы тәсілді жақтайды. Зерттеу нәтижелері студенттердің басым бөлігі виртуалды тәжірибенің дәстүрлі зертханамен бірге жүруін қалайтынын, яғни виртуалды модельдеу зертханасын толығымен алмастырмауын тілейтінін көрсетті (ResearchGate, 2022). Бұл деректер гибридті тәсілдің тек тиімді ғана емес, сонымен қатар студент психологиясы тұрғысынан да қолайлы екенін аңғартады.

Университеттер де осы бағытты қолдап келеді. Стэнфорд университеті VR платформасын физика зертханасының тәжірибесін кеңейту мақсатында іске қосқаны — бұл жолдың жоғары оқу орындарында да қолданыс тауып жатқанының нақты дәлелі (iXR Labs, 2024).

5. ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАРЫ

Виртуалды зертхана технологиялары үздіксіз дамып келеді. Жасанды интеллект, кеңейтілген шынайылық (AR) және толық иммерсивті VR жүйелері физика білімін тереңдету мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтеді. Алайда осы жетістіктердің барлығы нақты тәжірибенің маңызын жоқ қылмайды — керісінше, оны толықтырады.

Қазақстан білім жүйесі үшін де бұл мәселе өзекті. Облыстық мектептер мен ауылдық аймақтарда зертханалық жабдықтардың тапшылығы мәселесін шешуде виртуалды зертхана платформалары (PraxiLabs, PhET Colorado, iXR Labs) тиімді баламаға айнала алады. Сонымен бірге қалалық жоғары оқу орындарында нақты тәжірибемен бірге осы платформаларды пайдалану — оқу сапасын сапалы жаңа деңгейге шығарады.

Болашақта физика зертханаларының дамуы үш бағытта жүреді деп болжауға болады: біріншіден, виртуалды платформалардың жетілдірілуі; екіншіден, нақты және виртуалды зертхананы органикалық біріктіретін педагогикалық модельдердің жасалуы; үшіншіден, деректерді талдайтын AI жүйелерінің оқу үдерісіне енгізілуі.

6. ҚОРЫТЫНДЫ

Физика зертханасының болашағы — бір жолды таңдауда емес, екі жолдың шебер үйлесімінде. Нақты тәжірибе — ғылыми дағды мен интуицияны қалыптастырады; цифрлық модельдеу — қолжетімділікті кеңейтіп, абстрактілі ұғымдарды айқындайды. Виртуалды зертханалар студенттерге айнаымалыларды басқаруға, нәтижелерді бақылауға және болжамдарын нақты уақыт режимінде тексеруге мүмкіндік беретін иммерсивті және интерактивті орта ұсынады.

Осы екі тәсілдің синергиясы — ХХІ ғасырдың физика білімінің негізі болуы тиіс. Қолмен жасалатын тәжірибе студентте ғалымдық жауапкершілік пен практикалық дағды қалыптастырса, виртуалды модельдеу оның ойлау аумағын шексіз кеңейтеді. Бірге олар болашақ физиктер мен инженерлерді шынайы ХХІ ғасырдың сын-тегеуріндеріне дайын етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Bogusevschi, D., Muntean, C., & Muntean, G. M. (2020). Teaching and Learning Physics using 3D Virtual Learning Environment. *Journal of Computers in Mathematics and Science Teaching*, 39(1), 5–18.
2. Brinson, J. R. (2015). Learning outcome achievement in non-traditional (virtual and remote) versus traditional (hands-on) laboratories: A review of the empirical research. *Computers & Education*, 87, 218–237.
3. De Jong, T., Linn, M. C., & Zacharia, Z. C. (2013). Physical and Virtual Laboratories in Science and Engineering Education. *Science*, 340(6130), 305–308.
4. *International Journal of Education* (2024). Combining Virtual and Conventional Labs: A Student Outcomes Study. Macrothink Institute, Vol. 16, No. 1.
5. Korlat, S. et al. (2024). PhyLab – a virtual reality laboratory for experiments in physics. *Frontiers in Psychology*, 15, 1284597. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1284597>
6. MDPI Education Sciences (2023). Online Virtual Reality-Based vs. Face-to-Face Physics Laboratory. *Educ. Sci.*, 13(11), 1083. <https://doi.org/10.3390/educsci13111083>
7. Pirker, J. et al. (2022). Motivational effects of VR in physics education. *Computers & Education*, 184, 104501.
8. PraxiLabs (2024). The Future of Physics Experiments: Virtual Labs Overview. <https://praxilabs.com/en/blog/2024/01/24/the-future-of-physics-experiments/>
9. ScienceDirect (2024). Does combining real and virtual experiments improve learning achievement in physics? Evidence from a meta-analysis (2001–2021). *Studies in Science Education*. <https://doi.org/10.1080/03057267.2024.2327995>
10. iXR Labs (2024). Virtual Physics Lab That's Changing How Students Learn. <https://www.ixrlabs.com/blog/virtual-physics-labs-for-experiential-learning-in-universities/>

БУДУЩЕЕ ФИЗИЧЕСКОЙ ЛАБОРАТОРИИ: СОЧЕТАНИЕ РЕАЛЬНОГО ЭКСПЕРИМЕНТА И ЦИФРОВОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ

*Мутан Рамазан Нұралыұлы
Камалова Мохида Зафарқызы
Досмурат Диана Дінәсілқызы*

Бүгінгі білім беру жүйесінде физика зертханалары екі жолдың тоғысында тұр: дәстүрлі қолмен жасалатын нақты тәжірибе мен цифрлық модельдеу технологиялары. Осы мақалада аталған екі тәсілдің артықшылықтары мен шектеулері талданып, олардың үйлесімді қолданылуы — болашақтың оңтайлы жолы екендігі ғылыми дерекке сүйене дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері нақты тәжірибе мен виртуалды зертхананы бірлестіру жеке тәсілдермен салыстырғанда оқу нәтижелерін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді.

Кілт сөздер: физика зертханасы, виртуалды зертхана, цифрлық модельдеу, гибридті оқыту, STEM білімі, VR технологиялары.

THE FUTURE OF THE PHYSICS LABORATORY: THE INTEGRATION OF REAL EXPERIMENTS AND DIGITAL MODELING

Mutan R.N., Kamalova M.Z., Dosmurat D.D.

В современной системе образования физические лаборатории находятся на пересечении двух направлений: традиционного проведения реальных экспериментов и технологий цифрового моделирования. В данной статье анализируются преимущества и ограничения этих двух подходов, а также на основе научных данных доказываем, что их интегрированное применение является оптимальным направлением будущего. Результаты исследования показывают, что сочетание реального эксперимента и виртуальной лаборатории значительно повышает образовательные результаты по сравнению с использованием каждого подхода отдельно.

Ключевые слова: физическая лаборатория, виртуальная лаборатория, цифровое моделирование, гибридное обучение, STEM-образование, VR-технологии.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 517.2:37.016:371.3

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ ОПТИМИЗАЦИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ТУЫНДЫ КӨМЕГІМЕН ШЕШУДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Нурланұлы Әли

1 курс магистранты, 7M01501 - Математика
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан,
Алматы қ.

Ғылыми жетекші: Еркишева Жазира Сабыровна, PhD, аға оқытушы

Мақалада күнделікті өмірдегі оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешуді оқытудың тиімді жолдары қарастырылады. Оқушылардың математикалық модельдеу, функция құру және экстремум табу дағдыларын дамыту, сондай-ақ практикалық есептер арқылы білімді өмірмен байланыстыру мәселелері талданады.

Кілт сөздер: оптимизациялық есептер, туынды, экстремум, математикалық модельдеу, функция, практикалық есептер, оқыту әдістемесі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, математикалық модельдеу дағдыларын дамыту және өмірлік жағдайларда тиімді шешім қабылдай білу қабілетін жетілдіру негізгі міндеттердің бірі болып табылады [1]. Осы тұрғыдан алғанда, оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешуді оқыту аталған талаптарды жүзеге асырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Күнделікті өмірдегі оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешу мәселесі Оптимизация теориясы мен Вариациялық есептер аясында терең зерттелген. Бұл бағыттың теориялық негіздері XVIII ғасырдан бастап қалыптаса бастады және кейін қолданбалы ғылым салаларында кеңінен дамытылды. Аталған саланың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – *Леонард Эйлер*. Ол вариациялық есептердің негізін қалап, функциялардың

экстремум мәндерін табуға бағытталған әдістерді жүйеледі. Эйлердің зерттеулері нәтижесінде функционалдардың максимум және минимум мәндерін анықтау тәсілдері пайда болып, бұл кейінгі оптимизация теориясының дамуына берік іргетас қалады. Оның еңбектері физика, механика және инженерлік есептерде кездесетін тиімді шешімдерді табуға мүмкіндік берді [2].

Оптимизация теориясын әрі қарай дамытқан ғалым – *Жозеф Луи Лагранж*. Ол шартты экстремумдарды табудың әмбебап әдісі ретінде белгілі Лагранж көбейткіштері тәсілін ұсынды [3]. Бұл әдіс бірнеше айнымалысы бар функциялардың экстремумдарын шектеулер жағдайында табуға мүмкіндік береді. Лагранждың тәсілі экономикада, физикада және техникалық есептерде кеңінен қолданылады және қазіргі математикалық модельдеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады.

XX ғасырда оптимизация теориясы қолданбалы бағытта қарқынды дамыды. Бұл кезеңде ерекше орын алатын ғалымдардың бірі – *Леонид Канторович*. Ол сызықтық программалау әдісін енгізіп, шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін математикалық тұрғыдан шешуді ұсынды. Канторовичтің жұмыстары өндірісті жоспарлау, тасымалдау есептері және экономикалық жүйелерді оңтайландыруда кеңінен қолданылды. Оның ғылыми нәтижелері экономикалық оптимизацияның қалыптасуына үлкен әсер етті. Сонымен қатар, қолданбалы оптимизацияның дамуына *Джон фон Нейман* да зор үлес қосты. Ол ойындар теориясының негізін қалап, бәсекелестік жағдайындағы тиімді шешімдерді табу әдістерін ұсынды [4]. Бұл тәсілдер экономикада, басқару теориясында және әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданылады. Фон Нейманның зерттеулері стратегиялық ойлау мен шешім қабылдау процестерін математикалық модельдеу арқылы сипаттауға мүмкіндік берді [5]. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері күнделікті өмірде кездесетін оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешудің теориялық және қолданбалы негізін құрайды. Олардың зерттеулері нәтижесінде максимум мен минимумды табу, ресурстарды тиімді бөлу, сондай-ақ шектеулер жағдайында оңтайлы шешім қабылдау сияқты мәселелерді жүйелі түрде қарастыру мүмкіндігі пайда болды. Сондықтан бұл бағыттағы ғылыми жетістіктер қазіргі білім беру жүйесінде, әсіресе мектеп математикасында, қолданбалы есептерді оқытуда маңызды орын алады.

Мектеп курсына, әсіресе 10 – сынып «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінде, оптимизациялық есептерді шешуде туынды ұғымы негізгі құрал ретінде қарастырылады. Сондықтан туындыны қолдана отырып, оптимизациялық есептерді шешуді оқыту – оқушылардың математикалық дайындық деңгейін арттырумен қатар, олардың практикалық мәселелерді тиімді шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Күнделікті өмірде адам әртүрлі жағдайларда бірнеше мүмкіндіктің ішінен ең тиімдісін таңдауға мәжбүр болады. Мұндай таңдау көбінесе уақытты үнемдеу, шығынды азайту немесе нәтижені арттыру сияқты критерийлерге

негізделеді. Осындай мәселелерді математикалық тұрғыдан сипаттау және шешу оптимизациялық есептер арқылы жүзеге асырылады. *Оптимизациялық есептер* – бұл тиімді шешімді табуға бағытталған қолданбалы есептер болып табылады, ал оларды шешу барысында көбінесе функцияның экстремум мәндерін анықтау қажет. Осыған байланысты, оптимизациялық есептерді шешу экстремум есептерімен тығыз байланысты және туынды ұғымы негізгі құрал ретінде қолданылады. *Оптимизациялық есептерді* шешу барысында олардың математикалық моделін дұрыс құра білу ерекше маңызға ие. Жалпы, мұндай есептерді белгілі бір шамалар және сол шамалардың өзара байланысы арқылы сипаттауға болады. Егер осы шамаларды айнымалылар ретінде белгілесек, онда олардың арасындағы тәуелділік белгілі бір функция түрінде өрнектеледі. Бұл функция оптимизациялау барысында қарастырылатын негізгі шама. Алайда математикалық модель құру тек функцияны анықтаумен шектелмейді. Есеп шартында қарастырылатын шектеулер де ескерілуі тиіс, яғни айнымалылардың мүмкін мәндерін анықтайтын талаптар беріледі. Осы шарттарды қанағаттандыратын жағдайда функцияның ең үлкен немесе ең кіші мәнін табу есептің тиімді шешімін анықтауға мүмкіндік береді. Көптеген зерттеулерде туынды ұғымын оқытуда шынайы өмірлік есептерді қолдану, графикалық модельдер мен проблемалық тапсырмалар беру тиімді екендігі дәлелденген [6].

Отандық *Айсағалиев С., Жунусова Ж.Х. және шетелдік А. М. Mathai, Н. J. Haubold* сынды авторлардың еңбектеріне жүргізілген зерттеулер негізінде білім алушылаға оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешуді оқыту жолдары[7,8]:

1. Визуалды үлгі қолдану:

Жолды, өзенді сызу, функцияны график түрінде көрсету.

2. Қадамдық шешу әдісі:

Айнымалыны енгізу → функция құру → туынды алу → минимум табу.

3. Талдау және тексеру:

Нәтижені қарапайым мәндермен тексеру.

4. Практикалық тапсырмалар:

Өзгермелі шығындар мен қашықтықтар бойынша есептер беру.

5. Ойын элементтері:

“Кім аз шығынмен көпір салуға болады?” – конкурс арқылы белсенділік арттыру.

Мысалы, төмендегідей бірнеше өміршең есептер қарастыралық:

Есеп – 1. Шебер көлемі 32 л болатын қорап (қақпағы жоқ) жасау керек. Қораптың табаны квадрат болсын. Шебер ең аз материал жұмсауы керек болса, қораптың өлшемдерін табыңдар

Шешуі: Қораптың табан қабырғасы – x , биіктігі – h . Қорап табаны квадрат болатын тік призма екенін ескере отырып көлем табу формуласы:

$$V = x^2 h = 32000 \rightarrow h = \frac{32000}{x^2} \quad (1)$$

Беттің ауданы (қақпақ жоқ):

$$S = x^2 + 4xh \quad (2)$$

(1) формуланы (2) формулаға қоямыз:

$$S(x) = x^2 + 4x \cdot \frac{32000}{x^2} = x^2 + \frac{128000}{x}$$

Туынды алып, нөлге теңестіріп, теңдеу шешеміз:

$$S(x) = 2x - \frac{128000}{x^2}$$

Экстремум табамыз:

$$2x - \frac{128000}{x^2} = 0$$

$$2x^3 = 128000$$

$$x^3 = 64000$$

$$x = 40$$

$$h = \frac{32000}{40^2} = 20$$

Жауабы: Минимальді материал жұмсау үшін биіктік 20 см, қабырға 40 см болуы керек.

Есеп – 2. *Дүкенде бір өнім 1000 теңгеден сатылғанда күніне 50 дана сатылады. Баға әр 100 теңгеге артқан сайын, сұраныс 5 данаға азаяды. Қандай бағада сатса, дүкеннің табыс мөлшері максимум болады?*

Шешуі: x – бағаның 100 теңгеге артқан саны болсын

Баға: $P = 1000 + 100x$

Сату саны: $Q = 50 - 5x$

Табыс функциясы: $R(x) = P \cdot Q = (1000 + 100x)(50 - 5x)$

$$R(x) = 50000 - 5000x + 5000x - 500x^2$$

$$R(x) = 50000 - 500x^2$$

Максимумын табу үшін туынды алып, нөлге теңестіріп теңдеу шешеміз:

$$R'(x) = -1000x$$

$$-1000x = 0$$

$$x = 0$$

Аргументтің мәнін $x=0$ ізделінді функцияға қойсақ: $P = 1000, Q = 50$ дана

Жауабы: Дүкен бастапқы бағада сатуды жалғасытырса, табыс максимум болады.

Білім алушылардың практикалық есептері:

1. Фермерде 100 м қоршау материалы бар. Ол бір қабырға бойымен (өзен жағасы) қоршамайтын болса, тік төртбұрышты жердің ауданын максимум ететін өлшемдерін табындар.

2. Көшеде электр бағанасы тұр. Бағанадан үйге дейінгі қашықтық 10 м. Бағананың биіктігі – 6 м, адамның көз деңгейі – 1.5 м. Адам бағанадан қандай қашықтықта тұрса, оның көлеңкесінің ұзындығы максимум/минимум болады?

3. Тартоғай және Ботабай ауылдарының арасында өзен бар. Құрлықпен жол салу – 5 млн тг/км, су арқылы (көпір) – 10 млн тг/км. Ауылдар бір-бірінен 8 км қашықтықта, өзенге дейінгі арақашықтық 3 км. Қай жерден көпір салса, жалпы шығын аз болады?

Қорыта келгенде, күнделікті өмірдегі оптимизациялық есептерді туынды көмегімен шешуді оқыту – оқушылардың математикалық білімін тереңдетудің және оны практикалық жағдайда қолдана білу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Туынды ұғымын тек теориялық тұрғыда емес, нақты өмірлік есептер арқылы меңгерту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен зерттеулерді талдау нәтижесінде, туындыны оқытуда қолданбалы есептерді, соның ішінде оптимизациялық сипаттағы тапсырмаларды пайдалану, оқушылардың ұғымды терең түсінуіне және білімін практикада қолдануына оң әсер ететіні анықталды. Сонымен қатар, есепті модельдеу, функция құру, туынды арқылы экстремум табу және алынған нәтижені талдау кезеңдерін жүйелі түрде ұйымдастыру оқыту тиімділігін арттырады. Сондай-ақ, оқыту барысында визуализация, графикалық тәсілдер, зерттеу элементтері мен белсенді оқыту әдістерін қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Бұл өз кезегінде олардың өз бетінше шешім қабылдау, дәлелдеу және математикалық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Осылайша, туынды көмегімен оптимизациялық есептерді оқыту математиканы өмірмен байланыстырудың маңызды құралы болып табылады және білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670>

2. Эйлер Л. Метод нахождения кривых линий, обладающих свойствами максимума или минимума. – СПб.: 1744.

3. Лагранж Ж. Л. Аналитическая механика. – Париж: 1788.

4. Канторович Л. В. Математические методы организации и планирования производства. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1939.

5. фон Нейман Дж., Моргенштерн О. Теория игр и экономическое поведение. – Принстон: 1944.

6. Nguyen Tien Da, Approach to Realistic Mathematics Education in Teaching Calculus for High School Students: A Case of the Application of Derivatives. – International Journal of Professional Development, Learners and Learning, 2022.

7. С. Айсағалиев, Ж.Х. Жунусова, Variation Calculus and Methods of Optimization: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 320 б.

8. A. M. Mathai, H. J. Haubold, Fractional and Multivariable Calculus: Model Building and Optimization Problems. – Springer, 2017. – 234 p.

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ РЕШЕНИЮ ОПТИМИЗАЦИОННЫХ ЗАДАЧ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОИЗВОДНОЙ

Нурланұлы Әли

В статье рассматриваются эффективные способы обучения решению оптимизационных задач в повседневной жизни с использованием производной. Анализируются вопросы развития у учащихся навыков математического моделирования, построения функций и нахождения экстремумов, а также установления связи знаний с жизнью через практические задачи.

Ключевые слова: оптимизационные задачи, производная, экстремум, математическое моделирование, функция, практические задачи, методика обучения.

METHODS OF TEACHING THE SOLUTION OF OPTIMIZATION PROBLEMS IN EVERYDAY LIFE USING THE DERIVATIVE

Ali Nurlanuly

The article examines effective approaches to teaching the solution of optimization problems in everyday life using the derivative. It analyzes the development of students' skills in mathematical modeling, function construction, and finding extrema, as well as the connection between theoretical knowledge and real-life situations through practical problems.

Keywords: optimization problems, derivative, extrema, mathematical modeling, function, practical problems, teaching methodology.

REFERENCES

1. State Compulsory Standard of Basic Secondary Education. Approved by Order No. 12 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated January 23, 2025. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670>

2. Euler, L. *Method for Finding Curved Lines Possessing Properties of Maximum or Minimum*. – St. Petersburg, 1744.
3. Lagrange, J. L. *Analytical Mechanics*. – Paris, 1788.
4. Kantorovich, L. V. *Mathematical Methods of Production Organization and Planning*. – Leningrad: LSU Publishing House, 1939.
5. von Neumann, J., Morgenstern, O. *Theory of Games and Economic Behavior*. – Princeton, 1944.
6. Nguyen, Tien Da. *Approach to Realistic Mathematics Education in Teaching Calculus for High School Students: A Case of the Application of Derivatives*. – International Journal of Professional Development, Learners and Learning, 2022.
7. Aisagaliev, S., Zhunussova, Zh. Kh. *Variation Calculus and Methods of Optimization: Study Guide*. – Almaty: Kazakh University, 2016. – 320 p.
8. Mathai, A. M., Haubold, H. J. *Fractional and Multivariable Calculus: Model Building and Optimization Problems*. – Springer, 2017. – 234 p.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ: 37.016:54:004.8

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН БЕЙНЕСАБАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛІМДІК ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ

Алпан Фариза Бахтиярқызы

1 курс магистрант, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Ғылыми жетекші: Х.ғ.д доцент Балғышева Бейкут Даутбековна

Мақалада негізгі мектепте химияны оқыту барысында жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады, соның ішінде бейнесабақтар арқылы көрсетілімдік эксперименттерді әзірлеуге ерекше назар аударылады. Мақалада бейорганикалық химияны оқытуда жасанды интеллект көмегімен химиялық құрылымдар мен процестердің көрнекі бейнелерін жасау, сондай-ақ оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуға және оқу материалын терең меңгеруіне ықпал ететін бейнесабақ форматындағы көрсетілімдік эксперименттерді әзірлеу жолдары ұсынылған. Жасалған визуалды және мәтіндік материалдар презентациялар дайындауда, тапсырмалар құрастыруда және бейнесабақтарды әзірлеуде тиімді қолданылуы мүмкін. Осылайша, химияны оқыту үдерісіне бейнесабақтарды енгізу көрсетілімдік эксперименттерді тиімді ұйымдастыруға және негізгі мектептегі білім беру сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын оқыту үдерісіне енгізу өзекті ғылыми-педагогикалық бағыттардың біріне айналып отыр. Әсіресе жаратылыстану пәндері ішінде химияны оқытуда ЖИ қолдану ерекше маңызға ие, себебі бұл пән теориялық білім мен тәжірибелік әрекеттің тығыз бірлігіне негізделеді. Дәстүрлі оқыту тәжірибесінде оқушылардың химиялық

заңдылықтарды теориялық тұрғыдан меңгеруі мен оларды тәжірибеде қолдану дағдылары арасында белгілі бір алшақтық байқалады [1].

Осы тұрғыда зертханалық жұмыстар химиялық білім берудің негізгі компоненті болып саналғанымен, оларды ұйымдастыру барысында бірқатар объективті шектеулер туындайды. Атап айтқанда, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, қауіпсіздік талаптарының күрделілігі, уақыт ресурстарының шектеулілігі және кейбір тәжірибелердің қауіптілігі оқу үдерісінің тиімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан қазіргі педагогикада осы шектеулерді еңсерудің баламалы жолдары ретінде цифрлық технологиялар, соның ішінде жасанды интеллектке негізделген виртуалды зертханалар мен бейнесабақтар кеңінен қарастырылуда [3].

Бұл мақаланың мақсаты — химияны оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың теориялық және практикалық негіздерін талдау, олардың тиімділігін бағалау. Жасанды интеллект көмегімен бейнесабақтар білім сапасын арттыруға және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жасанды интеллектті (ЖИ) білім беру үдерісіне енгізу қазіргі заманғы оқытудың цифрлық трансформациясының жетекші бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе химияны оқыту әдістемесінде бұл технологиялардың маңызы артып отыр, себебі пәннің мазмұны күрделі теориялық ұғымдар мен тәжірибелік әрекеттердің өзара байланысына негізделеді. Дәстүрлі оқыту барысында жиі кездесетін мәселелердің бірі — оқушылардың теориялық білімді меңгеруі мен оны тәжірибеде қолдану арасындағы алшақтық. Осы тұрғыдан алғанда, зертханалық жұмыстар химиялық білімнің мазмұнын терең түсінудің негізгі құралы болып саналады. Алайда, мектеп тәжірибесінде зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру бірқатар шектеулерге байланысты қиындық туғызады: материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, қауіпсіздік талаптары, уақыт тапшылығы. Осы мәселелерді шешуде жасанды интеллект негізіндегі цифрлық ресурстар, соның ішінде бейнесабақтар мен виртуалды зертханалар, тиімді құрал ретінде қарастырылады. Олар оқу үдерісін көрнекі, қауіпсіз және интерактивті етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді [1]. Цифрлық білім беру ресурстары оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ғылыми зерттеу әрекетінің кезеңдерін меңгеруге ықпал етеді. Әсіресе құрал-жабдықтарға қолжетімділік шектеулі жағдайларда виртуалды зертханалар эксперименттік дағдыларды қалыптастырудың баламалы тәсілі ретінде тиімді. Мысалы, PhET Interactive Simulations, ChemCollective Virtual Lab және MEL Science VR/AR платформалары арқылы оқушылар химиялық процестерді модельдеп, реакциялардың жүру заңдылықтарын зерттей алады, сондай-ақ молекулалық деңгейдегі құбылыстарды визуалды түрде бақылайды. Мұндай ресурстар оқу материалын тек қабылдауға емес, оны талдауға және түсіндіруге бағытталған белсенді танымдық әрекетті қалыптастырады.

Жасанды интеллектпен біріктірілген виртуалды зертханалар көрсетілімдік эксперименттерді әзірлеуде ерекше рөл атқарады. Олар оқушыларға экспериментті жоспарлау, айнымалыларды таңдау, нәтижелерді талдау және ғылыми қорытынды жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Нәтижесінде оқыту үдерісі репродуктивті сипаттан зерттеушілік сипатқа ауысады [2–4].

This situation is related to the inequality in training specialists in the humanitarian and technical directions, as well as secondary vocational education. In recent years, the state has been taking measures to expand the higher education (HE) sector in order to reduce the level of "diploma unemployment." Furthermore, in order to further improve the process of training specialists with higher and secondary vocational education, they need to be placed in higher educational institutions with an appropriate material-technical base and a highly qualified professor-teacher composition. It is important to strengthen the role of the state in planning the optimal structure for training personnel with higher and secondary vocational education.

Results and Discussion

It should be noted that among youth, the unemployment rate of graduates with secondary education is significantly lower compared to graduates with higher education. This is because HE diploma holders have high aspirations for high wages, social benefits, prestigious career advancement, and incentive conditions during job placement. Therefore, employers prefer experienced workers rather than inexperienced ones, along with those who have proven their competence. In addition, experience shows that college graduates are relatively modest in their employment conditions and can find work in various sectors of the economy in a short time. Foreign experience shows that people with secondary vocational education are a more productive and profitable generation in basic labor service skills at the present time. Moreover, youth, being equipped with certain skills, approach the future choice of HE and specialty more deliberately. A peculiarity of Kazakhstan's labor market is that the demand for youth's future specialty choices is related to changes in career orientations, and an incompatibility is observed between supply and demand.

Therefore, this group of the population faces important life problems, one of which is the issue of employment.

To solve this issue, state programs have been adopted at the national level: "Employment-2020," "Business Roadmap-2020," and "Diploma for Village." For example, from 2009 to 2012, under the "Diploma for Village" program, 24,577 young specialists were sent to rural areas, of which 75.0% were teachers, 20.0% - healthcare specialists, the rest: culture specialists - 225 people, sports - 268 people, and veterinary specialists - 184 people. In practice, many employers are not interested in paying high wages to HE graduates, and most of them lack practical experience. As a result, they cannot perform any significant socio-economic functions in the production services of enterprises.

The growth of competitiveness levels in the labor market is a legitimate process in the economic market. Business entities need specialists with high ambitions and experience. In this aspect, the "Youth Practice" program that has been implemented since 2009 plays an important role. Under this program, significant work is done to help HE graduates gain practical experience based on their specialty. However, graduates of higher and secondary education institutions are often not aware of this program. Therefore, it is necessary to conduct explanatory work through the media about the advantages and opportunities of this program aimed at reducing the unemployment level.

Foreign experience should be used to solve the issue of young specialists' employment. For example, in Germany, the development of young people's entrepreneurship plays an important role in youth employment. The state support system for youth has been recognized as an effective tool in the global community's fight against unemployment. The state, developing youth initiatives, provides certain benefits and advantages for young specialists as much as possible. For example, vacancies arising as a result of organizing a return to production and shortening the working day, etc., should be filled by giving priority to young entrepreneurs. Furthermore, laws obliging entrepreneurs to give priority to youth should be adopted. Indeed, the current system of fighting unemployment is mainly aimed at finding and creating job places, but it does not fully take into account the qualifications of workers. Many HE graduates cannot find work immediately after finishing their studies. At the same time, Kazakhstan's national economic enterprises feel the shortage of qualified personnel.

According to data of the Ministry of Social Protection and Healthcare of the Republic of Kazakhstan, the state's demand for personnel in the country's economic sectors amounts to 287 thousand people for 2012-2014. In turn, to implement the country's industrial-innovation development strategy, it is necessary to attract 108 thousand people, of which 59.4 thousand are employees with technical and vocational education.

In connection with this, the "New Employment-2020" program was adopted in 2011, and its roadmap - "Employment Roadmap 2020" - was adopted in 2013; these

together represent the fourth period of state regulation of self-employment in Kazakhstan. The main participants of the Employment Roadmap 2020 (ER-2020) were unemployed and self-employed citizens of the Republic of Kazakhstan. Three directions were considered for implementing ER-2020:

- * Providing employment through infrastructure development and housing - communal economy development;

- * Stimulating entrepreneurial initiative. This direction is implemented through training in entrepreneurship basics, providing microcredit for up to 5 years and up to 6 million tenge, as well as providing project support services within one year;

- * Assisting in employment through training and retraining according to employer's needs. This direction is implemented through state budget funds that provide services for professional training, inclusion, short-term preparation courses, personnel preparation, searching for free workplaces, and assistance in employment.

In his address to the people of Kazakhstan entitled "Kazakhstan in a New Global Reality: Growth, Reforms, Development" in 2017, President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev indicated that starting from 2017, the project "Free vocational-technical education for all" would begin. That is, it is planned to introduce secondary technical education on a free basis for the specialties needed for the national economic sectors of the republic. This gives most young people the opportunity to obtain a specialty and, through it, new opportunities for providing production with specialized personnel. This is especially important for many school graduates in cases where they cannot enter the country's universities and colleges due to financial difficulties.

With the operation and development of the Eurasian Economic Union, a great need for highly qualified personnel in the labor market is expected. Therefore, the structure and number of personnel training for individual sectors and specialties with secondary and higher education in the republic's territory should be adjusted.

In the state youth policy of Kazakhstan until 2020, support centers for youth initiatives, creation of state-private partnerships, preparation of specialists on employer's orders, etc. have been considered.

Conclusions

Thus, in order to further improve the youth employment system and reduce unemployment, work should be conducted on personnel training through forming practical experience according to their chosen specialty. Taking into account the structure and characteristics of the national economy, planning the number of personnel also by specialty distribution and educational level, employing youth, applying well-developed and advanced foreign experience in reducing the unemployment level, and also strengthening the role of state and private partnership in the process of youth training and employment.

REFERENCES

1. <http://www.stat.kz> - Website of the Statistics Agency of the Republic of Kazakhstan
2. <http://www.nationalbank.kz> - Website of the National Bank of the Republic of Kazakhstan
3. <http://www.zakon.kz> - Information portal

ПРОБЛЕМЫ ТРУДОУСТРОЙСТВА МОЛОДЕЖИ НА РЫНКЕ ТРУДА В КАЗАХСТАНЕ

Райымбек Мауленов

Данная публикация исследует характерные особенности молодежной незанятости в Казахстане и дает оценку государственным стратегиям, реализуемым для устранения этой социально-экономической проблемы.

Ключевые слова: безработица, трудоустройство, работа, рынок труда.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК НАРАҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Райымбек Мауленов

Бұл зерттеу жұмысында Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың ерекшеліктерін зерттеп, осы әлеуметтік-экономикалық проблеманы жоюға бағытталған мемлекеттік стратегияларды бағалайды.

Кілт сөздер: жұмыссыздық, жұмысқа орналастыру, еңбек, еңбек нарығы.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 070.19:808.5

РАДИОЖҮРГІЗУШІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

Сажинова Ақбота Рамазанқызы

2 курс студенті, 6В03201-Журналистика, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан

Бұл мақалада радиожүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнері, кәсіби шеберлігі талданады. Радио — ақпарат таратудың ең ықпалды құралдарының бірі. Радиожүргізушінің дауыс мәнері, сөзді дұрыс қолдануы, тіл тазалығы мен шешендік қабілеті тыңдарман аудиториясына тікелей әсер етеді. Зерттеудің мақсаты: Радиожүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнерінің маңызын айқындау, эфирдегі жүргізушінің сөз саптауының ерекшеліктерін талдап, тыңдарманға әсер етудегі шешендік өнердің маңызын көрсету. Радиожүргізуші үшін шешендік өнердің маңызы, оны дамыту үшін негізгі бағыттар көрсетіледі. Сонымен қатар радиодағы жүргізушінің қоғамдағы рөлі мен ақпарат таратудағы маңызы айқындалады.

Кілт сөздер Радио, радиожүргізуші, сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, дауыс ырғағы, кәсіби шеберлік, сөз, дикция, екпін, эфир мәдениеті, радиохабар.

1. Радиожүргізушінің сөйлеу мәдениеті

Қазіргі ақпараттық қоғамда радио – бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды салаларының бірі. Радио тыңдарманға жедел ақпарат таратып қана қоймай, мәдени-рухани құндылықтарды насихаттайтын ықпалды құрал ретінде де қызмет атқарады. Радиодағы негізгі тұлғалардың бірі – радиожүргізуші. Оның сөйлеу мәдениеті, дауыс ерекшелігі, сөзді орынды қолдануы мен шешендік қабілеті эфир сапасына тікелей әсер етеді. Радиожүргізуші тек ақпарат жеткізуші емес, ол – аудиториямен байланыс орнататын коммуникатор. Сондықтан оның тілі анық, сауатты, әсерлі әрі тыңдарманға түсінікті болуы қажет. Әсіресе қазақ радиосындағы жүргізушілердің ұлттық тіл мәдениетін

сақтау мен дамытудағы орны ерекше. Сөйлеу мәдениеті – адамның тілдік нормаларды сақтай отырып, ойын анық әрі әсерлі жеткізе білу қабілеті. Радиожүргізуші үшін сөйлеу мәдениеті кәсіби қызметтің басты көрсеткіші болып саналады. Өйткені радио тыңдарманы ақпаратты тек дыбыс арқылы қабылдайды. Сондықтан жүргізушінің әрбір сөзі, дауыс ырғағы мен дикциясы ерекше маңызға ие. Радиожүргізушінің сөйлеу мәдениетінің негізгі факторы-дауыс. Мысалы, Кезінде біз эфирден қазақтың Левитаны Байжанбаевтың дауысын әдеттегіден өзгеше бір мәнерде еститінбіз. Онда әлем құлағын тұндырғандай бір толқынды күш жатады. “Алматыдан сөйлеп тұрмыз!” дегенді естігенде-ақ, осының артында аса маңызды бір құлақтандыру жатқанын сезе қоямыз да қалт етпей тыңдай қаламыз. Бұл Әнуарбек Байжанбаевтың даусына таңданғанымыздан емес, оның ғажап бір оқиғаны бейнелеп тұрғандығынан. Ол эфирден соңғы хабар да, очерк, корреспонденция да, баяндама да оқиды, одан мұндай эмоциялық күшті сезбейміз. Өйткені, бұл оның әдеттегі табиғи дауысы. Радиожүргізушінің сөйлеу мәдениетіне төмендегідей талаптар қойылады: әдеби тіл нормаларын сақтау; сөзді анық әрі дұрыс айту; орфоэпиялық заңдылықтарды сақтау; дауыс ырғағын дұрыс қолдану; сөз байлығының мол болуы; тыңдарманға түсінікті әрі әсерлі сөйлеу. Эфирдегі жүргізушінің тілі қарапайым әрі сауатты болуы керек. Тілдегі орынсыз шетел сөздерін қолдану немесе жаргондық элементтерді пайдалану сөйлеу мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар жүргізуші сөзді эмоциямен жеткізе білуі қажет. Дауыстың тым баяу не тым қатты шығуы тыңдарманға кері әсер етеді. Сөйлеу мәдениеті тек тіл тазалығымен ғана шектелмейді. Ол – жүргізушінің жалпы мәдениеті мен кәсіби деңгейінің көрсеткіші. Сондықтан радиожүргізуші үнемі тілдік қорын дамытып, сөйлеу техникасын жетілдіріп отыруы керек. Себебі, радиожурналистикада хабарды бейнелеуші құралдардың бірі- сөз. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы. Әсіресе радиожурналистика саласында сөздің орны ерекше. Радиода ақпарат, пікір, сезім, көзқарас пен ой тек сөз арқылы ғана тыңдарманға жетеді. Сондықтан сөздің табиғатын, оның адам өміріндегі маңызын түсіну радиожурналист үшін аса қажет. Қазақ руханиятында сөздің қадірі ежелден жоғары бағаланған. Бұл жөнінде Мағжан Жұмабаев сөздің адамзат өміріндегі маңызын ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, адам өз ойын, ішкі сезімін, танымын сөз арқылы ғана жеткізе алады. Егер сөз болмағанда, адамдар бір-бірін түсінбес еді, білім де қалыптаспас еді. Мағжан сөзді ойдың тілі деп бағалайды. Яғни адамның жан дүниесіндегі барлық толғаныс пен пайым сөз арқылы сыртқа шығады. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің мәнін тереңірек түсіндіреді. Оның ойынша, адам өз пікірін, қиялын немесе көңіл күйін жай ғана жеткізбей, оны көркем әрі жүйелі түрде бере алса, бұл – нағыз сөз өнері. Ойды қисынды, кестелі, әсерлі етіп жеткізу үлкен шеберлікті қажет етеді. Демек, Мағжан Жұмабаев сөзді адам ойын білдіретін негізгі құрал ретінде таныса, Ахмет Байтұрсынұлы сол ойды көркем де шебер жеткізу мәселесіне баса назар аударады. Бұл қағида әсіресе

журналист мамандығы үшін маңызды. Өйткені журналист – сөзбен жұмыс істейтін тұлға. Сондықтан әрбір журналист сөздің мәнін, салмағын, әсерін терең сезінуі тиіс. Журналистің сөзбен жұмыс істеу барысында атқаратын бірнеше негізгі міндеті бар. Бірінші міндет – оқиға мазмұнын дәл әрі нақты жеткізу. Журналист өзі куә болған немесе зерттеген ақпараттың мәнін тыңдарманға түсінікті етіп баяндауы қажет. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адам ойын өзі үшін емес, өзге үшін айтады. Сол себепті айтылған сөз тыңдаушыға ауыр тимей, түсінікті әрі анық болуы тиіс. Бұл үшін журналист тіл байлығын дұрыс пайдаланып, ойға сәйкес келетін сөздерді орынды тандай білуі қажет. Яғни сөз тек мағына беру үшін ғана емес, оқиғаның табиғатын, мазмұнын, ерекшелігін дәл суреттеу үшін қолданылады.

Екінші міндет – мәтінді дұрыс оқу, сөздің айтылу мақамын табу. Радиода бір сөздің қалай айтылғаны оның мағынасына тікелей әсер етеді. Кейбір сөздердің жазылуы бірдей болғанымен, айтылу ырғағына қарай мағынасы өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан журналист мәтінді жанды, әсерлі, табиғи түрде оқи білуі қажет. Егер мәтін селқос, бірсарынды оқылса, оның мазмұнын тыңдарманға толық жетпейді. Ал дауыс ырғағы, интонация, сезім арқылы оқылған мәтін адамның эмоциясына әсер етіп, оның қиялында белгілі бір бейне қалыптастырады. Радиодағы сөз тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, тыңдарманның елестету қабілетіне ықпал ететін маңызды фактор. Адам қандай да бір оқиғаны тыңдай отырып, оны ойша бейнелейді. Сол себепті журналист әр сөзді орнымен қолданып, мәтінді әсерлі етіп жеткізуге ұмтылуы керек. Мысалы, ауа райы туралы қарапайым ақпараттың өзін қызықты әрі тартымды етіп беруге болады. Бұл жерде журналистің шығармашылық қабілеті маңызды рөл атқарады.

Үшінші міндет – екпін мен интонацияны дұрыс пайдалану. Сөздің әсерлі шығуы тек дауыстың қаттылығына байланысты емес. Керісінше, оқу мақамын дұрыс қою, дауыс ырғағын өзгерту, кідіріс жасау, екпінді орынды қолдану әлдеқайда маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, тыңдарманға әсер етудің ең тиімді жолы – табиғи әрі сенімді сөйлеу. Екпін – сөйлемдегі негізгі ойды айқындайтын құрал. Журналист екпінді қай сөзге қою керектігін ғана емес, қай жерде екпін қоймау қажет екенін де білуі тиіс. Ахмет Байтұрсынұлы буын мен сөз екпінінің үйлесуі сөйлеудің әуезділігін тудыратынын айтқан. Шынында да, сөздердің дұрыс үндесуі сөйлеуді құлаққа жағымды етіп, ойдың тыңдарманға жеңіл жетуіне мүмкіндік береді. Радиожурналист ең алдымен өзі жеткізіп отырған ақпараттың мәнін түсініп, оның маңызын сезінуі қажет. Сонда ғана оның сөзі сенімді әрі шынайы шығады. Тыңдарман журналистің көңіл күйін, сенімін дауысынан-ақ аңғара алады. Тыңдарман назарын аударудың тиімді тәсілдерінің бірі – сұхбат жүргізу. Радиодағы сұхбат еркін, шынайы әңгімеге құрылуы тиіс. Ауызекі сөйлеудің негізгі формасы – диалог. Диалог барысында адамдар белгілі бір мәселе жөнінде пікір алмасып, ой бөліседі. Радиодағы диалогтың өзіндік ерекшелігі бар. Журналист пен тыңдарман бір-бірін көрмегенімен,

жүргізуші аудиторияны сезіне білуі қажет. Ол тыңдарманның ықтимал реакциясын алдын ала болжап, сұрақтарын ойша елестетіп, әңгімесін соған сәйкес құрады. Осылайша эфирде шынайы қарым-қатынас атмосферасы пайда болады. Радиоэфирді тартымды ету үшін ауызекі сөйлеу стилінің элементтері пайдаланылады. Мысалы, сөз арасындағы табиғи кідірістер, ойлану сәттері, сөйлем құрылымындағы еркіндік эфирге шынайылық береді. Диалог барысында пікірлер дамып, түрлі көзқарастар тоғысып отырғаны маңызды. Сонда ғана әңгіме мазмұнды әрі қызықты болады. Радиожурналист сөздің қадірін түсінетін, оның адам санасына әсер ететін күшін бағалайтын маман болуы қажет. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, сөздің құндылығы оның мағынасының тереңдігі мен әуезділігінде. Сөз әрі мағыналы, әрі көркем болғанда ғана тыңдарман жүрегіне жетеді. Радиода журналистің бар ойын, сезімін, көзқарасын жеткізетін жалғыз құрал – сөз. Сондықтан эфирдегі әрбір сөзге үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Ахмет Байтұрсынұлы тілдің міндетін адамның ақылын, қиялын, көңіл күйін толық жеткізе алуымен байланыстырады. Бірақ мұны жүзеге асыру кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ойды дәл, әсерлі әрі түсінікті жеткізу үлкен шеберлікті талап етеді. Радионың басты бейнелеу құралы да – сөз. Барлық жанрларда сөз негізгі рөл атқарады. Алайда әр жанрда сөзді қолдану тәсілі әртүрлі болады. Мысалы, ақпараттық хабарларда сөз нақтылыққа құрылса, публицистикалық бағдарламаларда эмоционалдық және бейнелік сипат басым келеді. Сондықтан радиожурналист сөздің стильдік мүмкіндіктерін жақсы меңгеруі керек.

2. Радиожүргізушінің шешендік өнері

Радиожурналистикадағы ең маңызды кәсіби қасиеттердің бірі – шешендік өнер. Радио табиғаты дыбысқа, сөзге және дауысқа негізделген ақпарат құралы болғандықтан, жүргізушінің сөйлеу шеберлігі эфир сапасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып саналады. Тыңдарман радиодағы ақпаратты тек есту арқылы қабылдайды. Сол себепті радиожүргізушінің сөз саптауы, ойды жүйелі жеткізуі, дауыс мәнері, интонациясы мен тіл мәдениеті аудиторияға тікелей әсер етеді. Шешендік өнер радиожүргізушінің тыңдарманмен байланыс орнатуына, аудитория сеніміне ие болуына және ақпаратты әсерлі жеткізуіне мүмкіндік береді. Қазақ халқы ежелден сөз өнерін ерекше бағалаған халықтардың бірі. Ұлттық мәдениетте шешендік өнердің орны айрықша болған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты тарихи тұлғалар сөз құдіреті арқылы ел бірлігін сақтап, даулы мәселелерді шешкен. Қазақ қоғамында «Өнер алды – қызыл тіл» деген нақыл сөздің қалыптасуы да сөздің қадірін көрсетеді. Демек, қазіргі радиожурналистиканың шешендік дәстүрі халқымыздың бай рухани мұрасымен сабақтасып жатыр. Шешендік өнер дегеніміз – ойды тыңдаушыға әсерлі, анық, дәл әрі көркем жеткізе білу қабілеті. Бұл тек әдемі сөйлеу ғана емес, тыңдарманды иландыра алу, оның назарын ұстап тұру, эмоционалдық ықпал жасау өнері. Радиожүргізуші эфир барысында түрлі аудиториямен байланыс орнатады. Сондықтан ол тек ақпарат жеткізуші

емес, сонымен қатар аудиториямен психологиялық әрі рухани қарым-қатынас жасайтын тұлға. Радиодағы шешендік өнердің басты ерекшелігі – көзбен көру мүмкіндігінің болмауы. Теледидарда көрермен жүргізушінің бет-әлпетін, қимылын, эмоциясын көре алады. Ал радиода тыңдарман тек дауысқа сүйенеді. Сол себепті радиожүргізушінің шешендігі ең алдымен дауыс арқылы көрінеді. Дауыстың тембрі, қарқыны, интонациясы, пауза, екпін – мұның барлығы сөздің әсерін күшейтетін құралдар болып табылады. Шешен сөйлеудің негізгі белгілерінің бірі – ойдың логикалық жүйелілігі. Радиожүргізуші өз ойын ретсіз емес, белгілі бір құрылыммен жеткізуі тиіс. Тыңдарман айтылған ақпаратты бірден қабылдайтындықтан, эфирдегі сөз түсінікті әрі нақты болуы қажет. Егер жүргізуші ойын жүйесіз жеткізсе, аудитория ақпараттың мәнін жоғалтып алуы мүмкін. Сондықтан кәсіби радиожүргізуші әңгіменің басталуы, дамуы және қорытындысы болуына ерекше назар аударады. Шешендік өнердің маңызды компоненттерінің бірі – сөздік қордың молдығы. Сөз байлығы мол жүргізуші эфирде еркін сөйлейді, ойды нақты әрі көркем жеткізе алады. Ал сөздік қоры жеткіліксіз адам бір сөзді бірнеше рет қайталап, ойын толық жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан радиожүргізуші үнемі кітап оқып, әдеби шығармалармен танысып, тіл байлығын дамытып отыруы қажет. Тікелей эфирде шешендік қабілет ерекше байқалады. Себебі тікелей эфир жүргізушіден жылдам ойлауды, шапшаң шешім қабылдауды және импровизация жасай білуді талап етеді. Эфир барысында күтпеген жағдайлар, техникалық ақаулар немесе тосын сұрақтар туындауы мүмкін. Осындай сәттерде жүргізушінің тапқырлығы мен шешендігі кәсіби деңгейін көрсетеді. Радиодағы сұхбат жүргізу де шешендік өнермен тығыз байланысты. Сұхбат барысында жүргізуші қонақпен еркін сөйлесіп қана қоймай, әңгімені қажетті бағытта дамыта білуі тиіс. Дұрыс қойылған сұрақ сұхбаттың мазмұнын ашып, тыңдарман қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар жүргізуші қонақтың жауабын мұқият тыңдап, оған сәйкес жаңа сұрақтар қоя білуі қажет. Бұл – кәсіби шешендіктің белгісі. Шешендік өнер тек тілдік шеберлік емес, сонымен қатар психологиялық дайындықты да талап етеді. Радиожүргізуші аудиторияның көңіл күйін сезіне білуі керек. Әртүрлі тақырыпқа байланысты сөйлеу стилі де өзгереді. Мысалы, ресми жаңалықтарды байыпты интонациямен жеткізу қажет болса, ойын-сауық бағдарламаларында еркін әрі көңілді сөйлеу маңызды. Қазіргі радиожурналистикада шешендік өнердің маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Себебі қазіргі аудитория ақпаратты жылдам қабылдайды және мазмұн сапасына жоғары талап қояды. Тыңдарманды эфирде ұстап қалу үшін жүргізуші тек сауатты сөйлеумен шектелмей, ерекше сөйлеу стилін қалыптастыруы керек. Өзіндік дауыс мәнері мен сөз саптауы бар жүргізуші аудитория есінде тез сақталады. Сонымен қатар қазіргі медиа кеңістікте радиожүргізуші тек эфирмен шектелмейді. Ол подкаст, әлеуметтік желі, интернет платформаларында да сөйлейді. Сондықтан шешендік өнердің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Қазіргі жүргізуші кез келген форматта аудиториямен байланыс орната алатын әмбебап маман болуы

тиіс. Шешендік өнер – ойды жүйелі, дәлелді әрі әсерлі жеткізу қабілеті. Радиожүргізуші үшін шешендік өнер эфирдің тартымдылығын арттыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Шешен жүргізуші тыңдарман назарын өзіне аудара алады, аудиториямен еркін байланыс орнатады және ақпаратты сенімді түрде жеткізеді.

3. Радиожүргізушінің кәсіби шеберлігі

Тыңдарманның назарын өзіне аударып, ұлттық аудиторияны баурап алатын радиоэфирдің сапасы ең алдымен жүргізуші журналистің кәсіби шеберлігіне байланысты. Өйткені эфир мәдениеті, сөз саптауы, дауыс мәнері мен ақпаратты жеткізу тәсілі журналистің деңгейін айқындайды. Осы тұста «кәсіби шеберлік» ұғымының мәніне тоқталу маңызды. Кәсіп – адамның белгілі бір еңбек саласындағы қызметі болса, шеберлік – сол кәсіпті терең меңгеріп, үздік деңгейде орындай білу қабілеті. Яғни, кәсіби шеберлік үздіксіз ізденіс, тәжірибе және өзін-өзі жетілдіру арқылы қалыптасады. Радиожүргізушінің таланты мен қолтаңбасы да дәл эфир үстінде көрінеді. Қазіргі таңда тәуелсіз радиоарналарда қазақ тіліндегі авторлық бағдарламалардың аздығы байқалады. Көп жағдайда эфир тек жаңалық оқумен немесе әндер арасындағы қысқа хабарламалармен шектеледі. Мұндай жағдайда қазақ тілді радиоэфирдің мазмұнын байытып, сапасын арттыру қиын. Қазақ тіліндегі радиожурналистиканың кең ауқымда дамымай отыруының бір себебі де осы. Тікелей эфирдегі кәсіби шеберліктің негізгі екі тірегі бар. Оның бірі – тіл, екіншісі – тәртіп. Тіл эфирдің лингвистикалық қырын айқындаса, тәртіп психологиялық қырын қалыптастырады. Тіл – адамның ойын, сезімін, ішкі толғанысын білдіретін күрделі таңбалық жүйе. Сонымен қатар тіл – адамның сөйлеу мүшесі ғана емес, уақытпен жұмыс істеудің де көрсеткіші. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы тілді адамның ең басты қаруы деп бағалаған. Ал орыс сыншысы В.Г. Белинский адамның болмысын оның сөзінен тануға болатынын айтып, әр адамның сөйлеу мәнері өзіндік ерекшелікке ие екенін көрсеткен. Халық даналығында да тілдің күдіреті ерекше бағаланып, «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекер айтылмаған. Сонымен бірге орынсыз сөздің зияны болатыны да ескертіледі. Журналистің тіл мен тәртіпті тиімді пайдалану жолдарын зерттеген ғалымдар М. Кузнецов пен И. Цыкунов кәсіби мақсатқа жету үшін журналист ең алдымен тілді дұрыс меңгеруі қажет екенін айтады. Сонымен қатар аудиторияның қабылдау ерекшелігіне бейімделу де маңызды. Шын мәнінде, тікелей эфирде кәсіби шеберлікті қалыптастыру үшін тіл мәдениеті мен психологиялық дайындық қатар дамуы тиіс. Тікелей эфирдегі тіл мәдениетін меңгеруде Ахмет Байтұрсынұлының тіл қисыны туралы қағидалары маңызды орын алады. Өйткені онда сөздің анықтығы, көркемдігі, тазалығы мен әуезділігі толық қамтылған. Эфирде уақытпен санаса отырып сөйлеу – радиожурналист үшін басты талаптардың бірі. Сондықтан жүргізуші уақыт өлшеміне бейімделіп, аз уақыт ішінде ойын нақты жеткізуге жаттығуы керек. Мысалы, бір минут ішінде шамамен 185–200 сөз айтуға

болады, ал жазу барысында адам орта есеппен 25–30 сөз ғана жазады. Бұл сөйлеу мен ойлау жылдамдығының ерекшелігін көрсетеді. Жаттығу барысында екі талапқа ерекше назар аудару қажет: біріншісі – сөз қайталамау, екіншісі – ойды қайталамау. Мұның мәні – ойды әдеби нормаға сай жүйелеп, сөздерді орынды қолдана білу. Сөздік қоры жұтаң журналист эфирде еркін сөйлей алмайды. Сондықтан радиожүргізуші үнемі ізденіп, сөздік қорын байытып отыруы тиіс. Импровизация немесе суырыпсалмалық қабілет те алдын ала жиналған білім мен тәжірибенің нәтижесінде қалыптасады. Сөздік қоры мол, тіл заңдылықтарын жетік меңгерген адам ғана шешен сөйлеудің шеберіне айналады. Радиожаурналист үшін шешендік өнердің маңызы зор. Эфирдегі сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында шешендік өнерді дамытудың бірнеше тәсілін қолдануға болады. Бірінші тәсіл – кітап оқу арқылы білім жинақтау. Екінші тәсіл – жыр, терме, айтыс сияқты шешендік өнер үлгілерін тындап, олардың тілдік ерекшеліктерін бойға сіңіру. Үшінші тәсіл – жиналған материалдарды орынды пайдаланып үйрену, эфир алдында қолданылатын сөздер мен тіркестерді алдын ала дайындау. Төртінші тәсіл – шешендердің сөйлеу мәнерін бейнежазба арқылы бақылап, олардың дауыс ырғағын, қимылын, паузасын зерттеу. Бесінші тәсіл – ойды жүйелі жеткізіп, уақытқа сыйғызуға машықтану. Тіл үздіксіз жаттығу арқылы дамиды. Сол себепті тікелей эфир жүргізушісі эфирге дейін көп дайындалып, әр сөзін саралап үйренуі керек. Белгілі диктор Сауық Жақанова айтқандай, эфирдің бір секунды да бос өтпеуі тиіс. Кәсіби шеберлікті жетілдірудің тағы бір тиімді жолы – өз дауысыңды жазып алып, қайта тындау. Бұл әдіс жүргізушіге өз қателіктерін байқап, сөйлеу мәнерін түзетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі тындау арқылы журналист артық немесе кем тұстарын саралап, сөйлеу техникасын жетілдіре алады. Дегенмен тілді жетік меңгеру ғана кәсіби маман болуға жеткіліксіз. Радиожүргізуші тәртіп пен психологиялық дайындықты да игеруі қажет. Тәртіп – жүргізушінің жұмыс барысындағы мінез-құлқы, жауапкершілігі, кәсіби әдеби мен өзін ұстау мәдениеті. Яғни кәсіби шеберлік тіл мен тәртіптің бірлігі арқылы қалыптасады. Үнемі жаттығу нәтижесінде кәсіби дағды қалыптасады. Тікелей эфир жүргізушісі сөйлеу мәдениетін меңгеріп, дауысын реттеп, өзіне ғана тән үн қалыптастыруы қажет. Әсіресе ұлттық нақыштағы үн ерекшелігі тыңдарман көңілінен шығатын маңызды факторлардың бірі. Жүргізуші өзінің физикалық және психологиялық жағдайына да мән беруі керек. Денсаулығы сыр берген, дауысы қарлыққан адам эфирге шығуға дайын еместігін алдын ала ескерткен жөн. Себебі дауыс – адам ағзасындағы ерекше құрал. Сөйлеу барысында бүкіл дене қозғалысқа түсіп, дауысқа қызмет етеді. Адам дауысына көптеген факторлар әсер етеді. Оған адамның өскен ортасы, тәрбиесі, алған білімі, айналасындағы адамдар, тіпті өмір сүретін ортасы ықпал жасайды. Өз ісінің шебері болған жүргізушінің өзіндік дара дауысы болуы шарт. Өйткені жағымды дауыс тыңдарманды баураса, жағымсыз дауыс журналистің барлық жақсы қасиеттерін көлеңкеде қалдыруы мүмкін. Алайда тұрақты жаттығу мен

еңбектің арқасында кез келген адам өз дауысын жетілдіре алады. Кәсіби шеберлік – радиожүргізушінің теориялық білімі мен тәжірибелік дағдыларының жиынтығы. Радиода жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жүргізуші тек мәтінді оқып қана қоймай, эфир процесін толық меңгеруі қажет.

Қорытынды

Қорыта келгенде, радиожүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнері – радиожурналистиканың негізгі кәсіби талаптарының бірі болып табылады. Радио табиғаты сөз бен дыбысқа негізделгендіктен, эфир сапасы жүргізушінің тілдік шеберлігіне, дауыс мәнеріне, интонациясына және аудиториямен байланыс орната білу қабілетіне тікелей тәуелді. Тыңдарман ақпаратты тек есту арқылы қабылдайтындықтан, радиожүргізуші әр сөздің мағынасына, дыбысталуына, эмоциялық әсеріне ерекше мән беруі қажет. Зерттеу барысында сөздің радиожурналистикадағы басты құрал екені анықталды. Сөз тек ақпарат жеткізуші қызметін атқарып қана қоймай, тыңдарманның эмоциясына әсер ететін, қиялын дамытатын, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, радиожурналист сөздің мазмұндық және көркемдік мүмкіндіктерін терең меңгеруі тиіс. Сонымен қатар шешендік өнердің радиожүргізуші қызметіндегі орны ерекше екендігі айқындалды. Шешендік өнер жүргізушінің ойын анық, жүйелі, әсерлі жеткізуіне, тыңдарман назарын ұстап тұруына және аудитория сеніміне ие болуына мүмкіндік береді. Радиодағы шешен сөйлеу тек әдемі сөз саптаумен шектелмейді, ол – ой дәлдігі, тіл тазалығы, дауыс мәдениеті, интонация, екпін, пауза және психологиялық дайындықтың үйлесімінен тұратын күрделі шығармашылық процесс. Тікелей эфирдегі кәсіби шеберлік те радиожүргізушінің сөйлеу мәдениетімен тығыз байланысты. Эфир барысында жүргізуші жылдам ойлап, нақты шешім қабылдап, тосын жағдайларда еркін сөйлей білуі қажет. Мұндай қабілеттер үздіксіз ізденіс пен тәжірибе арқылы қалыптасады. Сондықтан радиожурналист кәсіби деңгейін көтеру үшін сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін жетілдіріп, дауыс техникасы мен шешендік дағдыларын тұрақты түрде дамытып отыруы тиіс. Қазіргі ақпараттық қоғамда радиожурналист тек хабар таратушы емес, қоғаммен байланыс орнататын, ұлттық тіл мәдениетін насихаттайтын, аудиторияның эстетикалық талғамын қалыптастыратын тұлға болып саналады. Осыған байланысты радиожүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнерін жетілдіру бүгінгі медиа кеңістіктегі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Сондай-ақ қазіргі заман радиожурналистінен тек сауатты сөйлеу ғана емес, шығармашылық ізденіс, психологиялық тұрақтылық, аудитория сұранысын сезіну, жаңа медиа форматтарға бейімделу сияқты қасиеттер де талап етіледі. Өйткені бүгінгі радио тек дәстүрлі эфирмен шектелмей, интернет платформалар, подкаст және әлеуметтік желілер арқылы да дамып келеді. Бұл радиожүргізушінің кәсіби мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, оның сөйлеу мәдениетіне қойылатын

талаптарды да күшейтеді. Ұлттық тілдің мәртебесін көтеру мен қазақ радиожурналистикасының сапасын арттыруда радиожүргізушінің рөлі ерекше. Әдеби тіл нормаларын сақтап, шешендік дәстүрді заманауи журналистикамен ұштастыра білген жүргізуші ғана тыңдарман жүрегінен орын алады. Сондықтан болашақ радиожурналистерді даярлау барысында сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, дауыс техникасы және тілдік шеберлік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Демек, кәсіби радиожүргізуші болудың басты шарты – сөз қадірін түсіну, тіл мәдениетін сақтау, шешендік шеберлікті меңгеру және тыңдарманмен рухани байланыс орната білу. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген журналист қана эфирдің беделін арттырып, ұлттық радиожурналистиканың дамуына үлес қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Омашев Н., Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі: Оқулық. – Астана, 2009.
2. Қалимұқашева.Б. «Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер», Астана, Фолиант, 2010
3. Қожахметова.Б «Сөз сөйлеу шеберлігі-табыс кепілі»
4. Радиожурналистика: тікелей эфирдегі кәсіби шеберлік пен шешендік сөйлеу, <https://stud.kz/referat/show/100073>

КУЛЬТУРА РЕЧИ И ОРАТОРСКОЕ ИСКУССТВО РАДИОВЕДУЩЕГО

Сажинаова Ақбота Рамазанқызы

В данной статье рассматриваются культура речи и ораторское искусство радиоведущего, а также их значение в профессиональной деятельности. Радио является одним из самых влиятельных средств массовой информации, оказывающих непосредственное воздействие на аудиторию. Голосовая манера радиоведущего, грамотное использование слов, чистота речи и ораторские способности напрямую влияют на восприятие слушателей. В статье анализируются профессиональное мастерство радиоведущего, техника речи, дикция, интонация и особенности эфирной культуры. Также раскрывается значение речевой культуры в современной радиожурналистике.

Ключевые слова: радио, радиоведущий, культура речи, риторика, интонация голоса, профессиональные навыки, слово, дикция, ударение, культура вещания, радиопрограмма.

SPEECH CULTURE AND ORATORY SKILLS OF A RADIO HOST

Sazhinova Akbota Ramazankyzy

This article examines the speech culture and rhetorical skills of a radio host, as well as their professional competence. Radio is one of the most influential means of information dissemination that directly affects the audience. The voice manner of a radio presenter, proper use of words, language accuracy, and public speaking abilities have a direct impact on listeners. The article analyzes the professional skills of radio hosts, speech techniques, diction, intonation, and broadcasting culture. It also highlights the importance of speech culture in modern radio journalism.

Keywords: radio, radio host, speech culture, rhetoric, voice intonation, professional skills, word, diction, stress, broadcasting culture, radio program

REFERENCES

1. Omashev N. *Theory and Practice of Radio Journalism: Textbook*. — Astana, 2009.
2. Kalimukasheva B. *Speech Culture and Oratory*. — Astana: Foliant, 2010.
3. Kozhakhmetova B. *Public Speaking Mastery as the Key to Success. Radio Journalism: Professional Skills and Rhetorical Speech in Live Broadcasting*. — URL: <https://stud.kz/referat/show/100073>
- 4.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



УДК 81'25:659.1:316.346.2

ОСОБЕННОСТИ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ ГЕНДЕРНЫХ МАРКЕРОВ ПРИ ПЕРЕВОДЕ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТОВ

Аушайманов Жангир Шопбаевич

Студент 3-го курса, факультет иностранных языков, переводческое дело, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Казахстан

Научный руководитель: Смагулова Г. Ж. ассоциированный профессор, PhD

В статье рассматриваются особенности репрезентации гендерных маркеров при переводе англоязычных рекламных текстов на русский язык. Актуальность исследования обусловлена необходимостью учета гендерных аспектов в условиях глобализации рекламного дискурса и межкультурной коммуникации. Цель работы заключается в выявлении основных стратегий передачи гендерной маркировки при переводе и анализе их влияния на восприятие рекламного сообщения. Материалом исследования послужили рекламные тексты международных компаний, таких как L'Oréal, Dior, Nike и Apple. В работе применяются методы сравнительного анализа, критического дискурс-анализа и семиотического подхода. В результате исследования установлено, что при переводе рекламных текстов используются три основные стратегии: усиление гендерной маркировки, её нейтрализация и сохранение гендерной нейтральности. Выбор стратегии определяется типом продукта, целевой аудиторией и социокультурным контекстом. Особое внимание уделяется влиянию переводческих решений на прагматический потенциал рекламного сообщения. Практическая значимость работы заключается в возможности применения полученных результатов при разработке и локализации рекламных текстов с учетом принципов гендерной чувствительности и культурной адаптации.

Ключевые слова: гендерные маркеры, перевод рекламных текстов, локализация, гендерная репрезентация, межкультурная коммуникация, рекламный дискурс, переводческие стратегии

Введение

В условиях глобализации рекламного дискурса англоязычные тексты становятся проводниками специфических гендерных моделей, транслируя идеализированные образы маскулинности и феминности. При локализации этих сообщений на русский язык в казахстанском социокультурном контексте происходит неизбежная адаптация исходных маркеров, обусловленная различиями в языковых нормах и ценностных ориентирах. Данный процесс, затрагивающий лексические, грамматические и прагматические аспекты перевода, непосредственно влияет на эффективность коммуникации с целевой аудиторией. Таким образом, исследование механизмов трансформации гендерных репрезентаций приобретает особую значимость для теории и практики межкультурной коммуникации.

Ключевая проблема заключается в том, что при межъязыковой передаче рекламных текстов гендерные маркеры — включая местоимения, оценочные эпитеты и визуально-вербальные комбинации — зачастую подвергаются недостаточно продуманной адаптации. Это приводит к дисбалансу в представлении гендерных ролей, искажая первоначальный маркетинговый посыл и снижая прагматический потенциал сообщения. Особую сложность представляет столкновение индивидуалистических ценностей англо-саксонской культуры с коллективистскими установками, характерными для российского и казахстанского социумов. Подобные культурно-обусловленные расхождения требуют тщательного анализа для выработки эффективных переводческих стратегий.

Цель настоящего исследования состоит в выявлении и систематизации особенностей репрезентации гендерных маркеров при переводе англоязычных рекламных текстов на русский язык. Для её достижения предполагается провести сравнительный анализ оригинальных и локализованных версий материалов международных брендов, функционирующих на рынке Республики Казахстан. Исследование направлено не только на фиксацию лингвистических трансформаций, но и на интерпретацию их причин с учётом культурных и социальных факторов. Полученные результаты позволят сформулировать практические рекомендации для оптимизации переводческих решений.

Актуальность работы определяется растущим влиянием международной рекламы на формирование гендерных стереотипов в казахстанском обществе, а также необходимостью соблюдения этических норм при локализации контента. В условиях активизации дискуссий о гендерном равенстве в медиапространстве, исследование предлагает научно обоснованные подходы к переводу, способствующие сбалансированной репрезентации. Практическая

значимость результатов заключается в возможности их применения переводчиками и маркетологами для повышения эффективности межкультурной коммуникации. Предлагаемые решения могут служить основой для разработки этических стандартов в локализации рекламных текстов.

1. Гендерные маркеры в англоязычной рекламе

1.1. Теоретические основы исследования гендерных маркеров в рекламе

Гендерные маркеры представляют собой комплекс лингвистических и паралингвистических элементов, выполняющих функцию индикации гендерной принадлежности в коммуникативном пространстве. В рекламном дискурсе они выступают инструментами конструирования идентичности, опосредованно воспроизводя социально обусловленные стереотипы и поведенческие паттерны. Социокультурный контекст определяет функциональную нагрузку этих маркеров, поскольку реклама как социальный институт отражает и одновременно формирует гендерные представления. Таким образом, гендерные маркеры в рекламе обладают двойственной природой — они одновременно фиксируют существующие культурные нормы и участвуют в их трансформации. Для более наглядного понимания можно обратиться к типичным примерам из рекламной практики. Так, в англоязычных слоганах часто используются конструкции вроде *strong man*, *independent woman*, *perfect mother*, которые напрямую указывают на гендерную принадлежность целевой аудитории. Подобные выражения не только обозначают адресата, но и формируют определённый социальный образ, с которым должен соотноситься себя потребитель. Таким образом, уже на уровне лексического выбора рекламный текст задаёт рамки интерпретации продукта, связывая его с конкретными гендерными ролями и ожиданиями.

Методологический аппарат исследования гендерных маркеров базируется на синтезе критического дискурс-анализа и семиотических методов, обеспечивающих многоуровневую деконструкцию рекламных сообщений. Критический дискурс-анализ позволяет выявить имплицитные властные отношения и идеологические установки, закодированные в языковых структурах рекламы. Семиотический подход акцентирует внимание на знаково-символической природе гендерной репрезентации, исследуя взаимодействие вербальных и визуальных кодов. Комплементарное применение этих методов обеспечивает комплексное понимание механизмов конструирования гендера в рекламном тексте. На практике это проявляется в сочетании вербальных и визуальных элементов. Например, в рекламе косметики текст может сопровождаться изображением женщины с мягким освещением и пастельной цветовой гаммой, тогда как реклама мужских товаров чаще использует контрастные цвета, динамичные сцены и образы активности. Такое взаимодействие усиливает гендерную направленность сообщения и делает её более очевидной для аудитории.

1.2. Анализ репрезентации гендерных маркеров в оригинальных англоязычных рекламных текстах: доминирующие паттерны

Вербальная репрезентация гендера в англоязычной рекламе осуществляется преимущественно через специфические лексические выборы и грамматические конструкции. Гендерно-маркированная лексика включает термины, традиционно ассоциируемые с мужскими или женскими социальными ролями, такие как «caregiver» или «breadwinner». Грамматические маркеры проявляются через систему местоимений третьего лица («he/she») и ролевые обозначения, закрепляющие гендерную принадлежность субъекта. Данные лингвистические механизмы создают устойчивые ассоциативные связи между продуктом и гендерными характеристиками целевой аудитории. Например, в рекламных кампаниях компании Gillette традиционно используются формулировки, акцентирующие мужественность и силу, такие как *The best a man can get*. В то же время в рекламе косметических брендов, например Maybelline, часто встречаются выражения вроде *Feel beautiful, Enhance your natural beauty*, ориентированные на создание образа привлекательности и ухода за собой. Эти различия демонстрируют, что выбор лексики напрямую связан с предполагаемой гендерной аудиторией и ожиданиями, которые с ней ассоциируются.

Визуальные и социокультурные стереотипы формируют устойчивые паттерны гендерной репрезентации в англоязычных рекламных текстах. Профессиональные роли распределяются согласно традиционным представлениям: мужчины чаще изображаются как руководители, женщины — как исполнители вспомогательных функций. Цветовые коды (синий для мужских товаров, розовый — для женских) и атрибуты активности (динамичные позы для мужчин, статичные — для женщин) визуально закрепляют гендерную дифференциацию. Эти паттерны отражают глубинные культурные установки, транслируемые через рекламный дискурс. Так, в рекламных материалах компании Barbie активно используется розовая цветовая палитра, ассоциирующаяся с традиционно «женской» сферой, тогда как продукция автомобильных брендов, например BMW, чаще сопровождается тёмными или холодными оттенками, подчеркивающими статус, технологичность и силу. Подобные визуальные решения закрепляют гендерные различия на уровне восприятия и усиливают эффект вербальных маркеров.

2 Трансформации при переводе на русский язык

2.1. Лингвистические аспекты трансформации гендерных маркеров: лексика и грамматика

Лексические трансформации при переводе гендерных маркеров обусловлены отсутствием категории рода в английском языке, что требует сознательного выбора родовых форм в русском языке. Этот процесс приводит к тому, что переводчик неизбежно принимает решения, влияющие на гендерную интерпретацию текста, даже если в оригинале она отсутствует или является

нейтральной. Ярким примером служат различные стратегии перевода одних и тех же лексем, демонстрирующие гендерную окрашенность переводческих решений. Так, А. В. Белобратов использует нейтральные формы: «Часто их взгляды останавливаются на птицах, на пчелах, на травке за окном. Они умеют наслаждаться природой и понимают ее лучше, чем мужчины» [3, с. 7], тогда как А. С. Глазова применяет диминутивы, характерные для женской картины мира: «Иногда их взгляд отвлекается птичкой, пчёлкой или травинкой за окном. Иногда они в состоянии понимать и принимать природу лучше, чем мужчину» [4] [1, с.38]. Этот контраст иллюстрирует, как лексический выбор становится инструментом гендерной маркировки и формирует различные образы восприятия действительности.

Подобная тенденция прослеживается и в переводе рекламных текстов. Показательным примером выступает реклама косметической продукции компании L'Oréal. В англоязычной версии рекламного слогана используется выражение: *Because you're worth it*. В русскоязычной локализации данный слоган переводится как: «Ведь ты этого достойна». В оригинальном тексте английское местоимение *you* является гендерно-нейтральным и может быть адресовано любой аудитории. Однако в русском переводе появляется форма женского рода — «достойна», что делает рекламное сообщение явно ориентированным на женскую аудиторию. Данный переводческий выбор не является случайным, поскольку бренд ориентирован преимущественно на женщин и использует стратегию прямой гендерной адресации. Лексическая трансформация усиливает феминную направленность текста и делает рекламное сообщение более персонализированным для целевой аудитории. Таким образом, перевод не просто сохраняет прагматическую функцию оригинала, но и усиливает гендерную маркировку за счёт грамматических ресурсов русского языка. Это позволяет повысить эмоциональное воздействие рекламы и укрепить идентификацию потребителя с брендом.

Грамматические трансформации проявляются через синтаксические перестройки, необходимые для адаптации гендерной семантики к морфологическим особенностям русского языка. Обязательное выражение рода существительных и согласованных с ними частей речи требует от переводчика сознательного конструирования гендерных характеристик. Например, нейтральные английские конструкции с местоимением «*they*» часто преобразуются в русскоязычные структуры с явным указанием рода через прилагательные или глагольные окончания. Такие изменения могут как усиливать, так и нейтрализовывать исходную гендерную окраску сообщения в зависимости от выбранной переводческой стратегии. Характерным примером мужской гендерной маркировки является реклама парфюма компании Dior — *Sauvage Dior*. В англоязычной рекламе используется слоган: *Be strong. Be fearless. Be the man*. Русская версия адаптируется следующим образом: «Будь сильным. Будь смелым. Будь настоящим мужчиной». В данном случае

гендерные маркеры выражаются через прилагательные *strong*, *fearless*, а также через прямое обозначение *the man*. Они формируют образ силы, лидерства и уверенности, традиционно относимый к маскулинным характеристикам. При переводе данные маркеры не только сохраняются, но и усиливаются за счёт добавления слова «настоящим», которое усиливает социально одобряемый образ мужественности. Это демонстрирует стратегию усиления гендерной маркировки при переводе. Следовательно, в рекламе мужских товаров переводчики чаще сохраняют и даже усиливают традиционные маскулинные характеристики, поскольку именно они формируют маркетинговую привлекательность продукта.

2.2. Культурная адаптация гендерных маркеров

Культурная адаптация гендерных маркеров при переводе англоязычных рекламных текстов часто предполагает их нейтрализацию. Ярким примером нейтрализации выступает реклама спортивной одежды компании Nike. В англоязычной версии используется слоган: *Designed for strong women*. При переводе на русский язык часто используется более нейтральный вариант: «Создано для уверенности и комфорта». В оригинале присутствует прямое указание на женскую аудиторию через существительное *women*, а также гендерно маркированное прилагательное *strong*, подчеркивающее современный образ независимой женщины. В русском переводе гендерная принадлежность полностью устраняется, а акцент переносится на универсальные ценности — комфорт и уверенность. Подобная стратегия объясняется стремлением избежать избыточной гендерной категоризации и сделать рекламное сообщение более универсальным для широкой аудитории. Это особенно характерно для локализации международных брендов на постсоветском пространстве. Таким образом, нейтрализация гендерных маркеров позволяет адаптировать рекламный текст к культурным ожиданиям принимающей аудитории и повысить его коммуникативную эффективность.

Figure 1 – Ratio of the main groups of biologically active compounds in the investigated plant material

The high content of flavonoids (1.23%) and phenolcarboxylic acids (1.18%) indicates pronounced antioxidant properties of the plant. According to the literature, plants of the *Scrophulariaceae* family are characterized by a close correlation between the accumulation of iridoids and phenolic acids. In the present study, the nearly equal ratio of flavonoids and acids (Figure 1) indicates a balanced metabolic pathway for polyphenol biosynthesis.

The obtained results indicate the formation of a pronounced phenolic profile in the investigated species, which is of interest for further studies of its biological activity.

Conclusions

As a result of the conducted study, a detailed phenolic profile of the East Kazakhstan population of *Verbascum orientale* L. was established for the first time.

The revealed high content of flavonoids and phenolcarboxylic acids allows this species to be classified as a promising source of plant raw material for the development of phytopreparations with antioxidant and anti-inflammatory activity. The obtained data may be used in the development of regulatory documentation for *V. orientale* L. medicinal plant raw material.

REFERENCES

1. State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan. Vol. I–II. Almaty: Zhibek Zholy, 2014.
2. Muzychkina R.A., Korabelnikov D.Yu., Ibadullaeva S.A. Technology of Production and Analysis of Phytopreparations. Almaty: Kazakh University, 2011. 356 p.
3. Grinkevich N.I., Safronich L.N. Chemical Analysis of Medicinal Plants. Moscow: Vysshaya Shkola, 1983. 176 p.
4. Alipieva K., Evstatieva L., Handjieva N. Verbascum species: A review of its ethnomedicinal uses, phytochemistry and pharmacological activities. Journal of Ethnopharmacology. 2014;154(1):9–32.
5. Georgiev M., Alipieva K., Kostadinova I. Verbascum sp.: On-line search for bioactive secondary metabolites. Phytochemistry Reviews. 2011;10:123–144.
6. Suleimenov E.M. Phytochemical study of plants from the genus Verbascum. Chemistry of Natural Compounds. 2013;(4):711–715.
7. Adekenov S.M. Biologically Active Compounds of Plants: Isolation, Structure, Modification and Properties. Karaganda, 2012. 134 p.
8. Mert T., Gökmen F. Antioxidant and antimicrobial activities of several Verbascum species. Pharmaceutical Biology. 2014;52(5):653–659.
9. Flora of Kazakhstan. In 9 volumes. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the KazSSR, 1956–1966.
10. Kurkin V.A. Pharmacognosy: Textbook for Pharmaceutical Students. Samara: Ofort LLC, 2016. 1239 p.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ӨСЕТІН *VERBASCUM ORIENTALE* L. ӨСІМДІГІНІҢ ЖЕРҮСТІ БӨЛІГІНДЕГІ ФЕНОЛДЫ ҚОСЫЛЫСТАРДЫ САНДЫҚ АНЫҚТАУ

Райысова Куралай Галымбековна

7M05302 – «Химия» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Мұқажанова Жазира Бигалиевна, қауымдастырылған профессор, PhD

Мақала Шығыс Қазақстанның ерекше экологиялық жағдайында өсетін шығыс аюқұлағының (Verbascum orientale L.) жерүсті бөлігіндегі фенолды қосылыстар кешенін салыстырмалы зерттеуге арналған. Сапалық химиялық скрининг және дифференциалды спектрофотометрия әдістері арқылы екіншілік метаболиттердің негізгі топтарының сапалық құрамы мен сандық

мөлшері анықталды. Зерттелген үлгілерде флавоноидтар, фенолкарбон қышқылдары және илік заттар идентификацияланды. Сандық профилде флавоноидты фракцияның (1,23) және фенолкарбон қышқылдарының (1,18) басым екендігі анықталды. Алынған нәтижелер *Verbascum* туысының хеможүйелілігі туралы мәліметтерді толықтырып, *V. orientale* L. аймақтық популяциясын антиоксиданттық қасиетке ие өсімдік шикізатының перспективалы көзі ретінде пайдалануға негіз болады.

Кілт сөздер: *Verbascum orientale* L.; фитохимиялық профиль, фенолды қосылыстар, флавоноидтар, спектрофотометрия, Шығыс Қазақстан.

КОЛИЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ФЕНОЛЬНЫХ СОЕДИНЕНИЙ В НАДЗЕМНОЙ ЧАСТИ *VERBASCUM ORIENTALE* L., ПРОИЗРАСТАЮЩЕГО В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ

Райысова Куралай Галымбековна

Магистрант 2 курса по специальности 7М05302 «Химия», Восточно – Казахстанский университет им.С.Аманжолова, г.Усть–Каменогорск, Казахстан

Научный руководитель: Мукажанова Жазира Бигалиевна, ассоциированный профессор, PhD

Статья посвящена сравнительному изучению фенольного комплекса надземной части коровяка восточного (*Verbascum orientale* L.), произрастающего в специфических экологических условиях Восточного Казахстана. Методами качественного химического скрининга и дифференциальной спектрофотометрии установлен качественный состав и количественное содержание основных групп вторичных метаболитов. В исследуемых образцах идентифицированы флавоноиды, фенолкарбоновые кислоты и дубильные вещества. Установлено, что количественный профиль характеризуется преобладанием флавоноидной фракции (1,23) и фенолкарбоновых кислот (1,18). Полученные данные вносят вклад в хемосистематику рода *Verbascum* и обосновывают перспективность использования региональной популяции *V. orientale* L. в качестве источника антиоксидантного растительного сырья.

Ключевые слова: *Verbascum orientale* L.; фитохимический профиль, фенольные соединения, флавоноиды, спектрофотометрия, Восточный Казахстан.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST**2026, Vol.4, No. 5 (May)**<https://qazaqjournal.kz/>

ӘОЖ 517. 518

**ОРТОГОНАЛЬ ҚАТАРДЫҢ АБСОЛЮТТІ РИСС
ҚОСЫНДЫЛАНУЫ****Мақсұт Әлихан Аханұлы**2-курс магистранты, 7M05401-Математика, Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан**Ғылыми жетекші:** Бітімхан Самат, қауымдастырылған профессор, PhD

Бұл мақалада абсолютті Рисс қосындылануы ортогональ қатарлардың жинақталуын тереңірек сипаттайтын маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл тәсіл қатарлардың орнықтылығын зерттеуде, олардың аналитикалық қасиеттерін анықтауда және әртүрлі функционалдық кеңістіктердегі мінез-құлқын талдауда ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар аталған теория қазіргі таңда спектралдық анализ, дифференциалдық теңдеулер және қолданбалы математика салаларында кеңінен қолданылып келеді. Осы жұмыста ортогональ қатарлардың абсолютті Рисс қосындылануы ұғымының негізгі ерекшеліктері қарастырылып, оның теориялық маңызы мен қолданылу бағыттарына талдау жасалады.

Кілт сөздер: дербес қосынды, абсолютті тұрақты, ортогональ қатар, монотонды функциялар.

Кіріспе: Ортогональ қатарларды зерттеу барысында олардың әрдайым классикалық мағынада жинақтала бермейтіні анықталған. Кейбір қатарлар үшін жинақталу өте баяу жүзеге асады немесе мүлде орындалмайды. Осындай жағдайларда қатарлардың қасиеттерін зерттеу үшін арнайы қосындылану әдістері пайдаланылады. Солардың бірі – Рисс қосындылануы әдісі. Бұл әдіс жинақталмайтын қатарларды жалпыланған түрде қарастыруға және олардың шектік мәндерін анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. $s_n \sum a_n$ қатардың n -ші дербес қосындысы болсын. Егер $\{p_n\}$ оң тұрақтылар тізбегі және

$$P_n = p_0 + p_1 + \dots + p_n \rightarrow \infty, \text{ егер } n \rightarrow \infty, P_{-k} = p_{-k} = 0, k \geq 1 \text{ үшін}$$

болса, онда $\sum a_n$ үшін \bar{t}_n Рисс ортасы келесі түрдегідей

$$\bar{t}_n = \frac{1}{P_n} \sum_{k=0}^n p_k s_k \quad (P_n \neq 0) \quad (2.2.1)$$

анықталады. Егер

$$\sum_{n=1}^{\infty} |\bar{t}_n - \bar{t}_{n-1}| \quad (2.2.2)$$

қатар жинақталатын болса, онда $\sum a_n$ қатар $(R, P_n, 1)$ қосындыланады немесе (\bar{N}, p_n) қосындыланады. Абсолютті логарифмдік қосындыланатындықтан $p_n = 1/(n+1)$ жағдайында $(R, P_n, 1)$ қосындыланады [23].

$r(x) \ x > 0, r(x) > 0, r(x) \uparrow \infty \ x \uparrow \infty$ интервалда анықталатын және $r(x)$ үзіліссіз дифференциалданатын болсын. Бүтін n үшін $r(n) = r_n$ деп жазамыз. $\sum a_n$ қатары $(R, r, 1)$ қосындыланады, егер $B > 0$ үшін

$$\int_B^{\infty} \frac{r'(x)}{r^2(x)} dx \mid \sum_{n \leq x} r_n a_n < \infty$$

болса.

$(R, P_n, 1)$ әдісі $(R, r, 1)$ әдісіне $r_n = P_n$ болған жағдайда ғана тепе-тең екені белгілі.

$\{\varphi_n(x)\}$ ортогональ жүйесі (a, b) аралығында анықталсын. $f(x) \in L^2(a, b)$ функциясы үшін

$$f(x) \approx \sum_{k=0}^{\infty} a_k \varphi_k(x)$$

болатындай, L^2 метрикасында $E_n^{(2)}(f)$ бірінші жуықтауын көпмүшелік орталарын $\varphi_0(x), \dots, \varphi_{n-1}(x)$ болатындай $f(x)$ функциясына анықтаймыз.

$$E_n^{(2)}(f) = \left(\sum_{k=n}^{\infty} |a_k|^2 \right)^{1/2}$$

болатыны жақсы белгілі. $P(x)$ бүтін n және $P'(n) = p_n$ үшін $P(n) = P_n$ болатындай қатаң өспелі функция болсын. $P(x)$ кері функциясын $\Lambda(x)$ деп белгілейміз және $\nu_n = [\Lambda(2^n)]$ саламыз, мұнда $[x]$ x -тің интеграл бөлігін анықталады. Онда біз

$$C_n = \left\{ \sum_{k=\nu_n+1}^{\nu_{n+1}} |a_k|^2 \right\}^{1/2} \quad (n = 0, 1, \dots) \quad (2.2.3)$$

саламыз.

Келесі белгілеулер жүйесін қолданамыз

$$L_0(t) = 1, L_1(t) = \log t, L_p(t) = L_1(L_{p-1}(t)) = \log \dots \log t, \\ L_p^{(\varepsilon)}(t) = L_1(t) \dots L_{p-1}(t) (L_p(t))^{1+\varepsilon} \quad (\varepsilon \geq 0, p = 1, 2, \dots)$$

мұнда, егер тікелей жағдайда позитивті сандарды анықтамаса, онда біз оларды 1-лермен ауыстырамыз. Біз кез келген $\{\lambda_n\}$ үшін $\Delta\lambda_n = \lambda_n - \lambda_{n-1}$ деп жазамыз. Барлық уақытта сондай болмайтын позитивті абсолютті тұрақтыларды анықтай аламыз.

Теорема А. $\sum_{n=1}^{\infty} a_n \varphi_n(x)$ ортогональ қатар $(R, P_n, 1)$ қосындыланады сонда тек сонда ғана, егер

$$\sum_{n=0}^{\infty} C_n \quad (2.2.4)$$

қатары жинақталса, мұнда C_n (3.2.3)-та анықталған.

Бұл теореманы дәлелдеу үшін төмендегі теореманы дәлелдейміз.

Теорема 24. (3.2.4) қатарының жинақтылығы

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} \quad (2.2.5)$$

қатар жинақтылығына тепе-тең.

Дәлелдеу. $m_0(n) \nu_{m_0(n)} < n \leq \nu_{m_0(n)+1}$ сияқты бүтін болсын. Демек біз

$$\begin{aligned} & \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} \geq \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{m=0}^{m_0(n)-1} \sum_{k=v_m+1}^{v_{m+1}} P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} \geq \\ & \geq \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{m=0}^{m_0(n)-1} P_{v_m}^2 \sum_{k=v_m+1}^{v_{m+1}} P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{m=0}^{m_0(n)-1} P_{v_m}^2 C_m^2 \right\}^{1/2} \geq \\ & \geq \sum_{j=1}^{\infty} \sum_{n=v_{j+1}}^{v_{j+1}} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{m=0}^{m_0(n)-1} P_{v_m}^2 C_m^2 \right\}^{1/2} \geq \sum_{j=1}^{\infty} \sum_{n=v_{j+1}}^{v_{j+1}} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{m=0}^{j-1} P_{v_m}^2 C_m^2 \right\}^{1/2} \geq \\ & \sum_{j=1}^{\infty} C_{j-1} P_{v_{j-1}} \sum_{n_j=v_{j+1}}^{v_{j+1}} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left(\frac{1}{P_{n-1}} - \frac{1}{P_n} \right) = \sum_{j=1}^{\infty} C_{j-1} \left(\frac{P(v_{j-1})}{P(v_j)} - \frac{P(v_{j-1})}{P(v_{j+1})} \right) \geq \frac{1}{4} \sum_{j=0}^{\infty} C_j \end{aligned}$$

және келесі мәнді аламыз

$$P(v_{j-1})/P(v_j) - P(v_{j-1})/P(v_{j+1}) \geq 2^{j-1}/2^j - 2^{j-1}/2^{j+1} = 1/2 - 1/4 = 1/4.$$

Ендігі де біз теорема А және 24-ті қолданып, қандай да бір жеткілікті шарттарды ортогональ қатарларды абсолютті Рисс қосындылау үшін беретін боламыз [24-27].

Салдар 1. s оң бүтін және p теріс емес бүтін болсын.

I. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\sum |a_n|^2 L_s(n)^\alpha L_s^{(0)}(n)^{-1} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \tag{2.2.6}$$

қатар жинақталатын болса, онда $\sum a_n \varphi_n(x)$ қатар барлық жерде $|R, \exp L_s(n)^\alpha, 1|$ қосындыланады делік.

II. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\sum |a_n|^2 L_p^{(\varepsilon)}(n) \tag{2.2.7}$$

қатар жинақталса, онда $\sum a_n \varphi_n(x)$ қатар барлық жерде $|R, n^\alpha, 1|$ қосындыланады делік.

III. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\sum |a_n|^2 n^\alpha L_p^{(\varepsilon)}(n) \tag{2.2.8}$$

қатар жинақталса, онда $\sum a_n \varphi_n(x)$ қатар барлық жерде $|R, \exp n^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

IV. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\sum |a_n|^2 L_s^{(0)}(n)^{-1} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \tag{2.2.9}$$

қатар жинақталса, онда $\sum a_n \varphi_n(x)$ қатар барлық жерде $|R, L_s(n)^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

V. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\sum |a_n|^2 n L_s^{(0)}(n)^{-\alpha} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \tag{2.2.10}$$

қатар жинақталса, онда $\sum a_n \varphi_n(x)$ қатар барлық жерде $|R, \exp n / L_s(n)^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

Дәлелдеу. Нәтижелер ұқсас дәлелденгендіктен бұл жағдайда тек (I) жағдайын ғана дәлелдедік. Теорема 24 және А және Шварц теңсіздігінен біз

$$\begin{aligned} & \sum_{n=1}^{\infty} \frac{p_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} = \\ & \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n^{1/2} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n)^{1/2}} \left\{ \frac{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) p_n^2}{P_n^2 P_{n-1}^2} \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} \leq \\ & \leq \left\{ \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n)} \right\}^{1/2} \left\{ \sum_{n=1}^{\infty} \frac{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) p_n^2}{P_n^2 P_{n-1}^2} \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 |a_k|^2 \right\}^{1/2} \leq \\ & \leq A \left\{ \sum_{k=1}^{\infty} |a_k|^2 P_{k-1}^2 \sum_{n=k}^{\infty} \frac{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) p_n^2}{P_n^2 P_{n-1}^2} \right\}^{1/2} \end{aligned} \tag{2.2.11}$$

аламыз. Басқалай алғанда, егер біз $P_n = \exp L_s(n)^\alpha$ деп ойласақ, онда

$$p_n \approx n^{-1} L_s(n)^\alpha L_s^{(0)}(n)^{-1} \exp L_s(n)^\alpha$$

екендігін көреміз. Сондықтан біз

$$\begin{aligned} \sum_{n=k}^{\infty} \frac{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) p_n^2}{P_n^2 P_{n-1}^2} & \leq A \sum_{n=k}^{\infty} \frac{n L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n)}{(\exp L_s(n)^\alpha)^4} \left\{ n^{-1} L_s(n)^\alpha L_s^{(0)}(n)^{-1} \exp L_s(n)^\alpha \right\}^2 \leq \\ & \leq A \frac{L_{p+s}^{(\varepsilon)}(k) L_s(k)^\alpha L_s^{(0)}(k)^{-1}}{\exp L_s(k)^\alpha} \sum_{n=k}^{\infty} \frac{n^{-1} L_s(n)^\alpha L_s^{(0)}(n)^{-1} \exp L_s(n)^\alpha}{(\exp L_s(n)^\alpha)^2} = \\ & = O \left(\frac{L_s(k)^\alpha L_s^{(0)}(k)^{-1} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(k)}{(\exp L_s(k)^\alpha)^2} \right) \end{aligned} \tag{2.2.12}$$

деп аламыз. (3.2.11) және (3.2.12) бойынша біз (I) жағдайын дәлелдейміз [25].

Демек, егер $\{\Omega_n\}$ позитивті кішіреймейтін $\Omega_0 = 0$ бар тізбек болса, онда ең жақсы жуықтауды қолдануда біз

$$\sum_{n=1}^{\infty} |a_n|^2 \Omega_n = \sum_{k=1}^{\infty} \Delta \Omega_k \sum_{n=k}^{\infty} |a_n|^2 = \sum_{k=1}^{\infty} \{E_k^{(2)}(f)\}^2 \Delta \Omega_k$$

екендігін көреміз, яғни (2.2.5)-(2.2.6) қатарлары үшін $\Delta \Omega_k$ сәйкесінше бағалап, жеңіл келесі салдарды аламыз [28].

Салдар 2.1-салдардағы (2.2.5)-(2.2.6) қатарлар сәйкесінше (2.2.13)-(2.2.17) қатарларына ауыстырыла алады:

$$\sum n^{-1} L_s(n)^\alpha L_s^{(0)}(n)^{-2} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \{E_n^{(2)}(f)\}^2, \quad (2.2.13)$$

$$\sum n^{-1} L_1(n)^{-1} L_p^{(\varepsilon)}(n) \{E_n^{(2)}(f)\}^2, \quad (2.2.14)$$

$$\sum n^{\alpha-1} L_p^{(\varepsilon)}(n) L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \{E_n^{(2)}(f)\}^2, \quad (2.2.15)$$

$$\sum n^{-1} L_{s+1}(n) L_{s+1}^{(0)}(n)^{-2} L_{s+p}^{(\varepsilon)}(n) \{E_n^{(2)}(f)\}^2, \quad (2.2.16)$$

$$\sum L_s(n)^{-\alpha} L_{p+s}^{(\varepsilon)}(n) \{E_n^{(2)}(f)\}^2 \quad (2.2.17)$$

Тригонометриялық жүйелер үшін біз ескертулер жасаймыз.

$$f(x) \in L^2(0, 2\pi)$$

және

$$f(x) \approx \frac{1}{2} a_0 + \sum_{n=1}^{\infty} (a_n \cos nx + b_n \sin nx) \equiv \sum_{n=0}^{\infty} A_n(x) \quad (2.2.18)$$

болсын.

$\Omega(\delta, f)$ келесі интегралдардың біреуін білдіретін болсын:

$$\omega^2(\delta, f) = \sup_{0 \leq t \leq \delta} \left\{ \int_0^{2\pi} [f(x+t) - f(x-t)]^2 dx \right\}^{1/2},$$

$$\omega_2^{(2)}(\delta, f) = \sup_{0 \leq t \leq \delta} \left\{ \int_0^{2\pi} [f(x+2t) + f(x-2t) - 2f(x)]^2 dx \right\}^{1/2},$$

$$\omega^2(\delta, f) = \left\{ \frac{1}{\delta} \int_0^\delta \left(\int_0^{2\pi} [f(x+t) - f(x-t)]^2 dx \right) dt \right\}^{1/2},$$

$$\omega_2^{(2)}(\delta, f) = \left\{ \frac{1}{\delta} \int_0^\delta \left(\int_0^{2\pi} [f(x+2t) + f(x-2t) - 2f(x)]^2 dx \right) dt \right\}^{1/2}.$$

Теорема В. $0 < \beta \leq 2$ болсын. $\lambda(x) (x \geq 1)$

$$\sum_{k=n}^{\infty} \frac{1}{k^\beta \lambda(x)} \leq A \frac{1}{n^{\beta-1} \lambda(n)}$$

теңсіздік орындалатындай оң монотонды функциялар болсын.

Онда

$$\int_0^1 \frac{1}{t^2 \lambda(1/t)} \left(\int_0^{2\pi} [f(x+t) - f(x-t)]^2 dx \right)^{\beta/2} dt < \infty$$

$$\int_0^1 \frac{1}{t^2 \lambda(1/t)} \left(\int_0^{2\pi} [f(x+2t) + f(x-2t) - 2f(x)]^2 dx \right)^{\beta/2} dt < \infty$$

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{\lambda(n)} \Omega\left(\frac{1}{n}, f\right)^\beta < \infty$$

және

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{\lambda(n)} \{E_n^{(2)}(f)\}^\beta < \infty$$

шарттары өзара тепе-тең.

Теорема В және салдар 2-ден келесі салдар шығады [29].

Салдар 3. p және s салдар 1-дегі бүтін сандар болсын.

1. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\Omega(\delta, f) = O\left(L_s(1/\delta)^{-\alpha/2} L_s^{(0)}(1/\delta) L_{p+s}^{(\varepsilon)}(1/\delta)^{-1}\right),$$

болса, онда $\sum_{n=0}^{\infty} A_n(x)$ Фурье қатары барлық жерде $|R, \exp L_s(n)^\alpha, 1|$

қосындыланады дерлік.

2. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\Omega(\delta, f) = O\left(L_1(1/\delta)^{1/2} L_p^{(\varepsilon)}(1/\delta)^{-1}\right)$$

болса, онда $\sum_{n=0}^{\infty} A_n(x)$ Фурье қатары барлық жерде дерлік $|R, n^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

3. Егер $0 < \alpha < 2$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\Omega(\delta, f) = O\left(\delta^{\alpha/2} L_p^{(\varepsilon)} (1/\delta)^{-1}\right)$$

болса, онда $\sum_{n=0}^{\infty} A_n(x)$ Фурье қатары барлық жерде $|R, \exp n^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

4. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\Omega(\delta, f) = O(L_{s+1} (1/\delta)^{-1/2-\varepsilon})$$

болса, онда $\sum_{n=0}^{\infty} A_n(x)$ Фурье қатары барлық жерде дерлік $|R, L_s(n)^\alpha, 1|$ қосындыланады дерлік.

5. Егер $\alpha > 0$ және кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$$\Omega(\delta, f) = O\left(\delta^{1/2} L_s (1/\delta)^{\alpha/2} L_{p+s}^{(\varepsilon)} (1/\delta)^{-1}\right)$$

болса, онда $\sum_{n=0}^{\infty} A_n(x)$ Фурье қатары барлық жерде дерлік $|R, \exp n / L_s(n)^\alpha, 1|$ қосындыланады

Лемма 1. $\{p_n\}$ оң тізбек болсын. (2.2.12) қатары жинақталады, егер $\sum_{n=0}^{\infty} a_n r_n(x)$

Радемахер қатары $(R, P_n, 1)$ қосындыланатындай нүктелер жиыны оң болса.

Лемма 2. $\{p_n\}$ оң тізбек болсын.

$$A_k(x) = \sigma_k \cos(kx + \theta_k), \text{ мұнда } \sigma_k = (a_k^2 + b_k^2)^{1/2}$$

болсын. Егер E оң өлшемді жиында

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 A_k^2(x) \right\}^{1/2} \tag{2.2.19}$$

қатары жинақталса, онда

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \right\}^{1/2}$$

қатары жинақталады. Керісінше, (2.2.19) қатарының жинақталуы барлық x үшін (2.2.18) орындалатынын білдіреді.

Дәлелдеу. (2.2.18) гипотезасынан

$$I = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \int_{E_0} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \cos(kx + \theta_k) \right\}^{1/2} dx \leq Am(E_0) \quad (2.2.20)$$

мұнда m Лебег өлшемін анықтайды. Жоғарыдай болатын $E_0 \subset E$ позитивті өлшемді жиын бар. Минковский теңсіздігін қолдану арқылы біз келесі теңсіздікті аламыз:

$$\begin{aligned} I &\geq \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n \int_{E_0} (P_{k-1}^2 \sigma_k^2 |\cos(kx + \theta_k)| dx)^2 \right\}^{1/2} \geq \\ &\geq \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=1}^n P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \left(\int_{E_0} |\cos(kx + \theta_k)| dx \right)^2 \right\}^{1/2} \end{aligned} \quad (2.2.21)$$

Риман-Лебег теоремасынан жеткілікті үлкен k_0 , яғни $k \geq k_0$ үшін

$$\begin{aligned} \int_{E_0} |\cos(kx + \theta_k)| dx &\geq \int_{E_0} \cos^2(kx + \theta_k) dx = \frac{1}{2} \int_{E_0} (1 + \cos 2(kx + \theta_k)) dx = \\ &= \frac{1}{2} m(E_0) + \frac{1}{2} \int_{E_0} \cos 2(kx + \theta_k) dx \geq \frac{1}{4} m(E_0) \end{aligned}$$

аламыз. (3.2.20) және (3.2.21) теңсіздіктерінен

$$\begin{aligned} I &\geq \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=k_0}^n P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \left(\frac{1}{4} m(E_0) \right)^2 \right\}^{1/2} \geq \\ &\geq A \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=k_0}^n P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \right\}^{1/2} \end{aligned} \quad (2.2.22)$$

шығады. Басқа жағдайлар үшін

$$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} \left\{ \sum_{k=k_0}^{k_0-1} P_{k-1}^2 \sigma_k^2 \right\}^{1/2} \leq A \sum_{n=1}^{\infty} \frac{P_n}{P_n P_{n-1}} < \infty \quad (2.2.23)$$

бар.

Қорытынды: Қорытындылай келе, ортогональ қатарлардың абсолютті Рисс қосындылануы математикалық анализдегі маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Бұл әдіс классикалық мағынада жинақталмайтын

қатарлардың қасиеттерін зерттеуге және олардың жалпыланған қосындыларын анықтауға мүмкіндік береді. Абсолютті Рисс қосындылануы қатарлардың жинақталу шарттарын тереңірек түсіндіруге көмектеседі және олардың орнықтылығын сипаттауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Алексич Г. Проблемы сходимости ортогональных рядов. – М.: Иностранная литература, 1963. – 145 с.
- 2 Бари Н.К. Тригонометрические ряды. – М.: Физико-математическое литература, 1961. – 936 с.
- 3 Воробьев Н.Н. Теория рядов: Избранные главы высшей математики для инженеров и студентов. – М.: Наука, 1973. – 213 с.
- 4 Зигмунд А. Тригонометрические ряды. – М.: Мир, 1965. – Т.1. – 615 с.
- 5 Зигмунд А. Тригонометрические ряды. – М.: Мир, 1965. – Т.2. – 537 с.
- 6 Зиза О.А. Суммирование ортогональных рядов. – М.: УРСС, 1999. – 281 с.

АБСОЛЮТНАЯ СУММИРУЕМОСТЬ РИССА ОРТОГОНАЛЬНЫХ РЯДОВ

Максут Алихан Аханулы

Абсолютная суммируемость Рисса является одним из важных понятий, позволяющих более глубоко исследовать свойства сходимости ортогональных рядов. Данный метод имеет особое значение при изучении устойчивости рядов, описании их аналитических свойств и исследовании поведения в различных функциональных пространствах. Кроме того, теория абсолютной суммируемости Рисса в настоящее время широко применяется в спектральном анализе, теории дифференциальных уравнений и прикладной математике. В данной работе рассматриваются основные свойства абсолютной суммируемости Рисса ортогональных рядов, а также проводится анализ её теоретических основ и областей применения.

Ключевые слова: частичная сумма, абсолютная устойчивость, ортогональный ряд, монотонная функция, суммируемость Рисса.

ABSOLUTE RIESZ SUMMABILITY OF ORTHOGONAL SERIES*Macsut Alikhan Ahanuly*

Absolute Riesz summability is one of the important concepts that allows a deeper investigation of the convergence properties of orthogonal series. This method plays a significant role in studying the stability of series, describing their analytical properties, and analyzing their behavior in various functional spaces. In addition, the theory of absolute Riesz summability is widely applied in spectral analysis, the theory of differential equations, and applied mathematics. This paper considers the main properties of the absolute Riesz summability of orthogonal series and analyzes its theoretical foundations and areas of application.

Keywords: partial sum, absolute stability, orthogonal series, monotone function, Riesz summability.

REFERENCES

- 1 Проблемы сходимости ортогональных рядов / Aleksich G. *Problems of Convergence of Orthogonal Series*. – Moscow: Foreign Literature Publishing House, 1963. – 145 p.
- 2 Тригонометрические ряды / Bari N.K. *Trigonometric Series*. – Moscow: Physics and Mathematics Literature Publishing House, 1961. – 936 p.
- 3 Теория рядов / Vorobyev N.N. *Theory of Series: Selected Chapters of Higher Mathematics for Engineers and Students*. – Moscow: Nauka, 1973. – 213 p.
- 4 Тригонометрические ряды Том 1 / Zygmund A. *Trigonometric Series*. Vol. 1. – Moscow: Mir, 1965. – 615 p.
- 5 Тригонометрические ряды Том 2 / Zygmund A. *Trigonometric Series*. Vol. 2. – Moscow: Mir, 1965. – 537 p.
- 6 Суммирование ортогональных рядов / Ziza O.A. *Summation of Orthogonal Series*. – Moscow: URSS, 1999. – 281 p.

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST**2026, Vol.4, No. 5 (May)**<https://qazaqjournal.kz/>

ӘОЖ 621.384.6

**ЭЛЕКТРСТАТИКАЛЫҚ ОСЬТІ-СИММЕТРИЯЛЫ АУЫТҚУШЫ
ӨРІСКЕ ИЕ СЕКТОРЛЫҚ ДЕФЛЕКТОРДЫ ӘЗІРЛЕУ*****Ерболатов Мақсат Жанатұлы***

1 курс магистрант, "Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті" КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: Физика және нанотехнологиялар кафедрасының профессоры, PhD докторы Қамбарова Жанар Тұрсыновна

Мақалада зарядталған бөлшектер шоғын берілген бұрышқа дәл бұруға арналған электрстатикалық осьті-симметриялы ауытқушы өріске ие секторлық дефлекторды әзірлеудің ғылыми-техникалық негіздері қарастырылады. Зерттеу логикасы иондық және электрондық оптикадағы өріс геометриясын, секторлық электродтар жүйесін, бөлшек траекториясын тұрақтандыру шарттарын және сандық модельдеу нәтижелерін талдауға құрылған. Жұмыста дефлектордың құрылымдық сұлбасын таңдауда электрод пішіні, потенциалдар айырмасы, кіріс-шығыс саңылаулары, вакуумдық орта және шоқтың энергия тұрақтылығы негізгі параметр ретінде алынды. Әдебиеттер талдауы 2022 жылдан кейін жарық көрген қазақстандық және ресейлік авторлардың еңбектеріне сүйенеді. Нәтижелер бөлімінде секторлық дефлекторды масс-спектрометрияда, зарядталған бөлшектер анализаторында, зертханалық электрон-иондық қондырғыларда қолдану мысалдары берілді. Мақаланың практикалық құндылығы – шағын өлшемді, реттеуге ыңғайлы және траекториялық дәлдігі жоғары дефлектор жобасын ұсыну.

Кілт сөздер: электрстатикалық өріс, секторлық дефлектор, осьті-симметрия, зарядталған бөлшек, иондық оптика, электрондық оптика, траектория, сандық модельдеу.

Кіріспе

Зарядталған бөлшектер шоғын басқару мәселесі электрондық және иондық оптикада ерекше орын алады. Электрон, ион немесе плазмалық бөлшек ағыны вакуумдық камера ішінде еркін қозғалмайды, оның бағыты, энергиясы, фокусталуы және детекторға түсу дәлдігі сыртқы электрстатикалық өріске тәуелді. Секторлық дефлектор дәл сондай басқару тораптарының бірі ретінде қолданылады. Оның міндеті – бөлшек шоғын механикалық қозғалыссыз, тек электродтарға берілген потенциал арқылы белгілі бұрышқа ауытқыту. Мұндай тәсіл масс-спектрометрияда, электрондық микроскопияда, ғарыштық плазма анализаторларында, ядролық-физикалық қондырғыларда және вакуумдық диагностика жүйелерінде қажет.

Зерттеудің өзектілігі секторлық дефлекторлардың өлшеу дәлдігі мен аспаптың жалпы сезімталдығына тікелей әсер етуімен түсіндіріледі. Егер дефлектордағы өріс біркелкі қалыптаспаса, бөлшек траекториясы есептелген радиустан ауытқиды, шоқ шашырайды, детекторға түсетін сигнал әлсірейді. Ал осьті-симметриялы ауытқушы өріс бөлшектерді кеңістікте тұрақтырақ бағыттап, фокусталу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Өзірленетін құрылғы қарапайым жазық пластиналы дефлекторға қарағанда күрделірек, бірақ оның артықшылығы – өрісті геометриялық тұрғыдан басқаруға, шоқтың абберациясын азайтуға және энергиясы әртүрлі бөлшектерді тиімді ажыратуға жол ашады.

Мақсаты – электрстатикалық осьті-симметриялы ауытқушы өріске ие секторлық дефлектордың құрылымдық және физикалық негізін әзірлеу, оның траекториялық тұрақтылығын бағалау және қолдану мүмкіндігін көрсету. Зерттеу міндеттері ретінде секторлық дефлектордың жұмыс принципін сипаттау, электродтар геометриясын негіздеу, зарядталған бөлшек қозғалысына әсер ететін параметрлерді талдау, сандық модельдеу арқылы өріс таралуын бағалау, тәжірибелік қолдану бағыттарын нақтылау алынды. Зерттеу объектісі – электрстатикалық өрісте қозғалатын зарядталған бөлшектер шоғын ауытқытатын секторлық дефлектор. Зерттеу пәні – осьті-симметриялы секторлық өрістің бөлшек траекториясына, фокусталуына және энергия бойынша ажыратымдылығына ықпалы.

Теориялық маңызы электрстатикалық өрістің геометриялық конфигурациясы мен бөлшек қозғалысы арасындағы байланысты нақтылаудан көрінеді. Практикалық маңызы – ұсынылған жобалық шешімді зертханалық масс-анализаторларда, иондық шоқты бағыттау жүйелерінде, электрондық-оптикалық стендтерде және шағын вакуумдық аспаптарда қолдануға болатынында. Жаңалығы секторлық дефлекторды қарапайым ауытқытқыш элемент ретінде емес, осьті-симметриялы өріс арқылы шоқ сапасын сақтайтын электрон-иондық оптикалық торап ретінде қарастырумен байланысты.

Әдістер

Зерттеу әдістемесі теориялық талдау, салыстырмалы әдеби шолу, электродтар геометриясын жобалау, өріс таралуын математикалық сипаттау және траекториялық модельдеу тәсілдеріне сүйенді. Алдымен дефлектордың негізгі геометриялық параметрлері анықталды: сектор бұрышы, орташа радиус, электродтар арақашықтығы, кіріс және шығыс саңылау ені, электрод бетінің қисықтық радиусы. Мұнда басты талап – зарядталған бөлшек шоғын берілген бұрышқа бұрғанда оның көлденең қимасын мүмкіндігінше сақтап қалу.

Электрстатикалық өріс үшін Лаплас тендеуіне негізделген есептеу сұлбасы алынды. Вакуумдық ортада көлемдік заряд әсері әлсіз деп қабылданса, потенциал таралуы электрод беттеріндегі шекаралық шарттар арқылы анықталады. Ішкі электродқа теріс немесе төмен потенциал, сыртқы электродқа жоғары потенциал беріледі. Зарядталған бөлшек өріске кіргенде центрге бағытталған электр күші пайда болады, ал бөлшек жылдамдығы мен энергиясына қарай траектория сектор ішінде қисық сызықпен жүреді. Модельдеуде бөлшектің бастапқы энергиясы, кіріс бұрышы, бастапқы координатасы және потенциалдар айырмасы өзгермелі параметр ретінде қарастырылды.

Конструкциялық тұрғыда дефлектор екі қисық секторлық электродтан, диэлектрлік оқшаулағыш тіректерден, кіріс-шығыс коллиматорларынан және вакуумдық бекіту түйіндерінен тұрады. Электрод материалы ретінде электрөткізгіштігі жоғары, беттік өңдеуге төзімді металл алынады. Бет кедір-бұдырлығы аз болғаны дұрыс, өйткені микрошеттер өрістің жергілікті күшеюіне әкеліп, разряд қаупін арттырады. Практикалық үлгіде электрод беті жылтыратылып, шеттері домалақтанады. Мұндай шешім жоғары кернеулі аймақта өрістің бір нүктеге шоғырлануын төмендетеді.

Әдебиеттерді талдау

Төменвольтты миниатюрленген электрондық-оптикалық жүйелер жөніндегі С. О. Вересов шолуында шағын электрондық бағаналарда микролинзалар, микроауытқытқыштар және дәл фокустайтын элементтер біртұтас жүйе ретінде қарастырылатыны көрсетіледі. Автордың еңбегіндегі негізгі ойды жинақтасақ, «төмен энергиялы бөлшек шоғын басқаруда электрод өлшемі кішірейген сайын өріс геометриясының қателігі күшейеді» деген тұжырым шығады [1,42]. Секторлық дефлекторды әзірлеуде пікір маңызды: шағын құрылғыда тек потенциалды есептеу жеткіліксіз, электродтардың нақты жасалу дәлдігі де есепке кіреді. Мысалы, электрод аралығы 2 мм деп жобаланып, нақты құрастыруда 0,1 мм ауытқу кетсе, өріс симметриясы бұзылады. Демек, дефлектор жобасы механикалық дәлдік пен электрлік тұрақтылықты бірге қамтуы керек.

Масс-спектрометриялық аспап жасаудағы отандық тәжірибені талдаған И. Р. Галль, В. Д. Саченко және Н. Р. Галль еңбегі иондық-оптикалық тораптардың ұзақ эволюциясын көрсетеді. Еңбекте масс-анализатордың ажыратымдылығы

мен сезімталдығы ион көзі, анализатор өрісі және тіркеу жүйесінің үйлесіміне тәуелді екені айқын беріледі. Авторлар тұжырымын мақаланың пәніне жақындатқанда, «масс-спектрометрде ионды қалыптастыру мен бағыттау бір-бірінен бөлек қаралмайды, аспаптың нәтижесі бүкіл иондық-оптикалық жолдың сапасына тәуелді» деген ой алынады [2,53]. Секторлық дефлектор да сондай жолдың аралық буыны. Егер шоқ ион көзінен дұрыс шықса, бірақ дефлектор ішінде шашыраса, соңғы спектр сапасы төмендейді. Сол себепті дефлекторды жеке электрод емес, аспаптың толық траекториялық арнасының бөлігі ретінде жобалау қажет.

Осьті-симметриялы біртекті емес өріс негізіндегі зарядталған бөлшектер энергия анализаторы туралы Ж. Т. Камбарова, А. О. Саулебеков және С. С. Қасымов мақаласы зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей жақын. Авторлар цилиндрлік өріс пен көпполүсті өрісті суперпозициялау арқылы электрондық-оптикалық сұлба құрып, жоғары ажыратымдылық пен тиімді жарықтылықты біріктіру мүмкіндігін көрсетеді. Еңбектің негізгі мазмұны «осьті-симметриялы біртекті емес өріс зарядталған бөлшектерді талдауда жоғары ажыратымдылық пен қабылдау қабілетін қатар қамтамасыз ете алады» деген ғылыми тұжырымға келеді [3,79]. Секторлық дефлектор үшін мұндай идея өте құнды. Егер дефлекторда қарапайым радиалды өріс қана емес, қосымша түзетуші өріс компоненттері қолданылса, шоқтың шеткі бөлшектері негізгі траекториядан аз ауытқиды. Мысалы, 90 градусқа бұрылатын секторда кіріс бұрышы 1–2 градусқа өзгерген бөлшектерді бір фокустық аймаққа жинау үшін электрод пішінін тек доға түрінде емес, аздап түзетілген профильмен жасауға болады.

Резонанстық электрон қармау және энергетикалық сүзгі қолданылған тәжірибені сипаттаған А. И. Лукин бастаған авторлар жұмысы секторлық дефлектордың қолданбалы жағын түсіндіреді. Жұмыста энергетикалық сүзгі арқылы беткі және көлемдік иондық процестерді ажырату қарастырылған. Авторлар тәжірибе сұлбасында «энергетикалық фильтр ион көзіндегі процестерді бөлуге және сигналдың шығу табиғатын нақтылауға көмектеседі» деген мазмұн береді [4,51]. Дефлектор әзірлеуде мұндай тәсіл бөлшек энергиясын тандауға қатысты. Егер секторлық ауытқушы өріс белгілі энергия диапазонын ғана тұрақты өткізсе, онда ол қарапайым бұру құрылғысынан энергетикалық іріктеу элементіне айналады. Мысалы, 1 кэВ энергиялы иондар есептік радиуспен өтсе, 0,8 кэВ бөлшектер ішкі электродқа жақындайды, 1,2 кэВ бөлшектер сыртқы аймаққа ығысады. Практикада шығыс саңылауын дұрыс орналастыру арқылы қажет энергиялы бөлшектер ғана детекторға жіберіледі.

Электр және магнит өрістерін интегралдық теңдеулер арқылы есептеу әдісін ұсынған Ю. Плугатар, Д. Филиппов, В. Чабанов, А. Казак және бірлескен авторлар жұмысы сандық есептеудің маңызын ашады. Авторлар өткізгіш денелер әсерінен бұзылған электрстатикалық өрістерді есептеу үшін бірінші текті интегралдық теңдеулерді қолданады. Еңбекте «өткізгіш денелер маңындағы өрісті есептеу құрылғыны оңтайландыруға мүмкіндік береді» деген

мазмұн нақты беріледі [5,366]. Секторлық дефлекторда электродтың өзі ғана емес, бекітпе, экран, коллиматор, вакуумдық фланец те өріс таралуына әсер етеді. Қағаздағы идеал сұлбада өріс радиалды көрінуі мүмкін, бірақ нақты камера ішінде металл бұрандалар мен жақын орналасқан экрандар потенциал сызықтарын бұзады. Интегралдық есептеу немесе шектік элементтер әдісі сол бұзылыстарды алдын ала көруге көмектеседі.

Нақты осьті-симметриялы электрстатикалық айналар үшін траекториялық талдау бағдарламасын сипаттаған З. С. Саутбекова мен А. А. Трубицын еңбегі модельдеуді аспап жасаудың негізгі кезеңіне шығарады. Авторлар FOCUS CPM бағдарламасы арқылы нақты электрстатикалық жүйелердегі бөлшек траекториясын есептеу әдістерін қарастырады. Еңбектің мәнін қысқаша берсек, «нақты геометриядағы электрстатикалық жүйені траекториялық модельдеу тәжірибелік үлгі жасалғанға дейін оптикалық қасиеттерді бағалауға жол ашады» деген тұжырым шығады [6,92]. Секторлық дефлектор үшін бағдарламаға ұқсас есептеу ортасы қажет: алдымен өріс картасы алынады, кейін әртүрлі бастапқы энергия мен бұрыштағы бөлшектер жіберіледі. Нәтижесінде қай бөлшек шығыс саңылауына жетеді, қайсысы электродқа соғылады, қайсысы фокустық аймақтан ауытқиды – бәрі алдын ала көрінеді.

Нәтижелер

Әзірленген секторлық дефлектордың жұмыс сұлбасы 60–120 градус аралығында ауытқуға бейімделген. Негізгі нұсқа ретінде 90 градус сектор таңдалды, себебі зертханалық аспаптарда шоқ бағытын тік бұрышпен бұру ыңғайлы: ион көзі, дефлектор және детектор бір камерада жинақы орналасады. Орташа радиус үлкейген сайын траектория тұрақтырақ болғанымен, аспап өлшемі ұлғаяды. Сондықтан радиус пен электрод аралығы арасындағы қатынас жобаның басты келісімі ретінде қаралды.

Модельдік есептеулер дефлектордың тұрақты жұмыс істеуі үшін кіріс коллиматорының рөлі жоғары екенін көрсетті. Кең кіріс саңылауы шоқ қарқындылығын арттырады, бірақ траекториялық шашырауды көбейтеді. Тар саңылау ажыратымдылықты жақсартады, алайда сигнал азаяды. Практикалық сұлбада реттелетін коллиматор қолдану тиімді: бастапқы баптауда кең режим, дәл өлшеуде тар режим таңдалады.

Электрод пішіні бойынша ең қолайлы шешім – ішкі және сыртқы беттері концентрлік сектор түрінде жасалған, шеттері жұмырланған қос электрод. Шеткі аймаққа түзетуші сақина немесе экран қою өріс сызықтарының үзілуін азайтады. Кіріс және шығыс бөліктерде өріс кенет басталмай, біртіндеп қалыптасуы үшін қысқа өтпелі аймақ қарастырылды. Мұндай шешім бөлшектің секторға кірген сәтіндегі бұрыштық қателікті төмендетеді.

Тәжірибелік қолдану жағынан дефлектор үш бағытта тиімді. Біріншіден, масс-спектрометриялық арнада энергиясы белгілі иондарды таңдап өткізуге болады. Екіншіден, электрондық сәуле диагностикасында шоқты детекторға бағыттау немесе уақытша өшіру қызметін атқарады. Үшіншіден, оқу-

зертханалық стендте зарядталған бөлшектердің электр өрісіндегі қозғалысын көрсетуге арналған көрнекі модуль ретінде қолданылады. Мысалы, студенттер потенциал айырмасын өзгертіп, шоқтың детектордағы орны қалай жылжитынын бақылай алады. Бұл физикалық заңды формула деңгейінде емес, аспаптық тәжірибе арқылы түсіндіреді.

Талқылау

Секторлық дефлекторды әзірлеуде басты қиындық – теориялық идеал өріс пен нақты жиналған құрылғы өрісінің сәйкес келмеуі. Металл бетінің өңделуі, оқшаулағыштың орналасуы, вакуумдық камера қабырғасының жақындығы, жоғары кернеу көзіндегі пульсация – бәрі траекторияға әсер етеді. Сондықтан жобалау тек сызба жасаумен шектелмейді. Әр параметрді тәжірибелік реттеу мүмкіндігі алдын ала енгізілуі керек.

Практикалық тұрғыдан дефлекторды баптау бірнеше кезеңмен жүргізіледі. Алдымен төмен кернеуде электрлік оқшаулау тексеріледі. Кейін электрон немесе ион шоғын әлсіз ток режимінде жіберіп, детектордағы із орны анықталады. Потенциал біртіндеп көтеріліп, шоқтың сектор бойымен өту тұрақтылығы бағаланады. Егер детектордағы дақ созылып кетсе, кіріс бұрышы немесе коллиматор ені түзетіледі. Егер сигнал жоғалса, бөлшектердің электродқа соғылуы ықтимал, ондайда радиус, кернеу немесе бастапқы энергия қайта қаралады.

Дефлекторды нақты аспапқа енгізгенде қауіпсіздік мәселесі де ескеріледі. Жоғары кернеулі электродтар вакуум ішінде тұрса да, монтаж кезінде қалдық заряд сақталуы мүмкін. Қорғаныш резисторлары, жерге қосу тізбегі, кернеуді баяу түсіру жүйесі міндетті түрде қажет. Оқшаулағыш материал вакуумда газ шығармайтын, қызғанда деформацияға ұшырамайтын болуы керек. Керамика, фторопласт немесе арнайы вакуумдық полимерлер қолданылуы мүмкін, бірақ соңғы таңдау кернеу деңгейіне және температуралық режимге тәуелді.

Зертханалық прототип үшін ең дұрыс жол – алдымен қарапайым секторлық геометрияны жасау, кейін түзетуші элементтер қосу. Бірінші кезеңде құрылғы шоқты қажетті бұрышқа бұра алуы тексеріледі. Екінші кезеңде энергия бойынша іріктеу қабілеті бағаланады. Үшінші кезеңде шеткі өрісті түзету арқылы ажыратымдылық өсіріледі. Мұндай сатылы жұмыс артық шығынды азайтады, себебі күрделі электродты бірден жасау қателікке әкелуі мүмкін.

Қорытынды

Электрстатикалық осьті-симметриялы ауытқушы өріске ие секторлық дефлектор зарядталған бөлшектер шоғын дәл бағыттауға, энергия бойынша ішінара таңдауға және электрон-иондық оптикалық арнаның тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Жобалау кезінде электрод геометриясы, потенциалдар айырмасы, шоқтың бастапқы энергиясы, коллиматор өлшемі және шеткі өріс әсері бір жүйе ретінде қарастырылуы керек. Әдебиеттер талдауы кейінгі жылдары осьті-симметриялы өрістер, энергия анализаторлары, масс-спектрометриялық аспаптар және сандық траекториялық модельдеу

бағытында қазақстандық және ресейлік авторлар еңбегі белсенді дамып келе жатқанын көрсетті. Ұсынылған дефлектор сұлбасы зертханалық құрылғы, масс-анализатордың аралық торабы немесе оқу-тәжірибелік стенд ретінде пайдалануға жарайды. Алдағы жұмыс электродтардың нақты өлшемдерін есептеу, үшөлшемді өріс картасын алу, вакуумдық прототип жасау және тәжірибелік шокпен сынақ жүргізу бағытында жалғасуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Вересов С. О. Низковольтные миниатюризированные электронно-оптические системы: обзор // Журнал технической физики. – 2025. – Т. 95, № 4. – С. 41–56. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/nizkovoltnye-miniaturizovannye-elektronno-opticheskie-sistemy-obzor-1>
2. Галль И. Р., Саченко В. Д., Галль Н. Р. Вклад Л. Н. Галль в развитие масс-спектрометрии: прошлое и современность // Научное приборостроение. – 2025. – № 1. – С. 52–64. – URL: <https://sciup.org/142244735>
3. Камбарова Ж. Т., Саулебеков А. О., Қасымов С. С. A Novel Design of an Energy Analyzer for Charged Particles Based on a Non-Uniform Electrostatic Field // Eurasian Physical Technical Journal. – 2025. – Vol. 22, № 3 (53). – P. 148–155. – DOI: <https://doi.org/10.31489/2025N3/148-155>
4. Лукин А. И., Мазунов В. А., Козлов Б. М. Исследование резонансного взаимодействия электронов с молекулами методом масс-спектрометрии отрицательных ионов // Химия высоких энергий. – 2022. – Т. 56, № 2. – С. 137–144. – URL: <https://sciencejournals.ru/view-article/?a=VysEn2202008Lukin&j=vysen&n=2&v=56&y=2022>
5. Плугатар Ю., Филиппов Д., Чабанов В., Казак А., Корзин В., Олейников Н., Майорова А., Нехайчук Д. Integral Equations of the First Kind for Calculating Electro- and Magnetostatic Fields Perturbed by Conductors and Ferro-Magnets // Inventions. – 2023. – Vol. 8, № 2. – Article 55. – DOI: <https://doi.org/10.3390/inventions8020055>
6. Саутбекова З. С., Трубицын А. А. FOCUS CPM Software for Trajectory Analysis of Real Axially Symmetric Electrostatic Mirrors: Methods and Algorithms // Eurasian Physical Technical Journal. – 2022. – Vol. 19, № 3. – P. 91–96. – DOI: <https://doi.org/10.31489/2022No3/91-96>

РАЗРАБОТКА СЕКТОРНОГО ДЕФЛЕКТОРА С ЭЛЕКТРОСТАТИЧЕСКИМ ОСЕСИММЕТРИЧНЫМ ОТКЛОНЯЮЩИМ ПОЛЕМ

Ерболатов Максат Жанатулы

магистрант 1 курса, НАО «Карагандинский национальный
исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова», Караганда,
Казахстан

Научный руководитель: Камбарова Жанар Турсыновна, PhD, профессор
кафедры физики и нанотехнологий

В статье рассматриваются научно-технические основы разработки секторного deflectора с электростатическим осесимметричным отклоняющим полем, предназначенного для точного поворота пучка заряженных частиц на заданный угол. Логика исследования построена на анализе геометрии поля в ионной и электронной оптике, системы секторных электродов, условий стабилизации траектории частиц и результатов численного моделирования. При выборе структурной схемы deflectора в качестве основных параметров приняты форма электродов, разность потенциалов, входные и выходные апертуры, вакуумная среда и энергетическая стабильность пучка. Анализ литературы опирается на труды казахстанских и российских авторов, опубликованные после 2022 года. В разделе результатов приведены примеры применения секторного deflectора в масс-спектрометрии, анализаторах заряженных частиц, лабораторных электронно-ионных установках. Практическая ценность статьи заключается в предложении малогабаритного, удобного в настройке проекта deflectора с высокой точностью траектории.

Ключевые слова: электростатическое поле, секторный deflectор, осевая симметрия, заряженная частица, ионная оптика, электронная оптика, траектория, численное моделирование.

DEVELOPMENT OF A SECTOR DEFLECTOR WITH AN ELECTROSTATIC AXIALLY SYMMETRIC DEFLECTING FIELD

Maksat Zh. Yerbolatov

1st-year Master's student, NJSC "Karaganda Buketov National Research
University", Karaganda, Kazakhstan

Scientific supervisor: Zhanar T. Kambarova, PhD, Professor of the Department
of Physics and Nanotechnology

The article discusses the scientific and technical foundations of developing a sector deflector with an electrostatic axially symmetric deflecting field, designed for precise rotation of a charged particle beam by a given angle. The logic of the research is based on the analysis of field geometry in ion and electron optics, the system of sector electrodes, conditions for stabilizing particle trajectories, and the results of numerical modeling. When choosing the structural design of the deflector, the shape of the electrodes, potential difference, input and output apertures, vacuum medium, and energy stability of the beam were taken as the main parameters. The literature review relies on the works of Kazakhstan and Russian authors published after 2022. The results section provides examples of using the sector deflector in mass spectrometry, charged particle analyzers, and laboratory electron-ion installations. The practical value of the article lies in proposing a compact, easily adjustable deflector design with high trajectory precision.

Keywords: electrostatic field, sector deflector, axial symmetry, charged particle, ion optics, electron optics, trajectory, numerical modeling.

**МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ / МЕДИЦИНСКИЕ
НАУКИ И ЗДРАВООХРАНЕНИЕ / MEDICAL SCIENCES AND
HEALTHCARE**

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST

2026, Vol.4, No. 5 (May)

<https://qazaqjournal.kz/>



ӘОЖ 615.8:796

**СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ ФИТНЕСІ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАМАНДАР:
БҰЛ САЛАДАҒЫ МАМАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Саденов Н.С¹., Сыздыкова М.Ж²., Еримбетов Н.С³.

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің аға
оқытушылары^{1,2}

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы³
Түркістан қ., Қазақстан

Мақалада спорттық сауықтыру фитнесі саласындағы мамандарға қойылатын талаптар талқыланады. Бұл салада жұмыс істейтін мамандардың білімі, физикалық дайындығы, психологиялық аспектілері және этикалық нормалары туралы айтылады. Сонымен қатар, мамандардың кәсіби дамуының маңызы мен фитнес индустриясындағы жаңалықтармен танысу қажеттілігі қарастырылады. Спорттық сауықтыру фитнесі мамандарының рөлі мен олардың денсаулық сақтау саласындағы ықпалы туралы қорытынды жасалып, болашақ мамандардың кәсіби дамуының маңыздылығы атап өтілді.

Кілт сөздер: спорттық сауықтыру фитнесі, кәсіби маман, талаптар, білім, физикалық дайындық, психологиялық аспектілер, кәсіби даму, денсаулық сақтау, салауатты өмір салты.

Кіріспе

Спорттық сауықтыру фитнесі - бұл денсаулықты нығайту, физикалық күшті арттыру және адамдардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ететін маңызды сала. Заманауи өмірдің қарқынды ритмі мен стресстік жағдайларында фитнес бағдарламалары адамның физикалық және психологиялық жағдайын

жақсартуға үлкен мүмкіндік береді. Осы салаға маман даярлау өзекті мәселе болып табылады, себебі денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттау үшін кәсіби, жоғары білікті мамандар қажет. Спорттық сауықтыру фитнесі адамдардың денсаулығын нығайтып, олардың өмір сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан фитнес индустриясына маман даярлау - бұл бүгінгі күні қажетті бағыт[1].

Спорттық сауықтыру фитнесі: Жалпы сипаттама

Спорттық сауықтыру фитнесі - бұл денсаулықты нығайту және физикалық шыдамдылықты арттыруға бағытталған жаттығулар жиынтығы. Бұл сала дене шынықтыру мен спорттың негізгі элементтерін біріктіріп, адамның жалпы жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Спорттық сауықтыру фитнесінің негізгі мақсаты - дененің физикалық қабілеттерін дамытып, түрлі аурулардан алдын алу, сондай-ақ өмір сапасын арттыру[2].

Физикалық денсаулықты жақсартумен қатар, спорттық сауықтыру фитнесі психологиялық жағынан да тиімді. Бұл жаттығулар стрессті жеңілдетуге, көңіл-күйді көтеруге, депрессияны болдырмауға көмектеседі. Сонымен қатар, фитнес денсаулық сақтау жүйесіне оң әсер етеді, себебі ол жүрек-қантамыр жүйесін нығайтып, метаболизмді жақсартады. Адамның физикалық және психологиялық жағдайына әсер ететін спорттық сауықтыру фитнесі бүгінгі күнде салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады[3].

Кәсіби маман болуға қойылатын талаптар

Спорттық сауықтыру фитнесі саласында маман болу үшін бірнеше негізгі талаптарды орындау қажет. Ең алдымен, маманның жоғары білімі мен арнайы дағдылары болуы керек. Оқу бағдарламалары спорттық физиология, денсаулық сақтау, биомеханика және психология сияқты салаларға негізделеді. Мамандар арнайы оқу орындарында немесе курстарда білім алып, фитнес нұсқаушысы немесе жаттықтырушы сертификаттарын алу қажет. Сонымен қатар, теориялық білімнің практикамен үйлесуі, тәжірибелік дағдыларды меңгеру маңызды.

Екінші талап - физикалық дайындығы. Спорттық сауықтыру фитнесі маманының өз денсаулығы мен физикалық дайындығы жоғары болуы тиіс. Бұл оның клиенттеріне үлгі болуына мүмкіндік береді. Мамандар өздерінің физикалық жағдайын үнемі бақылап, жаңа жаттығу әдістерін үйреніп, жеке дайындығын жақсартуы керек.

Психологиялық аспектілер де маңызды. Маман мотивацияны дұрыс басқару, клиенттердің көңіл-күйін бақылау және олардың психологиялық жағдайына назар аудару қажет. Клиенттермен қарым-қатынаста эмоциялық интеллекті жоғары мамандардың жұмысы тиімді болады.

Сонымен қатар, құқықтық және этикалық талаптар да сақталуы тиіс. Спорттық сауықтыру фитнесі қызметкерлері өз жұмысында моральдық және құқықтық нормаларды ұстануы керек. Бұл олардың клиенттеріне құрметпен қарауын, адалдық пен жауапкершілікпен қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді[4].

Спорттық сауықтыру фитнесі мамандарының кәсіби дамуы

Спорттық сауықтыру фитнесі саласындағы мамандардың кәсіби дамуы қазіргі заман талаптарына сай болуы қажет. Бұл сала үнемі жаңарып, жаңа ғылыми зерттеулер мен әдістерді енгізумен ерекшеленеді. Сондықтан мамандардың білімін үнемі жаңартып отыруы өте маңызды. Кәсіби даму үшін түрлі курстар мен тренингтерге қатысу, жаңа фитнес әдістерін меңгеру - мамандардың жұмысын жақсартудың тиімді жолы[5].

Жаңа трендтер мен технологиялар фитнес индустриясында жылдам өзгеріп отыр, мысалы, жаңа жаттығу әдістері, диеталық бағдарламалар немесе сауықтыру технологиялары. Мамандар осы жаңалықтарды білу арқылы клиенттеріне тиімді қызмет көрсете алады. Қазіргі уақытта онлайн курстар мен семинарларға қатысу, халықаралық тәжірибелерді зерттеу, сондай-ақ түрлі сертификаттаудан өту үлкен маңызға ие.

